



Мектеп жағдайында  
АҚТҚ-ның алдын алу  
Оқытушыларға арналған құрал

Алматы  
2009 жыл



УДК 373  
ББК 74.26  
И 41

## КАЗАКСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРАЛІГІ БЕКІТКЕН

### ПІКІР ЖАЗҒАҢДАР:

- А. Ә. ЖАЙТАПОВА,** Білім беру жүйесінің басшы және ғылыми-педагогикалық кадрлар біліктілігін арттыратын Республикалық институт директорының оқу-әдістемелік жұмысы жөніндегі орынбасары, п.ғ.д., профессор
- М. Қ. САПАРБЕКОВ,** Алматы мемлекеттік дәрігерлер білімін жетілдіру институтының эпидемиология кафедрасының профессоры, м.ғ.д., профессор.

### АВТОРЛЫҚ ТОП:

- Л. А. ДОРОЖКИНА** Білім беру жүйесінің басшы және ғылыми-педагогикалық кадрлар біліктілігін арттыратын Республикалық институт директорының тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары, ББЖ КБАРИ доценті, жетекші
- М. Е. ДЕМЕУОВА** Ы.Алтынсарин атындағы ҰБА тұлғаны тәрбиелеу және әлеуметтендіру Орталығының директоры, ә.ғ.к.
- В. Ю. БАЙСҮГІРОВА** ҰСӨСҚО алдын алу бағдарламалар бөлімінің меңгерушісі
- М. М. ПЛОТНИКОВА** Алматы қаласының ЖҚТБ орталығының алдын алу жұмыстары бөлімінің меңгерушісі
- Л. М. РЯЗАНОВА** «Тең-Теңімен» ҚБ бағдарламалары үйлестірушісі
- А. И. ҚҰСАЙЫНОВА** ББЖ КБАРИ интернат ұйымдары орталығының меңгерушісі

### РЕДАКТОРЛАР

ДОРОЖКИНА ЛЮБОВЬ АНАТОЛЬЕВНА  
МАХАНБЕТОВА АҒИМА ӘБІЛҚЫЗЫ

### ҚАЗАҚ ТІЛІНЕ АУДАРҒАН - А. Ә. МАХАНБЕТОВА

Құрал ЮНЕСКО-ның қаржылық және техникалық көмегімен жарық көрді.

Осы құралда пайдаланылған немесе берілген материалдар қандай да бір елдің, аумақтың, қаланың немесе ауданның, болмаса олардың басқару органдарының құқықтық статусына қатысты қандай болмасын ойлар ЮНЕСКО-ның пікірін білдірмейді.

Авторлар осы Құралдың мазмұнында жинақталған және берілген фактілерге және ЮНЕСКО-ның көзқарасымен үйлесе бермейтін пікірлерге де жауапкершілікті өз мойнына алады.

Суреттерді ЮНЕСКО-ның Кластерлік Бюросы мен Орта Азияда ЖҚТБ-ны бақылау жобасының қарым-қатынас пен стратегия бойынша Үйлестірушісі Андрей Сидорин ұсынған.



# МАЗМҰНЫ

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым вице-министрі К.Н.Шәмшидинованың алғы сөзі .....	4
Алғы сөз .....	5
Алғыс .....	7
Кіріспе .....	8
Құралды пайдалану жөніндегі ұсыныстар .....	11
Оқытудың жалпы қағидалары. Интерактивті оқыту әдістері .....	17
<b>1 Модуль.</b> Қазақстандағы АҚТҚ мен ЖҚТБ: аңыз бен шындық .....	26
<b>2 Модуль.</b> АҚТҚ-ның берілу жолдары .....	33
<b>3 Модуль.</b> АҚТҚ-ның адамның қорғаныш жүйесіне әсері .....	37
<b>4 Модуль.</b> АҚТҚ және есірткі .....	44
<b>5 Модуль.</b> Жауапты мінез-құлық - АҚТҚ-дан қорғану .....	49
<b>6 Модуль.</b> АҚТҚ, ЖҚТБ және қоғам. Стигматизация мен кемсітушілік .....	59
<b>7 Модуль.</b> АҚТҚ, ЖҚТБ және адам құқықтары .....	64
АҚТҚ- жағымды балалар .....	71
Жетім және ата-ананың қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған білім беру ұйымдарында АҚТҚ-ның алдын алудың ерекшеліктері .....	76
«Тең-Теңімен» қағидасы бойынша жұмыс .....	84
Ата-аналармен жұмыс .....	89
Оқыту бағдарламаларының мониторингі және бағалау .....	95
Бүкіл әлемдік ЖҚТБ-мемориал .....	99
Сөздік.....	103
Қысқартулар тізімі .....	107
Пайдаланылған әдебиеттер .....	108
Оқыту модульдеріне қосымшалар .....	110



## ҚҰРМЕТТІ ҰСТАЗДАР!

Мектеп жағдайында АҚТҚ-ның алдын алу бойынша оқытушыларға арналған бұл басшылық әлемдегі, Орталық Азиядағы және Қазақстан Республикасындағы бүгінгі жағдайларды және біздің республикамыздың білім беру жүйесіндегі өзгерістерді есепке ала отырып, ЮНЕСКО-ның техникалық және қаржылай қолдауымен қайта жазылды.

Өкінішке орай, статистикалық көрсеткіштер ересектерді, жастар мен жасөспірімдерді, тіпті кіші жастағы балаларды да аямайтын АҚТҚ індетінің залалды әсерін біздің еліміз басынан кешіп отырғанын байқатады.

АҚТҚ мен ЖҚТБ-ға қарсы дәрі жоқ жағдайда алдын алу білімін беруге үлкен рөл берілетіні белгілі. Республика мектептерінде 3 миллионға жуық оқушылар оқиды. Білім беру жүйесінің ең басты міндеттерінің бірі – оларға өздерін АҚТҚ-дан қорғауға көмектесу.

Бұл міндет оқушылармен алдын алу жұмыстарын жүргізуге педагогикалық мамандар даярланып, алдын алу білімдерін беру үрдісі әдістемелік лайықты қамтамасыз етілген жағдайда ғана шешілуі мүмкін.

Қазіргі уақытта республиканың білім беру ұйымдарында ЮНЕСКО, ЮНИСЕФ, Ғаламдық қор және басқа да үкіметтік емес ұйымдардың қолдауымен білім беру ұйымдары мамандары жазған және жарыққа шығарған мұғалімдер үшін әдістемелік құралдар мен басшылықтар, ақпараттық және анықтамалық әдебиеттер, өмір дағдылары негізінде оқушыларда жауапты мінез-құлықты қалыптастыруға арналған аудио-визуальді құралдар бар.

Осының өзінде оқушылармен алдын алу жұмыстарын әдістемелік қамтамасыз ету өте жеткіліксіз, қолда бар құралдар мен басшылықтар қоғамдағы барлық үрдістердің даму динамикасын, уақыт талабын есепке ала отырып, қайта қарауды және толықтыруды қажет етеді.

Осыған сәйкес мектеп жағдайындағы АҚТҚ-ның алдын алуға байланысты оқытушыларға арналған Басшылыққа өзгерістер енгізілді.

Осы құралға «АҚТҚ- жағымды балалар» және «Интернат ұйымдарындағы оқушылармен алдын алу жұмыстарын жүргізудің ерекшеліктері» тақырыбындағы арнайы бөлімдердің енгізілуінің маңызы зор.

Құрал мектептер мен интернат ұйымдарында АҚТҚ-ның алдын алу жұмыстарын жетілдіруге ықпал етеді деп үміттенеміз. Сонымен бірге, Құралды колледж, кәсіптік мектептер мен лицейлер оқытушылары, қосымша білім беру әдіскерлері мен педагогтары және әрине, ата-аналар да пайдалана алады.

Құрметті әріптестер, зор денсаулық, амандық, біздің жастарымызға алдын алу білімі мен тәрбие беру ісінде баршаңызға табыс тілеймін

Қазақстан Республикасы  
Білім және ғылым вице-министрі  
К.Шәмшидинова



## АЛҒЫ СӨЗ

2008 жылы 26-27 наурызда Алматы қаласындағы Білім беру жүйесінің басшы және ғылыми - педагогикалық кадрлары біліктілігін арттыратын Республикалық институтында Қазақстан Республикасы білім және ғылым министрлігі мен ЮНЕСКО Кластерлік офисі арасындағы келісімге сәйкес, ЮНЕСКО-ның техникалық және қаржылық қолдауымен мектеп жағдайындағы АҚТҚ-ның алдын алуға байланысты оқытушыларға арналған Басшылықты қайта қарау және өзгерістер мен толықтырулар енгізу жөнінде Республикалық семинар өткізілді.

Аталған семинардың мақсаты мектеп жағдайындағы АҚТҚ-ның алдын алу бойынша оқытушыларға арналған Басшылықты қайта толықтыру болды.

### *Семинардың міндеттері:*

- ✓ Басшылық бойынша оқытушылардың тәжірибелік жұмыстарымен таныстыру.
- ✓ Басшылықтың қайта жазылуының мазмұнын анықтау.
- ✓ Басшылыққа өзгерістер мен толықтырулар енгізуге байланысты жұмыс тобын анықтау.
- ✓ Басшылықты қайта жасауға байланысты жұмыс тобына ұсыныстар дайындау

Семинар жұмысына 26 адам, оның ішінде осы Басшылық бойынша 2 жылдай жұмыс жасаған Қазақстанның барлық аймағындағы мектеп мұғалімдері, білім беру жүйесінің басшы және ғылыми-педагогикалық кадрлары біліктілігін арттыратын Республикалық институт мамандары, республикалық ЖҚТБ орталығының мамандары, салауатты өмір салтын қалыптастыру мәселелері Ұлттық орталығының, Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім Академиясының мамандары, ЮНЕСКО, PSI, «Тең-Теңімен» ҚБ, АҚТҚ-мен өмір сүруші адамдардың қазақстандық Қауымдастығы, Жыныстық және репродуктивті денсаулық бойынша қазақстандық Қауымдастығының (КМПА) өкілдері қатысты.

Семинар барысында қатысушылар АҚТҚ мен ЖҚТБ індеттерінің әлемде, Орталық Азия мен Қазақстанда таралу жағдайларымен танысып, АҚТҚ мен ЖҚТБ індеттерінің алдын алудағы білім беру жүйесінің рөлін, өмірлік дағдыларды қалыптастыру негізіндегі оқушылармен алдын алу жұмыстарын ұйымдастыру, сондай-ақ АҚТҚ мен ЖҚТБ-дан зардап шеккен балаларды қолдау мәселелерін талқылады. Сонымен бірге білім және ғылым министрлігінің Қазақстан Республикасында ЖҚТБ індетіне қарсы тұрудың 2006-2010 жылдарға

арналған іс-шараларын жүзеге асыру жолдары, білім беру ұйымдарының ҰЕҰ-мен ынтымақтастығы мәселелері жайлы ой бөлісті. Семинар қатысушылары Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім Академиясы мамандарының оқушылар арасында жүргізген олардың АҚТҚ мен ЖҚТБ туралы ақпараттануын және





жауапты мінез-құлық дағдыларының қалыптасу деңгейлерін анықтауға арналған әлеуметтік зерттеу мәліметтерімен танысты. Семинарда интернат ұйымдарындағы оқушылармен алдын алу жұмыстарын жүргізу мәселесіне ерекше мән берілді.

Қазақстанның барлық аймақтарынан келген оқытушылар аталған Басшылық бойынша оқушылармен жүргізілген алдын алу жұмыстарының, сондай-ақ, АҚТҚ мен ЖҚТБ міндетті оқу пәндеріне кіріктіру мәселелері туралы тәжірибелерімен бөлісті.

Мектепте АҚТҚ мен ЖҚТБ-ның алдын алу бойынша оқытушыларға арналған аталған құралдың мазмұнын талқылай отырып, семинарға қатысушылар Басшылыққа, сондай-ақ оны қайта дайындайтын техникалық топ құрамына өзгерістер енгізу туралы өз ұсыныстарын білдірді.

Аталған семинардың қорытындысында, сіздердің назарларыңызға мектеп жағдайында АҚТҚ-ның алдын алу бойынша оқытушыларға арналған осы Құрал ұсынылды.

Құралда оқушылармен жұмыста оқытушыларға қажетті АҚТҚ мен ЖҚТБ індеті бойынша мәліметтер және толық ақпараттар берілген.

Теориялық және ақпараттық материалдармен қатар, Құралда оқытушы оқушылармен практикалық жұмыста пайдаланатын үйретуші модульдер, сондай-ақ сөздік, қысқартулар және пайдаланылған әдебиеттер тізімі берілген.

Құрал балалар, жасөспірімдер және жастармен жұмыста оқытушыларды тиімді интерактивтік оқу әдістерін пайдалануға бағыттайды.

Бүгінгі күні, біздің елімізде демократияландыру үрдісі жүріп жатқан кезде аталған Құрал мазмұнында АҚТҚ мен ЖҚТБ, адам құқығы мәселелеріне басым мән берілетіндігі маңызды.

Осы Құралда интернат ұйымдарында алдын алу жұмыстарын ұйымдастыру мәселелеріне жол көрсетілетіндігінің мәні зор. Сонымен бірге, мұнда «Тең-Теңімен» қағидасы бойынша жұмыс бөлімі берілген.

Құрал жалпы орта мектеп, жетім-балаларға арналған мектеп-интернат оқытушыларына арналған.





## АЛҒЫС

Біз Алматы қаласындағы ЮНЕСКО Кластерлік офисіне, оның басшысы Тарье Виртанен ханымға, АҚТҚ мен ЖҚТБ бойынша маманы Ли Галинаға осы Басшылықты қайта өңдеу мен толықтырулар енгізуге қолдау көрсеткені үшін алғысымызды білдіреміз.

Біз Мектеп жағдайындағы АҚТҚ-ның алдын алу бойынша оқытушыларға арналған Басшылықты қайта өңдеу және толықтыру бойынша Республикалық семинарға қатысушы Білім беру жүйесі басшы және ғылыми-педагогикалық кадрлары біліктілігін арттыратын республикалық институты, Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім Академиясы, ЖҚТБ республикалық оралығы, Ұлттық салауатты өмір салтын қалыптастыру орталығы, ЮНЕСКО, PSI, «Тең-теңімен» ҚБ, АҚТҚ-мен өмір сүруші адамдардың Қазақстандық ассоциациясы, Жыныстық және репродуктивті денсаулық бойынша қазақстандық ассоциациясының (КМПА) өкілдеріне алғысымызды білдіреміз.

Біз осы Басшылықтың мазмұнымен мұқият танысып, оны жетілдіруге байланысты авторлық топтың ықыласпен қабылдап, есепке алған ұсыныстарын білдірген, зор еңбек көрсетіп пікір жазған ғалымдарға рахмет айтамыз.

# КІРІСПЕ







## КІРІСПЕ

АҚТҚ індетінің таралуының алдын алу мәселесінің маңыздылығы әлемде осы індетпен өмір сүруші адамдардың санының артуымен анықталады. Індеттің таралуы кең ауқымды ала бастады, бұл жағдай осы мәселемен айналысатын мамандардың ғана емес, әр адамның жұқтыруы мүмкін қауіптілігін сезінетін қоғамның бір бөлігінің алаңдаушылығын туғызуда.

Зардаптарының шегі жоқ бұл аурудың күрделілігі тұрақты даму-дың барлық аспектілеріне – кедейлік деңгейін төмендетуге, озат технологияларға жетуді кеңейтуге, адамдардың денсаулығын жақсартуға, адам құқығы мен барлығы үшін білім беруге зардабын тигізеді. Ол миллиондаған адамдардың өміріне және болашағына жағымсыз әсер етеді. АҚТҚ мен ЖҚТБ әлемдегі әр түрлі елдердің даму айырмашылықтарын және байлар мен кедейлер арасындағы теңсіздікті тереңдетеді. ЖҚТБ тек жеке бір елге емес, бүкіл адамзатқа, бүкіл әлемге қауіп-қатер туғызады.

*Адамның ағзасында АҚТҚ-ның көбеюін тоқтатып тұратын көптеген медициналық дәрі-дәрмектер (қоздырғыштарға қарсы терапия емдеу) бар болса да, әзірге адам ағзасында қоздырғышты түгел жоятын дәрі табылған жоқ. Осы уақытқа дейін АҚТҚ-ны жұқтыру қаупінің алдын алатын дәрі жоқ.*

Қалыптасқан жағдайда тиімді жолы превентивті білім дарға қауіптің бар екендігі алудың жолдарын үйретуі тиіс. Дегенмен бұл да көбіне адамның мінез-құлқын өзгертуге жеткіліксіз болып табылады. Адамдардың ділі мен мәдениетін өзгерту, олардың бойында мәселеге қатысты қарым-қатынасты тәрбиелеу, дағдыларға оқыту және ауру қаупі мен әлсіздік деңгейін төмендетуге ынта-ықыластарын қолдау, сондай-ақ АҚТҚ-мен өмір сүруші адамдарға толеранттылықпен қарым-қатынас жасауды қалыптастыру керек.

Ауруды жұқтыру мен таралу қаупін төмендету үшін әр адамға АҚТҚ мен ЖҚТБ, олардың берілу жолдары туралы кеңірек мағлұмат берілуі, өз қаупін бағалауды білуі, қауіпті жағдайлардан аулақ болып, өзі мен жақындарын қорғауды үйренуі тиіс.

Алдын алу жұмыстарын жүргізуге ең басымдылық берілетін топ 10 мен 25 жас аралығындағылар болып табылады, себебі олардың көп бөлігін мектеп арқылы алдын алу білімдерімен қамтуға болады.



2008 жылдың 1 шілдесіне қарай республикада АҚТҚ жұқтырғандардың саны 10601 адамға жетті, бұл 100 мың тұрғынға – 59,6 көрсеткіш. (01.01.2008ж. АҚТҚ жұқпасынан қайтыс болғандардың санын алып тастағанда). 14 жасқа дейінгі балалар арасында таралудың жоғары көрсеткіші 100 мың бала санына – 9,3 Қарағанды облысында байқалады.

АҚТҚ жұқпасының таралуы мінез-құлыққа байланысты болғандықтан, алдын алу білімінде маңызды орын тәрбие беру мен оқытуға беріледі. Осыған байланысты педагогтің, оның кәсіби шеберлігінің рөлі арта түседі.

Аталған құрал оқытушыларға мектептер мен интернат ұйымдарында балалар және жасөспірімдермен алдын алу жұмыстарын өткізуде көмек беруге арналған.

## ҚҰРАЛДЫ ПАЙДАЛАНУ ЖӨНІНДЕГІ ҰСЫНЫСТАР





## ҚҰРАЛДЫ ПАЙДАЛАНУ ЖӨНІНДЕГІ ҰСЫНЫСТАР

**Б**ерілген әдістемелік құралда АҚТҚ індетінің таралуының алдын алу бойынша оқушылар мен жастар арасындағы жұмыста оқытушылар қолдану үшін оқыту модульдері, бөлімдері және қосымшалар берілген.

*Сабақты өткізуге кіріспестен бұрын оқытушыға мыналар қажет:*

- Оқытушы модульдерді оқып-үйрену;
- Құралда және қосымша бөлімдерінде ұсынылған материалдармен танысу;
- Әрбір сабақтың мазмұнын анықтау;
- Сабақты өткізуге қажетті материалдар мен құралдарды дайындау;
- Әрбір сабақты ұйымдастыру түрлері мен әдістерін таңдай білу;
- Күтілетін нәтижені анықтау;
- Қатысушылардың белсенділік деңгейін анықтауға және сабақ нәтижелерін талдауға дайын болу.

*Оқытушы үшін оқытудың мақсаттары мен міндеттерін нақты айқындау, оқушыларға бірыңғай талаптар қою, кері байланысты жүзеге асыру аса маңызды.*

*Әрбір модульдің құрамына мыналар кіреді:*

- Сабақтың тақырыбы;
- Шолу (сабақтың қысқаша мазмұны);
- Мақсаттары мен міндеттері;
- Жабдықталуы;
- Сабақ барысы (кезеңдер бойынша);
- Кері байланыс.

*Сабақ өткізу барысында оқытушыға мынадай нұсқаулар беріледі:*

- Тілектестік, адалдық, шығармашылық жағдай туғызу;
- Үлкен және кіші топтағы қатысушыларды марапаттау.
- Қатысушыларға сабақ барысында сақталуы тиіс іс-қимыл ережелерін белгілеуге мүмкіндік беру;

- Қатысушылардың оң тілектерін қолдау және оны білдіруді қамтамасыз ету;
- Әр қатысушымен қарым-қатынас туғызу және қолдау көрсету;
- Қатысушылар өздері үшін түсінгісі келетін мәселелерді анықтау, оны шешуге көмектесу;
- Әрбір қатысушыға жеке пікірін айтуға мүмкіндік беру;
- Сұрақтарға сыни және ашық түрде жауап беру;
- Топтың ұсыныстарын, алдыңғы сабақтардың жауаптарын, көңіл-күйін немесе сұрақтарын әрі қарай оқыту үшін есептеу нүктесі ретінде пайдалану;
- Топ талаптарына мұқият болу. Әрбір топ әртүрлі құнды сапалар мен талаптары жинақталған бірден-бір тұлғалық қасиеттерге ие.

*Барлық жаттығу сабақтарының материалдары әрбір қатысушыны қамтып, оларға жақсы ақпараттық және үйрену базасы ретінде болғаны маңызды. Осыларды сақтағанда, оқытушы топтың /сыныптың/ тапсырмаға ынталы болуына көмектеседі.*

*Бұл үшін оқытушы мыналарды ескеруі керек:*

- Әрбір тақырыпты өмірдегі нақты мысалдармен және алдыңғы тақырыптармен байланыстыру;
- Берілетін тапсырмаларға қатысты ойлануға шақыратын сұрақтар қою. «Иә/жоқ» деген жауаптары бар сұрақтарды қолданбау;
- Оқушылардың барлық іс-әрекеттеріне түсінікті нұсқаулар беру;
- Сабақ мазмұнына ынталы болу;
- Әрбір сабақтың соңында алған білімдерді жинақтау.
- Сабақ уақытында туындаған ұсыныстар мен идеяларды біртұтас біріктіру, барлық сабақтарға басынан аяғына дейін тұжырым жасау.

Құралды әзірлеу барысында оқытудың негізгі қағидалары – ғылымилық, өзара байланыс, тұрмыстық



дағдыларын қалыптастыру, қызығушылық, үздіксіздік, қол жетерлік, көрнекілік, аймақтық және басқа қағидалар сақталған.

**Ғылымилық қағида**сы — оқу үрдісінде пайдаланылатын фактілер, оқиғалар, нәтижелер ғылыми тұрғыдан дәлелденуі және негізделуі тиіс кезде болады.

**Өзара байланыс қағида**сы — өмірмен тығыз байланысты нақты мысалдармен көрсету.

**Өмірлік дағдыларын қалыптастыру қағида**сы—балаларда дұрыс шешім қабылдау, қатар-құрбы басымдылығына қарсы тұру, қатынас дағдыларын іскерлікпен қалыптасуын топшылайды.

**Қызығушылық қағида**сы — оқытудың қажетті әдістері мен формаларын пайдалану және солар арқылы оқушыларда қызығушылық, өз денсаулығына жауапты қарау сезімдерін тәрбиелеу.

**Қол жетерлік қағида**сы — мұғалімнің ақпарат көлемін балалар мен жеткіншектердің жас ерекшеліктерін ескере отырып жобалауы, ерекше терминдерді, түсініктер мен заңдарды жеткілікті және түсінікті тілде қабылдау мүмкіндігін ескере отырып, түсіндіруі тиіс екендігінде.

**Аймақтық қағида**сы — бұл қалада немесе ауылда тұрудың тұрмыстық дәстүрлерін, салттарын, ділі мен жағдайларын ескеру, сондай-ақ жергілікті жерде оқушылардың салауатты өмір салтын ұйымдастыруға байланысты сол аймақтың ерекшеліктерін ескеру.

Жоғарыда келтірілген қағидаларды кешенді түрде, бір-бірімен тығыз байланыста жүзеге асырған тиімді.

Оқытушылар оқытудың мақсаттары мен міндеттерін, әдістері мен тәсілдерін, ақпарат көздерін сауатты пайдалануы тиіс.

Білім беру ұйымдарының жұмысында келесі *мақсаттар мен міндеттер* басым анықталуы тиіс:

**1** Оқушыларға АҚТҚ жұқпасының берілу жолдары және алдын алу шаралары жөнінде анық, дәл ақпарат беру;

**2** Оларда қауіпсіз мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру;

**3** Алған ақпараттарын өз құрдас-тарына жеткізудің әдістері және тәсілдерін оларға үйрету;

**4** Балаларды АҚТҚ-мен зақымданған адамдар бар қоғамда өмір сүру мен еңбек етуге үйрету.

Оқытушылар оқу үрдісінде психологиялық-педагогикалы білімдерді пайдалана және қолдана білуі, ақпаратты алу және жинақтау үрдісін, олардың адамдардың мінез-құлқына және қатынасына әсерін білуі, мектеп пен қоғамның өзара байланысы мүмкіндігін пайдалана білуі тиіс.

*Жоғарыда аталған мақсаттар мен міндеттерді жүзеге асыру үшін мыналар қажет:*

- Өртүрлі, әсіресе интерактивті жұмыс түрлерін пайдаланып, оқушылардың АҚТҚ-ның алдын алу жөніндегі білімдерін тұрақты түрде жетілдіру.
- Оқушылардың шығармашылық ойын жетілдіру, адамның іс-әрекетінің денсаулыққа келтіретін зардаптарын көре білу шеберлігін қалыптастыру (талдау және салыстыру, себептерін анықтау, бағалау және болжамдау).
- АҚТҚ-ға қарсы тұрудың айқын ұстанымын, өз денсаулығына жауапкершіліктерін қалыптастыру.

*Табысты оқытуға қажетті жағдайлар:*

- оқушының білім алуға әзірлігі;
- оқытудың әртүрлі үлгілері мен әдістерін қолдану;
- білімді бекіту үшін қайталау;
- оқу үрдісінің нақты өмір жағдайына сөйкестігі;
- оқытушының оқушы іс-әрекетін теріс пікірсіз, тепе-тең, дер кезінде бағалауы.

Бұған дейін атап көрсетілгендей, сабақты табысты өткізу үшін оқытушы интерактивті әдіске басымдық бере отырып, оқытудың әртүрлі *әдістері мен тәсілдерін* қолдануы тиіс:

Сабақтың басында танысу әдістері - (тұсаукесер, алғашқы таныстыру, т.с.с.).

Дәріс оқу - дәріскер мен тыңдаушылардың арасындағы нақты тақырыпта баяндалған материал.



Топпен талқылау – жүргізуші мен қатынасшылар арасындағы ауызша пікір алмасу. Талқылау оқушыларға өз ойларын ортаға салуға, бір тақырып төңірегінде алған әсерлерімен бөлісуге мүмкіндік береді.

Жағдайды ойынмен көрсету - тұрмыстық проблеманы шешу кезеңінде өзін әртүрлі рөлде елестету.

Оқытушы рөлінде сөйлеу - өз құрдастарына кеңес беру және оқыту арқылы материалды қабылдаудың тиімді тәсілі.

*Бұдан басқа жұмыстың мына түрлерін пайдалануға болады:*

1. Сергіту, психологиялық және денелік кедергілерді алу мақсатында қолданылады;
2. «Ой шабуылы» - қойылған сұрақтарға берілген оқушылар жауаптарының кез-келген нұсқасы.
3. «Сарапшылар» - талқыланған сұрақтар бойынша шақырылған мамандар (нарколог, ЖҚТБ-ның алдын алу және онымен күрес жүргізу орталығының маманы, т.б.)
4. Сұрақ - жауап (бақылау) - оқушылардың ақпараттануын тексеру.
5. Оқушылар топтарымен нақты талқыланатын, жағдайларды көрсететін суреттермен жұмыс.
6. Құндылықты анықтау - жалпы адамзаттық құндылыққа қатысты берілген сұраққа оқушылардың жеке көзқарастарын талқылау.

## МОДУЛЬДЕР:

### 1. Қазақстандағы АҚТҚ мен ЖҚТБ. Аңыз бен шындық.

Аталған модульде АҚТҚ мен ЖҚТБ-ның Қазақстанда таралу тарихы, жұқпаланған аурулар санының статистикалық мәліметтері, біздің еліміздегі АҚТҚ, ЖҚТБ-ның алдын алу және онымен күрес жолдарының жағдайы көрсетілген.

### 2. АҚТҚ-ның берілу жолдары

Аталған модульде АҚТҚ жұқпасының берілу жолдары, жұқпалануға

қатысты қауіпті мінез-құлық ұғымы және АҚТҚ-ның берілмейтін жолдары туралы айтылады.

### 3. АҚТҚ-ның адамның қорғаныш жүйесіне әсері

Аталған модульде адамның қорғаныш жүйесі ұғымы, АҚТҚ-дан туындайтын қорғаныш тапшылығының дамуы, оппортунистік жұқпалар туралы түсінік беріледі. «АҚТҚ жұқпасы» және «ЖҚТБ» ұғымдарына анықтама берілген.

### 4. АҚТҚ және есірткі

Аталған модульде есірткіні тамырға егу арқылы қабылдау және АҚТҚ-мен жұқпаланудың арасындағы байланыс көрсетіледі; «нашақорлық», «тәуелділік» ұғымдары ашылады; құрбы-құрдастарының қысымына қарсы тұру дағдыларының қалыптасуына, есірткіге «ЖОҚ» деп айтуға үйренуіне баса назар аударылады.

### 5. Жауапты мінез-құлық - АҚТҚ-дан қорғанудың жолы.

Аталған модуль жыныстық өмірді бастау уақытын алыстатуға, өзін АҚТҚ-дан қорғауға, ерте жыныстық қатынастарға «ЖОҚ» деп айтуға көмектесетін өмірлік маңызды дағдыларды қалыптастыруға ықпал етеді.

### 6. АҚТҚ, ЖҚТБ және қоғам. Стигматизация мен кемсітушілік.

Аталған модульдің міндеті АҚТҚ жұқтырған және ЖҚТБ-мен ауыратын адамдарға гуманды қарым-қатынасты тәрбиелеу болып табылады, “стигматизация”, “кемсітушілік” ұғымдарына түсінік беріледі. АҚТҚ мен ЖҚТБ-ның қоғам дамуына жағымсыз әсері ашып көрсетіледі.



## 7. АҚТҚ, ЖҚТБ және адам құқықтары.

Модульде АҚТҚ-ның таралуындағы құқық қорғау қызметінің әсері көрсетіледі, АҚТҚ мен ЖҚТБ жағдайындағы адам құқығына түсінік беріледі, адам құқығы бойынша негізгі халықаралық міндеттемелер көрсетілген.

Аталған модульдер бойынша білім беру мектепте оқытылатын пәндермен өзара тығыз байланысты жүргізілген жағдайда тиімді болады. Мектеп жағдайында АҚТҚ-ның алдын алу туралы білімдердің негізгі бөлігі сыныптан тыс, сабақтан тыс жүргізілетін тәрбие жұмыстары арқылы беріледі. Сондай-ақ бұл білімдер мектепте балалар оқитын барлық пәндерден көрініс табуы керек. Бұл аталған материалды өзекті етіп қана қоймай, оқу пәндерін кіріктіріп, оқу мен тәрбиенің ажырамас байланысын нығайтады.

*АҚТҚ–ның алдын алу сұрақтарын төмендегі пәндердің мазмұнында қарастыруға болады:*

- қазақ тілі және әдебиеті, орыс тілі мен әдебиеті (шығарма – эссе, мазмұндама, диктант, әңгіме, жағдаяттар құрау т. б.);
- математика (есептердің шарттарында мәселелерді қарастыру);
- тарих және география (індеттің дүниежүзінің әр түрлі елдерінде таралу тарихы);
- анатомия және адам физиологиясы, биология, валеология, психология (адамның қорғаныш жүйесі, қан айналу жүйесі, миы, торлар құрамы, жеке гигиена, күйзеліс психологиясы, жұқпалы аурулар және оларды, қоздырғыштар, жыныс жолымен берілетін аурулар т.с.с.);
- химия (ферменттер, химиялық элементтерге түсінік т.с.с.);
- бейнелеу өнері (берілген тақырыпқа плакаттар, суреттер байқауы, оларда АҚТҚ мен ЖҚТБ-ға

көзқарасын бейнелеуі т.с.с.);

- мемлекет және құқық негіздері (адам құқықтары, кемсітушілік, АҚТҚ мен ЖҚТБ мәселелерінің заңдарда көрініс табуы т.с.с.);
- дене тәрбиесі (тәндік даму, гигиена, шынығу, салауатты өмір салтын қалыптастыру және т.б.);
- сыныптан тыс іс-шаралар (тақырыптық кештер, би кештері, байқаулар, акциялар, пікір-таластар, дебаттар, сұрақ-жауап, КВН, сахналық көріністер т.б.);
- Информатика – Интернет жүйесінен деректі ақпараттарды іздеу, презентациялар құру және т.б.

Көп адамдар мектеп бағдарламасы әр түрлі бағыттардағы материалдармен шектен тыс толтырылған деп есептейді. Шындығында пәндерді кіріктіру түрлі сұрақтарды талқылауға уақыттың оңтайлы бөлінуін жеңілдетеді. Бүгін көп жағдайда оқушылар мен оқытушылар арасындағы қарым-қатынас өзара сенімге, сыйластыққа және қолдауға негізделіп құрылған. Оқушыларға әр түрлі мәселелерді талқылауға, қызықтыратын сұрақтарды қысылып-қымтырылмай қоюға қолайлы мүмкіндіктер жасалған.

Мектепте үйлесімді, жетілдірілген және бірнеше білім салаларын, оның ішінде қоғамдық маңызы бар мәселелер мен сұрақтарды қарастыратын ғылымдарды қамтитын кіріктірілген жақсы бағдарлама болуы қажет.

Осыған байланысты әр пәннің оқытушылары мектеп пәндеріне енгізуге мүмкін болатын АҚТҚ мен ЖҚТБ мәселелері туралы материалдардың мазмұнын бірге анықтауды мақсат етулері керек.

Кейін сабақтарды жүргізу барысында оқытушылар өздері жасаған нұсқауларды талдап, кемшіліктерді анықтап, оларды жояды, қажетті сәттерге назар аударады. Осы үрдісті тездету үшін оқытушыға кіріктірудің сұрақтарын жоспарлаудың ең бастапқы кезеңінен бағалау және мониторингке дейін анықтап алғаны жөн.



Сонымен қатар АҚТҚ-ның алдын алуды мектеп пәндеріне кіріктірудің кейбір кемшіліктері бар екенін де ескеру керек:

- Қазіргі мектеп пәндерінің мазмұны және оқушылардың іс-әрекеттеріне қатысты жүктемесі өте салмақты, осыған байланысты АҚТҚ мен ЖҚТБ-ның алдын алу мәселесін оқытуға уақыттың жетіспеуі мүмкін;
- Кейбір жағдайларда мектеп әкімшілігі мен оқытушылар тарапынан АҚТҚ-ның алдын алу жұмыстарын оқушылармен жүргізудің қажеттілігін түсінбеушіліктер байқалады;
- Оқытушылар қажетті оқу-әдістемелік құралдардың тапшылығын сезінеді;
- Ата-аналар тарапынан алдын алу білімінің енгізілуіне қарсылық жағдайлары кездеседі.

Қандай жағдайда да АҚТҚ-ның алдын алуды мектептің әр түрлі пәндеріне кіріктіруді анықтауда келесі мақсаттар мен міндеттерді басшылыққа алу керек:

- Қалыпты мінез - құлыққа қажетті өмірлік дағдыларын дамыту;
- Жеке шектеулерді түсінудегі оқушылардың еркіндігін марапаттау;
- Оқушылардың мінез - құлқының қалыптасуына әсерін тигізетін сыртқы кешенді факторларды талқылау;
- Өзін жетілдірудегі мәселелерді жеңуге қажетті дағдыларын арттыру;
- Денсаулықты шынықтыратын салауатты өмір салтына назар аударту.



## ОҚЫТУДЫҢ ЖАЛПЫ ҚАҒИДАЛАРЫ





## ОҚЫТУДЫҢ ЖАЛПЫ ҚАҒИДАЛАРЫ

АҚТҚ-ның таралуы жасөспірімдер мен жастардың тәуекелдік мінез-құлқының нәтижесі болып табылады, бұл оларда қауіпсіз мінез-құлық жөнінде ақпарат пен машықтардың болмауына байланысты.

Жастарға шынайы ақпаратты олар жыныстық қатынасты немесе есірткіні қолдана бастағаннан әлдеқайда ерте берудің маңызы зор. Тіпті жас адамдардың білім деңгейі біршама артқанның өзінде, бұл қауіпсіз мінез-құлықты ұстанады дегенді білдірмейді. «Білім» өз бетінше «іс-әрекетті» білдіреді деген сөз емес. Барлық алдын алу бағдарламалары балалар мен жасөспірімдерді өз білімдерін байланыстыруға, қауіп дәрежесі мен мінез-құлқын ұғынуға үйретуді көздейді.

Оқытудың дәстүрлі әдістерде (мысалы, дәрістер) егер өмірлік дағдыларды қалыптастыру бойынша жұмыстар жүргізілмесе, тиімді нәтиже бермейді. Әлемдік тәжірибе көрсеткендей, «ақпарат-уәж-мінез-құлық» ең тиімді амалдардың бірі болып табылады.

Бұл амалда жұмыстың басты әдісі тренинг болып есептеледі. Тренинг – интерактивті әдістерді қолданып жүргізілетін сабақ (ағылшын тілінен «to train» - оқыту, жаттықтыру дегенді білдіреді). Тренинг жетіспейтін ақпаратты беруге, құрдастары тарапынан кездесетін қысымға тұрақты

қарсы тұру, қауіпсіз мінез-құлық дағдыларын қалыптастыруға мүмкіндік береді. Тренинг - оқыту үрдісіне оқушыларды белсенді тартуды қамтамасыз етеді.

### Тренингке қойылатын талаптар:

- ✓ кең бөлмеге қатысушылар бір-біріне бетпе-бет отыратындай, орындықтар шеңбер етіп қойылады (тренинг шеңбері), (бұл еркін сөйлесуге, жаттығулар мен сергіту сәттерін жүргізудің ыңғайлылығына, сенімді ахуалға, қатысушылар жағынан қызығушылық пен ынтаның болуына ықпал етеді);
- ✓ тренингке қатысушылар саны 25 адамнан аспауы керек (бұл сенім ахуалын туғызатын және барлық қатысушылардың назарын тұрақты аударуға мүмкіндік беретін қатысушылар саны);
- ✓ бүкіл тренинг барысында достық көзқарастағы сенімді ахуал туғызу және қолдап отыру;
- ✓ тренингке қатысушыларды марапаттау және оған барлығының қатысуын бақылау қажет;
- ✓ оқытушы-жаттықтырушы өз пікірін таңбауы керек, сонымен қатар қатысушыларды сабақтың мақсатына жетелеуі қажет;
- ✓ оқытушы - жаттықтырушы әрбір жаттығудың уақыт шеңберін сақтауы керек;
- ✓ тренингтің бірінші сабағында “танысу” жаттығуы өткізіледі және «келісім» қабылданады (топтық жұмыс ережесі);
- ✓ теориялық материалдарды беруді интерактивті жаттығулар және сергіту сәттерімен үйлестірген жөн;
- ✓ тренингтің кез келген сабағы басталарда осы сабақтың мақсаты мен міндеті оқылып, ал сабақтың соңында қорытынды жасалады.

### Тренинг құрылымы.

Тренинг бір немесе бірнеше сабақтан тұруы мүмкін, ұзақтығы – 1 сағат, 1 күн, 7 күн және т.б. АҚТҚ-

*Егер сабақ интерактивті әдістер арқылы өткізілсе, оқушы ақпаратты тезірек игереді, яғни, ол ақпаратты алумен қатар, түсініксіз сәттерді талқылау, сұрақтар беру, дәл осы жерде алынған білімдерді бекіту, мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру мүмкіндігіне бір мезгілде ие болады.*



ның алдын алу бағдарламалары 14 сағаттан кем болмауы тиімді болады. Кез келген тренинг, қандай мақсатты қарастырмасын, әрқашанда танысу мен жұмыс ережесін жасаудан басталады.

## I КЕЗЕҢ. ТАНЫСУ.

Танысу кез келген тренингтің алғашқы сабағының қажетті бөлігі болып табылады. Қатысушылар бірін-бірі білгеннің өзінде де танысу міндетті түрде өткізіледі. Танысу топты белсенді етуге, оның қатысушыларын оқыту үрдісіне тартуға, сөйлесу дағдыларын жетілдіруге мүмкіндік береді.

Егер қатысушылар оқу үрдісінің әрі қарай жалғасуына қызығушылық білдірсе, онда танысу бөлімінің міндеті орындалды деп есептеуге болады.

### ТАНЫСУ ОЙЫНДАРЫ:

#### «Қол шапалақтау» ойыны.

Бұл ойын әр қатысушыны таныстыруға, өзін-өзі құрметтеуін арттыруға және оны топтың жұмысына белсенді араласуға тартуға мүмкіндік береді. Ойын топты біріктірудің өте қарапайым және тиімді құралы болып табылады. Гешталт - психологиямен байланысты осы ойынмен әр сабақты бастауға және аяқтауға болады.

Топ тығыз шеңбер құрады. Топтың әр мүшесі шеңбердің ортасына шығып, өз есімін қатты дауыстап айтады, содан соң топ оған қол шапалақтайды.

Егер жаттықтырушы - мұғалім топтың енжарлығына кездесе, өзі алғашқы болып шеңбердің ортасына шығып, есімін атап, жағдайды өзгертуге тырысады.

#### «Кесек қар» ойыны.

Барлық қатысушылар шеңбер бойынша өз кезегімен есімдерін айтып шығуы қажет. Әрбір адам өз есімін айтардан бұрын, өзінен бұрынғы қатысушының есімін атайды.

#### «Екі шындық және бір өтірік» ойыны.

Оқушыларға өздері туралы екі ақиқат және шындыққа жанаспайтын бір пайымдаулар айту ұсынылады. Мы-

салы; Мен Алматыда туып өстім, «Ару» фильмінде басты рольде ойнадым және балмұздақты өте жақсы көремін.

#### «Тренинг шеңбері» бойынша көршіні таныстыру.

Бұл жаттығу жұптармен жүргізіледі. Бір минут талқылаудан кейін, әрбір қатысушы «тренинг шеңбері» бойынша көршісін таныстырып, оның атын және сүйікті ісін айтады.

## II КЕЗЕҢ. «КЕЛІСІМ» (ТОПТЫҢ ЖҰМЫС ЕРЕЖЕСІН) ҚАБЫЛДАУ

Оқушылар сабақтың ең басынан оқуға өз жауапкершілігін сезінуі және материалдарды игеру тиімділігін арттыру үшін келісім, яғни тренинг сабағындағы мінез-құлық ережесін қабылдау ұсынылады. Төменде келісім үлгісі келтірілген.

Келісім тармақтарын қағазға немесе тақтаға алдын ала жазу қажет. Келісім көрінетін орынға ілініп, әрбір тармағы оқылады және бірлесе талқыланғаннан кейін қабылданады. Қатысушылар ұсынған қосымша тармақтар да қабылдануы мүмкін.

Дауыс бергеннен кейін барлық қатысушылар келісім тармақтарының орындалуына жауапкершілікте болатынын топқа түсіндіру қажет. Келісімнің қабылдануы әрбір қатысушы өз сезімдері мен көзқарастарын ашық білдіруге, сын мен мазақ нысанына айналуға қорықпауға, сабақта талқыланатын жеке ойлар топ шеңберінен шықпайтынына сенімді болатын жағдайды құруға ықпал етеді.

Келісім көрнекі жерде тренинг толық аяқталғанша ілініп тұрады.

#### Келісім үлгісі

- кешікпейміз;
- бәріміз өз оқуымызға жауаптымыз;
- бір - бірімізді тыңдаймыз, сөзді бөлмейміз;
- «қол көтеру» ережесін сақтаймыз;
- шындықты айтамыз;
- тек бір адам ғана сөйлейді;
- істің мәні бойынша сөйлейміз;
- өз ойымызбен бөлісеміз;
- әрбір пікірді тыңдауға болады;
- мағынасыз сұрақтар болмайды;



- басқалардың сезімін аялаймыз;
- бір-бірімізді тыңдаймыз;
- бір-бірімізді түсінуге тырысамыз;
- құпиялылықты сақтаймыз;
- уақыттық шекараны сақтаймыз
- бір-бірімізді мадақтаймыз (сөзбен, қол шапалақтаумен) және т.б.

### III КЕЗЕҢ. ҚАТЫСУШЫЛАРДЫҢ ТРЕНИНГТЕН КҮТЕТІНІ

Таныстыруды өткізіп, келісімді қабылдағаннан кейін, мұғалім қатысушылардың тренингтен не күтетінін білгені қажет. Оқушылар тобынан сұраныстарын жинау нақты сол топты қызықтыратын тақырыптар мен сұрақтарды талқылауға негіз болады.

Қатысушылардың тренингтен нені күтетінін анықтау үшін келесі жаттығуды өткізуге болады.

#### Қатысушылардың сұраныстарын анықтауға арналған жаттығу

Қатысушыларға тренингтен не күтетінін жазу үшін жеміс түріндегі, не жай қағаздарды таратып беріңіз. Одан кейін әрбір қатысушы немесе жаттықтырушы қағаздарды талдың суреті салынған флиптақтаға жапсырады. Қатысушылардың күтетін ойлары жазылған қағаздар талдың тамырына жапсырылады. Тренингтің соңында әрбір қатысушы егер күткені ақталса, өз жемісін талдың сабақтарына жапсыруға болатынын түсіндіріңіз. Яғни күткенінің ақталғаны – бұл тренингтің жемісі. Осы «үміттің ақталуы ағашын» тренингтің соңына дейін сақтау белгілі бір шамада оның тиімділігін бағалауға жол ашады.

### IV КЕЗЕҢ. ОҚЫТУ

Бұл құралдағы білім беру материалдары бірнеше модульге бөлінген. Модуль бірнеше сабақтан тұруы мүмкін. Әрбір сабақты тақырыбын, мақсаты мен міндеттерін белгілеуден бастаған жөн.

Сабақ басталғанға дейін оқушылардың ақпараттану деңгейін алдын ала бағалау үшін сауалнама жүргізуге болады. Сауалнамалар тренинг толық

аяқталғанға дейін сақталып, соңынан оқушылардың білім деңгейі тағы да бір бағаланады. Нәтижелерді салыстыра отырып, оқушылардың білімі мен дағдыларында қандай өзгерістер болғанын білуге, тренинг тиімділігіне баға беруге болады.

Бұл кезеңде ақпарат беруді практикалық дағдыларды, дұрыс шешім қабылдау шеберліктерін қалыптастыру жаттығуларымен сабақтастыру өте маңызды. Мінез-құлықты өзгерту уәжін қалыптастыру үшін АҚТҚ мен ЖҚТБ мәселесіне қатысушылардың назарын аудару, осы мәселені әрқайсысы үшін көкейтесті ету қажет.

Құралда ұсынылып отырған жаттығулар оқытушының өз қалауы бойынша қолданылуы мүмкін. Ол жаттығуларды қатысушылардың дайындығына қарай ауыстыра алады.

### V КЕЗЕҢ. САБАҚ, НӘТИЖЕЛЕРІН ҚОРЫТЫНДЫЛАУ

Кез келген тренинг - сабақтың соңында қорытынды жасалады. Әдетте, бұл қатысушылар өздерінің әсерлерімен, сезімдерімен бөлісуіне, өздерінің тілектерін айтуға арналады. Қорытындыны «сыр ашу» парақтарын, сауалнамалар толтыру түрінде де өткізуге болады.

«Сыр ашу парағы» сұрақтарының үлгісі:

- 1 Сабақ барысында сен қандай сезімде болдың?
- 2 Сабақта берілген ақпараттар саған қажет деп септейсің бе?
- 3 Сабақ материалдарын баяндау қолайлы, түсінікті болды ма?
- 4 Осы сабақты сенің өмірге дайындығыңда «алға бір қадам» деп есептейсің бе?

Әрбір оқушы «сыр ашу парағын» толтырады, сосын бәрі кезегімен оқиды (автордың аты-жөнін көрсетпесе де болады), ұжымдық талқылаудан өткізеді. Оқытушы қорытынды шығарып, түйін жасайды.

Жаттықтырушы семинарға қатысушылардан олардың жаңадан



нені білгенін, не қызықты әрі пайдалы болғанын, олардың қандай жаттығулар орындағандарын еске түсіруін өткен материалдарды бекіту мақсатында сұрай алады.

Қатысушылардан 4-5 адамнан шағын топтарға бөлініп, бүгінгі сабақта не білгендерін топта талқылауды ұсынуға болады. Одан кейін әр топтың бір мүшесі шығып, топтың шешімін флипчартқа жазады, жазылған пікір қайталанбауы тиіс. Нәтижесінде сабақтың жалпылама қорытындысы шығады.

Егер жаттықтырушы тренингке қатысушыларды үнемі өзіне қолайлы тәсілдермен мадақтап отырса, тіпті жақсы: ауызша немесе жазбаша алғыс білдіреді, кітапша немесе буклет, сувенирлер және т.б. тапсырады. Немесе көзге түскен адамдарға жауапты тапсырмаларды сеніп тапсырады.

### Интерактивті оқыту әдістері

Интерактивті оқыту әдістері еш уақытта дәріс материалдарын алмастыра алмайды, бірақ оның жақсы игерілуіне ықпал етеді және ерекше маңыздысы пікірлер, қатынастар, мінез-құлық дағдыларын қалыптастырады.

#### Интерактивті оқыту әдістерінің үлгілері:

- Миға шабуыл
- Топпен жұмыс
- Бақылау парағы немесе тестілеу
- Рөлдік ойын
- Ойын жаттығулары
- Жобалар жасау
- Жағдаяттарды шешу
- Визитерді шақыру
- Сараптама тобының пікірталасы
- Сауалнама
- Сұхбат алу
- Сахналық көрініс
- Жағдаяттарды ойнау
- Оқытушы ролінде болу
- Триггер суреттерін талқылау
- Пікіртерім-Квиз (бақылау) және т.б.

**«Ой шабуылы», «миға шабуыл»** - оқушының берілген сұраққа берген кез-келген жауабын қабылдау әдісі.

Айтылған пікірлерге бірден баға бермей, әр адамның айтқандарын қабылдау және бәрін тақтаға немесе қағазға жазу маңызды. Оқушылар өз жауаптарына түсінік берудің немесе оны дәлелдеудің ешқандай қажет еместігін білуі тиіс.

### «Миға шабуыл»

белгілі бір сұраққа оқушылардың ақпараттылығын немесе қарым-қатынасын анықтау қажет болған жағдайда қолданылады. Бұл әдісті кері байланыс үшін де қолдануға болады.

#### Қолдану реттілігі:

1. Оқушыларға белгілі бір тақырып немесе талқылау үшін сұрақ беріңіз.
2. Осыған байланысты өз ойларын айтуды өтініңіз.
3. Барлық айтылған ойларды жазыңыз (олардың бәрін қарсылықсыз қабылдаңыз). Егер сізге айтылған ой түсініксіз болса, нақтылауды өтінуіңізге болады (қандай жағдайда да айтылған ойды қатысушының өз сөзі бойынша жазыңыз).
4. Барлық ойлар мен пікірлер айтылып болған соң, қандай тапсырма берілгенін қайталаңыз, қатысушылардың өз аузынан жазылған пікірлерді тізбектеп оқып шығыңыз.
5. Оқушылардан олардың ойынша алынған нәтижелерден қандай қорытынды шығаруға болатындығын және оның тренинг тақырыбына байланысы қандай болатынын сұрап, жұмысты аяқтауға болады. «Ой шабуылы» аяқталғаннан кейін (ол көп уақыт алмауы керек, орташа 4-5 минут), жауаптардың барлық нұсқаларын талқылау қажет.

*«Ой шабуылы» мына жағдайлар кезінде тиімді әдіс болып табылады:*

- 📖 Нәзік және даулы мәселелерді талқылау;
- 📖 Өзіне сенімсіз оқушыларды талқылауға қатыстыру үшін ынталандыру;
- 📖 Қысқа мерзімде көп мөлшерде идея жинау;
- 📖 Қатысушылардың ақпараттануын немесе дайындығын анықтау.



### Шағын топтардағы жұмыс

Алдын алуды оқыту үрдісін оқушыларға бағыттап құру керек. Осы жағдайдағы ең тиімдісі кіші топтардағы жұмыс болып табылады. Осы кезде мұғалім диагностика мен мониторинг жүргізеді, оқу ортасын ұйымдастырады, қолда басқа қорлар болмаған жағдайда қолдау көрсетеді (кеңес береді, түсіндіреді).

Мұндай жұмыс түрі белгілі бір құбылыстың ұқсастығы немесе айырмашылықтарын көрсетуде, стратегия немесе жоспар жасауда, бір ғана сұраққа әр түрлі топтан қатысушылардың қарым - қатынасын анықтауда қолданылады.

Оқушылар топтарға 4-5 адамнан бөлінеді. Қатысушыларды бөлу әдісі әртүрлі болуы мүмкін. Мысалы, мұғалім оқушыларға сандардың ретімен (бір, екі, үш, төрт) бөлінулерін ұсынады. Есеп қанша топ құру қажеттігіне байланысты болады. Біріншілер – алғашқы, екіншілер – келесі, т.с.с. топтарға біріктіріледі.

Шағын топтағы жұмыстар барлық қатысушыларды белсенді іс-әрекетке, пікір алмасуға, пікірсайысқа тартуға мүмкіндік береді.

*Шағын топтарға қатысушылар рөлдерді бөлген жағдайда жұмыс тиімді болады, мысалы:*

#### Мысалы:

Пікірлер	Дұрыс	Дұрыс емес	Білмеймін
АҚТҚ және ЖҚТБ — екеуі бір нәрсе емес			
АҚТҚ-ға қарсы дәрі бар			
Балалар АҚТҚ жұқтырмайды			

Егер тестілеу жабық түрде болмаса, жауаптар жұппен немесе шағын топтарда талқыланады. Жасырын (анонимді) тестілеудің қорытындысын мұғалім (жаттықтырушы) шығарады. Ал қарапайым тестілеудің қорытынды жауаптары қатысушылар мен мұғалімнің (жаттықтырушының) бірігіп талқылауынан соң шығарылады.

**ЖЕТЕКШІ –**  
идеяларды жинайды, барлық қатысушыларды талқылауға тартады, топтың әр мүшесінің пікірін есепке алуға тырысады

**ХАТШЫ –**  
барлық идеяларды қағазға / тақтаға жазады

**ТАЙМКИПЕР –**  
уақытты бақылайды

Интерактивті тәртіпті енгізу білім беру үрдісінің объектісі ретінде топқа не береді? Бұл ең алдымен:

- Топта қарым - қатынас жасау машықтары мен өзара бірлескен іс-әрекеттерді дамыту.
- Топтың құнды - бағыттылық бірлігін қалыптастыру.
- Жағдайға байланысты әлеуметтік рөлдердің икемді алмасуын мадақтау.

#### Бақылау қағазы немесе тест.

Тестілеу әдісінің көмегімен жас адамдардың ақпараттық деңгейін немесе талқыланатын тақырыпқа олардың қатынастарын анықтауға болады. Тестілеудің сұрақтарын дайындауда әдептілікті сақтау керек: олар сауатты, анық, түсінікті тілде және оқушылардың сезімдеріне қаяу салмайтындай болып құрылуы керек.

Тесті алған соң оқушылар оны мұқият оқып, өз жауаптарын: «дұрыс» - «дұрыс емес», «білмеймін» деген сәйкес бөліктерге белгілеуі тиіс.

#### Рөлдік ойын.

Рөлдік ойын – бұл топтың қатысушылары белгілі бір өмірлік жағдайларды мінез - құлықтық немесе көңіл-күй жағынан меңгеру үшін алдын ала бөлінген рөлдер арқылы сахналау.

Рөлдік ойын шағын топтарда (3-4 қатысушы) жүргізіледі, қатысушылар тапсырманы карточкалармен (тақтадан, парақтармен, т.б.) алады, рөлдерді



бөліседі, жағдайды бүкіл топқа ойнап көрсетеді. Оқытушы рөлдерді балалардың мінезіне қарай өзі бөліп бере алады.

Бұл әдістің артықшылығы қатысушылардың ұсынылған жағдайда өзін белгілі бір жағдайды нақты байқап, іс - өрекеттің нәтижелерін сезініп, дұрыс шешім қабылдауында. Ойын аяқталғаннан кейін бірлесе талқылау және мұндай жағдайлардағы іс-қиымалдың тиімдірек стратегиясын таңдау жүргізіледі.

Талқылауға дейін қатысушыларды ойында ұсынылған рөлден шығарудың маңызы зор.

### Рөлдік ойынды қалай өткізуге болады?

1. Әр рөлге сценарий немесе нұсқаулық жазу.
2. Ерікті қатысушыларды ойынның мәні мен мазмұнына сәйкес таңдау және рөлдерді бөліп беру
3. Іс-әрекет болатын шарттарды хабарлап, тапсырмалар беру. Осы кезеңде жаттықтырушы өзінің қатыстылығын азайтып, «көлеңкеге» кетеді.
4. Ойынға кіріспейтін қатысушылар қозғалуға және дыбыс шығаруға болмайды.
5. Ұтымды жағдайда ойынға қатысушылар өздері үрдісті аяқтайды. Уақыт тығыз болса мұны жаттықтырушы аяқтайды.
6. Ойынға қатысушылар өз орындарына отырады, содан соң ойынның рөлдік бөлігі аяқталады.

### 1 нұсқа. Әрбір оқушыға сызба көрсетілген қағаз таратылып беріледі.

Келісемін	Келісуге болады	Білмеймін	Келісуге болмайды	Келіспеймін
-----------	-----------------	-----------	-------------------	-------------

Оқушыдан ұсынылған пікірлер бойынша өз көзқарасын белгілеуді өтінеді, мысалы:

- АҚТҚ- мен зақымданған адамдарды аластату қажет
- АҚТҚ жұқтырған оқушы үйінде оқытылу керек
- Егер менің досым АҚТҚ жұқтырса, мен онымен достығымды тоқтатпаймын.

Одан соң оқушыларға жұп болып, одан соң топта өз пікірлерін талқы-

7. Қатысушылардан өз көңіл-күйлері, рөлде болғандағы сезімдерімен бөлісуді сұрайды.

8. Тренингтің басқа барлық қатысушыларына ойынды бақылаған кездегі басынан өткерген өз ойлары мен сезімдерін айту ұсынылады

9. Соңында қатысушылардан олардың пікірінше, алынған нәтижелер бойынша қандай қорытынды шығаруға болатынын және оның тренингтақырыбына қаншалықты қатысы бар екенін сұрауға болады.

Басқалардың қателіктерінен үйренуге болады дегенді босқа айтпаса керек. Рөлдік ойын қатысушыларға дәл осы мүмкіндікті береді. Ойын барысында бір жағынан қатысушылар үшін психологиялық тұрғыда қауіпсіз жағдайлар (мен рөлді ойнап тұрғандықтан, бұл менің емес, менің кейіпкерімнің басынан өткен) құрылады, екінші жағынан олар ойын жағдайын басынан өткізуде эмоционалдық тәжірибе жинақтайды.

Ойын аяқталған соң өзара талқылау мен осындай жағдайда барынша тиімді мінез-құлық стратегиясын жасау жүргізіледі.

### Ойын жаттығулары Құндылықтарды, пікірлерді және қатынастарды анықтау жаттығуы.

Жұмыстың бұл түрі қатысушылардың белгілі бір тақырып бойынша қандай пікірі бар екенін, олардың қатынастары, өмірлік ұстанымдары қандай екенін анықтауға мүмкіндік береді.

лауды, өз көзқарастарын дәлелдеуді ұсыну керек.

Одан әрі шешімдерді жұптарда, топтарда талқылау, өз көзқарасын жақтау қажет. Топта пікірталас ұйымдастыруға болады. Соңынан жаттықтырушы белгілі бір мәселеге кімнің пікірі өзгергені және неге екендігі жайлы сұрайды.

### 2-нұсқа.

Егер бөлме үлкен болса, онда бүкіл бөлме арқылы сызық жүргізіп,



оның бір қабырғасына “келісемін”, екінші қабырғасына «келіспеймін», ал ортасына “күмәнім бар” деген тақтайша бекітуге болады.

Қатысушылар даулы тұжырымды (мысалы, АҚТҚ-мен зақымданған адамдарды аластату қажет) естіген соң, өз ойларына сәйкес орынға тұруы керек.

Содан кейін құрылған топтардың қатысушылары өз ойларымен бөліседі, ұстанымдарын түсіндіреді.

Бұл әдіс тек пікір алмасуда ғана емес, сондай-ақ сенімділікке ие болу үшін де пайдалы. Қатысушыларға әрқайсысы өзінің жеке пікірін білдіруге құқығы бар екендігін түсіндіру қажет.

### Жобалар жасау.

Бұл әдіс қатысушыларға мектеп аумағынан ойша шығып, талқыланудағы мәселе бойынша өз іс-қимылының жобасын жасауға мүмкіндік береді. Ең бастысы, топ немесе жеке қатысушы өз жобасын қорғау, басқалар алдында оның артықшылықтарын дәлелдеу және достарының пікірін білу мүмкіндігіне ие болады.

Мысалы: өз қаласында есірткі тұтынудың алдын алу жөнінде жоба жасау.

Оқушылар қосымша әдебиеттер, мәліметтер алу үшін кітапханаларға арнайы мекемелерге барып, сұрау салуына болады.

Тақырып сұрақтарына қатысты газеттердегі мақалалар, суреттер жинауды ұсынуға, ал соңынан бұл материалды топқа талқылауға болады.

### Бейнефильмдерді көру және талқылау

Алдын алу білімін беру сабақтарында көркем фильмдермен қатар деректі фильмдерді, олардан үзінділерді, сондай-ақ бейнероликтер мен бейнесюжеттерді пайдалануға болады.

Мазмұнға сәйкес келетін бейнефильмдерді тек қосымша материал ретінде ғана емес, сабақтар мен тренингтердің тақырыптары мен мақсаттарына сәйкес болса, оның кез келген кезеңінде қолдануға болады.

Фильмді көрсетер алдында оқушылардың назарын басты 4-5

сұраққа аудару қажет. Бұл алдағы талқылауға негіз болып табылады. Фильмді алдын ала таңдап алынған кадрлар бойынша тоқтатып отырып, пікірталас жүргізуге болады.

Соңында оқушылармен бірге қорытынды шығарып, қабылданған шешімді хабарлаған дұрыс.

### Сергітулер

Бүкіл тренинг - сабақ бойында психологиялық және дене жүктемелерін азайту мақсатында сергіту сәттері жүргізілуге тиіс. Сергіту сәттері қатынас дағдыларын (сөйлесу) дамытуға да мүмкіндік туғызады. Сергіту сәттерін өз орнымен жүргізу керек. Назар аударуды талап ететін жаттығулардың алдында, жылдам сергіту ойындарын жүргізудің қажеті жоқ.

### Сергіту сәттерінің үлгілері

#### •Зейінді және байқампаздықты дамытуға арналған ойындар.

Үстелге кез келген бірнеше заттар қойылады. Оқушылардың біреуі өз қалауы бойынша заттарды мұқият қарап алғаннан кейін, дәрісханадан шығады. Оқытушы заттардың біреуін алып қояды. Ерікті қайта шақырылып, үстелде қандай зат жоқ екенін табуы керек.

#### •«Мен сияқты жаса» жаттығуы.

Оқушылар шеңбер құрып тұрады, жүргізуші таңдалады, ол бір жаттығуды көрсетеді, басқалар қайталайды. Сонан соң жүргізуші ауыстырылып отырады.

#### •«Мен қандаймын» ойыны.

Оқушылар шеңберге тұрады. Жүргізуші қатысушылардың біреуіне допты лақтырып, өз атына сын есім сөзді қосып айтады (мысалы, Асқар – ақылды, Бақыт – батыл, Сәуле – сезімтал және т.б.), келесі ойыншы допты басқа қатысушыға беріп, өз есімінің алғашқы әрпіне сәйкес сын есім сөзді қосып айтады т.с.с.

#### •«Шоқ гүлдер» ойыны.

Қатысушылар шеңбер құрып, гүлдердің атауымен өздерін атап шығады: раушан, қызғалдақ, сарғалдақ,





қалампыр және т.б.. Қызғалдақтардан, одан соң раушан гүлдерінен, қалампырлардан және т.б. орын алмас-тыруды өтініңіз.

**•«Менің жұмысқа қабілеттілігім» ойыны.**

Қатысушыларға өзінің жұмысқа қабілеттілігін 5 балдық жүйе бойынша бағалауды ұсыныңыз. Мысалы, мен өзімді 5 балдық жүйеде сезінемін, себебі бүгін күн жарқырап тұр және менің ұйқым қанды.

**•«Мен серуенге шығуға жиналып жатырмын...» ойыны.**

Зейіні мен байқағыштығын дамытуға арналған бұл ойын барысында жүргізуші өзімен серуенге алып шығатын бірнеше заттарды атайды. Одан соң әрбір қатысушы шеңбер бойынша өзіне серуенге шығуға қажетті заттарды атайды, бірақ аталған заттарды қайта атауға болмайды.

*Оқушыларды АҚТҚ-ның алдын алу мәселелері бойынша оқыту төмендегідей қағидаларға негізделсе тиімгі болады:*

1. Бағдарламаға ата-аналар мен қоғам тарапынан кеңінен қолдау көрсетіледі;
2. Балаларды, жасөспірімдерді және жастарды оқыту оларда өз денсаулығына қатысты жауапкершілікті қалыптастыруға бағытталған;
3. Бағдарламалар оқытудың әртүрлі әдістемесін қолдануды қарастырады, бұл әдістемелерді таңдау кезінде оқушыларды оқу үрдісіне белсенді тарту керектігі туындап, бұл өз кезегінде алынған ақпаратты олардың өз тәжірибесінде қолдануын жеңілдетеді;
4. Бағдарламалар белсенді жыныстық мінез-құлықтан тартынуды ғана насихаттамайды, жыныстық мінез-құлық жауапкершілігінің маңыздылығына назар аудартады.
5. Бағдарламалар жыныстық өмірдің неғұрлым кейінірек басталғанына ұмтылу, сақтанусыз жыныстық қатынастан және

**ИНТЕРАКТИВТІ ОҚЫТУ ӘДІСТЕМЕЛЕРІНІҢ АРТЫҚШЫЛЫҚТАРЫ:**

- \* Материалдың тиімді игерілуіне мүмкіндік береді
- \* Қызығушылық туғызады
- \* Белсенді қатысуды мадақтайды
- \* Көңіл-күйге бағытталады
- \* Оқушыларға көп қырлы әсер етеді, кері байланысты жүзеге асырады (аудиторияның жауап реакциясы)
- \* Пікірлер, қатынастар мен дағдыларды қалыптастырады
- \* Мінез-құлықтың өзгеруіне ықпал етеді.

**ТРЕНИНГТЕ ОҚЫТУДЫҢ МІНДЕТТЕРІ:**

- \* ақпарат беру
- \* жасөспірімдердің өз мінез-құлқын қауіпсіз жағына өзгертуге дағдылануына ықпал ету
- \* жауапты мінез - құлық дағдыларын қалыптастыру
- \* құндылыққа қатынас және өлшемді қалыптастыру

қауіпті әріптестерден аулақ болу қажеттігін ашып көрсетеді. Қандай мәселеге ерекше назар аудару қажеттігі оқушының жас ерекшелігіне байланысты. Мысалы, жас оқушыларға арналған бағдарламаларда жыныстық қатынасты кейінірек бастау керектігіне көңіл аударылса, ересектер және жыныстық белсенді оқушыларға – мүшеқап қолдануға баса назар аударылады.

## Модуль 1

# ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ АҚТҚ МЕН ЖҚТБ. АҢЫЗ БЕН ШЫНДЫҚ





## ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ АҚТҚ МЕН ЖҚТБ. АҢЫЗ БЕН ШЫНДЫҚ

### Шолу:

Әлемде АҚТҚ мен ЖҚТБ індеті шамадан тыс өте жылдам таралады. Қазақстан Республикасы АҚТҚ жұқпасы салыстырмалы алғанда таралуы төмен елдердің қатарына жатады.

Жастардың АҚТҚ және ЖҚТБ мәселелері бойынша ақпараттануы мен білімдері төмен күйінде қалып отыр және бұл жас адамдарға мінез-құлықты саналы таңдауға жол бермейді.

Осы сабақ барысында оқушылар АҚТҚ мен ЖҚТБ-ның әлемде және Қазақстанда таралуы туралы білім алады, бұл алдын алу білімдерін алуға оларды одан әрі ынталандырады.

негізгі себептері қауіпті мінез - құлық тәжірибесі, оның ішінде есірткі қолдану мен қорғалмаған жыныстық қатынас екендігіне баса назар аударту

- Оқушылардың өмір сүру салтын таңдауда қоғамдық және жеке саналарын өзгерту дағдыларын қалыптастыруға ықпал ету.


### Жабдықталуы:

тақта, флип-чарт, борлар, маркерлер, қағаз парақтары.

### Сабақ барысы:

**Танысу.** (мұғалімнің қалауы бойынша ойын)

**Келісім** (қарым-қатынас ережелері)



### Сабақтың мақсаты:

Қазақстанда АҚТҚ-ның таралуы жөнінде оқушылардың ақпараттану деңгейін көтеру, АҚТҚ мен ЖҚТБ-ға байланысты алдын алу білімі және дағдыларды меңгеруіне мүмкіндік беру.

### Міндеттері:

- АҚТҚ мен ЖҚТБ - ның әлемде таралуы жайлы оқушыларға ақпарат беру
- Қазақстанда АҚТҚ-ның таралу қарқынын оқушыларға көрсету
- Қазақстанда АҚТҚ жұқпаларын жұқтырушылардың жартысынан көбі жасөспірімдер мен жастар екендігіне оқушылардың көңілін аудару.
- Республика жасөспірімдері мен жастарының АҚТҚ жұқтыруының

### Сергіту сәті.

#### «Сәлемдесу» жаттығуы.

Мұғалім оқушыларға бір - біріне тілек айтуды ұсынады. Ол қатысушылардың біріне допты лақтырып, тілек айтады. Мысалы: «Болат, саған жақсы көңіл-күй тілеймін!». Допты алған адам өз қалауымен тілегін білдіргісі келетін қатысушыға допты лақтырады. Ал ол басқа адамға. Осылайша әрбір қатысушы доппен бірге өзіне айтылған тілектерді қабылдайды. Осы жаттығу көңіл-күйді көтеріп, топта жағымды ахуал құрады.

#### 1-жаттығу «Ой шабуылы»

Мұғалім оқушыларға сұрақтар қояды:

- ✓ АҚТҚ және ЖҚТБ туралы сендер не білесіңдер?




✓ Индет қандай елдерде кеңінен таралғанын атаңыздар?

✓ Қазақстанда АҚТҚ жұқтырған жағдайлар бар ма?

Бәріне көрнекті болу үшін жауаптың нұсқаларын флипп-чарт бетіне маркермен немесе мектеп тақтасына бормен жазады және осылай орналас-тырылады.

Сонан кейін мұғалім оқушыларға АҚТҚ мен ЖҚТБ ХХ ғасырдың соңында бүкіл адамзаттың алдында пайда болған және бізбен бірге ХХІ ғасырға енген қасіретті мәселелердің бірі екендігін түсіндіреді. Бүгінгі таңда АҚТҚ бүкіл әлемге таралған, Қазақстан да шет қалмаған<sup>1</sup>. Статистикалық мәліметтер бойынша, АҚТҚ ресми тіркелген жағдайларға сәйкес, 2008 жылдың 1 қаңтарына қарай тіркелген жағдайлар саны 9378 құрады, оның ішінде ер адамдар – 7030 (74,4%), әйелдер – 2415(25,6%). 14 жасқа дейінгі балалар – 223. ЖҚТБ-дан қайтыс болғандардың саны – 506, оның ішінде 14 жасқа дейінгілер – 3.

АҚТҚ алғаш анықталғандардың арасында әйелдердің үлесі өскені байқалады – 2006 жылы 26,2% болса, 2007 жылы 29,5%.



## 2 жаттығу

Бұл ойын инъекциялық есірткі тұтынушылар арасында (ИЕТ) және жыныстық жолмен АҚТҚ қалай тез тарайтынын көрсетеді (ересек жастағы оқушылар үшін)

## Ойынның барысы

1. Барлық оқушыларға орнынан тұрып, бір-бірінің қолдарынан ұстап, көздерін жұмып, шеңберге тұру ұсынылады.

2. Осыдан кейін мұғалім оқушылардың артынан келіп, арқасына қолын тигізу арқылы 3 адамды бөледі, олар АҚТҚ жағымды адамдардың рөлін ойнайды, бұл жасырын сақталуы тиіс.

3. Оқытушы оқушыларға көздерін ашып, барлық өздері қалаған адамдарының қолын алуды ұсынады, мұнда мұғалім белгілеген (АҚТҚ жағымды адамдардың рөлін орындаушы) оқушы қол алынған кезде «белгі беру», басқа оқушылардың қолын сәл қысып алуы керек. Бұл «белгіні алған» оқушы, оны басқалармен қол алысқанда білдіреді. Барлығы 3-4 адаммен амандасып болған соң, мұғалім өзі бөлектеген 3 оқушыны ортаға шақырады, одан соң кімдер «белгіні» қабылдады, солардың барлығын шақырады. Көптеген оқушылар ортаға шығады.

Осы ойында қол алысу АҚТҚ жұқпасын жұқтырудың белгісі ретінде болғанын, ал шындығында ауру қол алысу арқылы жұпайтынын түсіндіреді. АҚТҚ тамыр арқылы есірткі қабылдайтын-дар бөтен адамның инесін қолданғанда, сондай -ақ сақтандырылмаған жыныстық қатынасқа түскен адамдар арасында тез тарайды.

Мұнан соң оқытушы міндетті түрде ойнаған оқушыларды АҚТҚ жағымды адам рөлінен «шығарып», рөлдерді бөлу шартты түрде, символикалық болғанын және ойын аяқталған соң рөлдің де өз мәнін жойылатынын түсіндіруге міндетті. Соңында оқытушы барлығына қол ұстасып, шеңберге тұрып, сөздер айтуды ұсынады, мысалы: «Бұл тек ойын ғана, бірақ біз өзімізді және өз жақындарымызды қорғау үшін барлығын жасаймыз».

*Оқытушы ақпарат береді*

2007 жылы АҚТҚ индетінің әдіс-темесін бағалауда жаңа жетістіктерді

<sup>1</sup> БҰҰ ССҒА АҚТҚ/ЖҚТБ-мен күреске бейілділігі Декларациясының орындалуы туралы ұлттық баяндама, Қазақстан Республикасы, 2006 қаңтар - 2007 желтоқсан есеп беру кезеңі



қолданып, барлық елдер бойынша мәліметтерге кең спектрлі талдау жүргізу әлемде АҚТҚ-мен өмір сүруші адамдардың сандық құрамын бағалауда маңызды өзгерістерге жеткізді. Дегенмен індеттің көлемі мен зардаптарын сапалы түсіндіруде көп өзгерістер болған жоқ.

#### 2007 жылы АҚТҚ-мен өмір сүруші адамдар саны<sup>2</sup>

Барлығы 33,2 миллион (30,6–36,1 миллион)

Ересектер 30,8 миллион (28,2–33,6 миллион)

Әйелдер 15,4 миллион (13,9–16,6 миллион)

15 жастан кіші балалар 2,5 миллион (2,2–2,6 миллион)

#### 2007 жылы АҚТҚ жұқтырған адамдар саны<sup>3</sup>

Барлығы 2,5 миллион (1,8–4,1 миллион).

Ересектер 2,1 миллион (1,4–3,6 миллионға)

15 жастан кіші балалар 420 000 (350 000–540)

#### 2007 жылы АҚТҚ індетін күніне 7400-ден астам адам жұқтырған<sup>4</sup>

Олардың 1000-ға жуығы 15 жасқа дейінгілер арасында

50% жуығы әйелдер арасында

45% жуығы 15-24 жас аралығындағы жастар арасында

## ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ЖАҒДАЙ

Қазақстанда АҚТҚ жұқтыру жағдайы алғаш рет 1987 жылы тіркелді.

Қазіргі есептеулер бойынша елде 13500-дей адам АҚТҚ-мен өмір сүруде. Индет Қазақстанның барлық аймақтарына дерлік тараған. АҚТҚ

жұқпасы ең көп тіркелгені Алматы қаласы, Павлодар, Қарағанды, Оңтүстік Қазақстан, Қостанай облыстары болып отыр. 15-49 жас аралығындағылар - 95% құраса, оның ішінде 15-19 жастағылар – 7%.<sup>5</sup>

2007 жылғы тіркеулер мәліметі бойынша, АҚТҚ-мен өмір сүруші екіқабат әйелдердің үлесі 6,7% (695) құрады. Елде АҚТҚ жұқтырған аналардан 457 бала өмірге келді. АҚТҚ диагнозы 29 балада анықталды, 232 бала жағымсыз нәтиже берді, 24 бала қайтыс болды. АҚТҚ жұқтырған аналардан туған 153 баланың АҚТҚ статусы бақылау мерзімі аяқталмағандықтан нақты анықталмаған.

АҚТҚ індеті елде қазіргі уақытта шоғырлану кезеңінде және инемен есірткі қабылдайтындар арасында өте көп кездеседі.

### 3 жаттығу Шағын топтағы жұмыс

#### «Орман» ойыны

Оқытушы оқушыларға ағаштардың түрлерімен санамақ айтуды ұсынады: қайың, шырша, қарағай, терек т.т. Сонан соң ағаштардың атымен 3 топқа бірігеді. Шағын топтардың өзара жұмыс істеуін ұйымдастыру қолайлы болу үшін әр топтың ойыншылары “шеңбер түрінде” бірігеді. Әр топқа үлкен қағаз бен маркерлер беріледі. Оқытушы әр топқа мына сұрақтарды талқылауды ұсынады:

? АҚТҚ жұқпасы жеке адамға, отбасына, тұтас қоғамға қалай әсер етеді?

<sup>2</sup> «ЖКТБ індетінің дамуы, желтоқсан, 2007 г.» ЮНЭЙДС, ДДСҰ.

<sup>3</sup> «ЖКТБ індетінің дамуы, желтоқсан, 2007 г.» ЮНЭЙДС, ДДСҰ.

<sup>4</sup> AIDSOUTLOOK/09, UNAIDS WORLD AIDS DAY REPORT

<sup>5</sup> БҰҰ ССҒА АҚТҚ/ЖКТБ -мен күреске бейілділігі Декларациясының орындалуы туралы ұлттық баяндама, Қазақстан Республикасы, 2006 қаңтар - 2007 желтоқсан есеп беру кезеңі



Талқылау қорытындысы қағазға жазылады. Сонан кейін әр топ өз жұмыстарының қорытындысын ұсынады, бұл үшін бір қатысушыны жетекшілікке тағайындайды. 3 оқушы өз топтары жұмыстарының қорытындысын кезекпен баяндайды: «шыршалар», «қарағайлар», «теректер».

Нышандардың белгісімен (талдың суреті салынған) немесе топтың аты жазылған қағаз парағы көзге көрнекті жерге ілінеді. Жетекші топтың дайындаған жауабын баяндайды (хабарлайды), топ мүшелері қажет деп тапса, оның сөзін толықтырады.

Барлық топ жұмыстарын қорытындылаған соң, оқытушы жинақтап және жаттығуларды орындау нәтижелерін қорытындылайды.

*Мүмкін жауаптар:*

Адамға әсері: күйзеліс, психологиялық мәселелер, АҚТҚ статусының жария болуынан, оның зардабынан стигматизация мен кемсітушілікке ұшыраудан қорқу, отбасы, достары үшін мазасыздану, медициналық бақылаудың қажеттілігі, оқу немесе жұмыс орнында туындайтын мәселелер және т.б.

Отбасына әсері: АҚТҚ-мен өмір сүруші адамдары бар отбасы психологиялық мәселелермен ұшырасады, АҚТҚ жыныстық қатынас және есірткі қабылдаудан берілетіндіктен өзара қарым-қатынас өзгереді. Оның үстіне мұндай отбасыларында тек қана АҚТҚ жұқпаланған адам ғана емес, барлық отбасы мүшелері стигматизация және кемсітушілікке ұшырасады. Егер әсіресе АҚТҚ-мен өмір сүруші адам отбасында негізгі жұмыскер болса экономикалық жағдай өзгереді және т.б.

Қоғамға әсері: АҚТҚ адамды жас кезінде зақымдайтын болғандықтан, қоғам нағыз еңбекке қабілетті адамдарын жоғалтады. Мемлекет қолдауға, емдеу мен күтімге қаражат бөледі, медициналық қызмет пен дәрілерге шығын өседі.

**4 жаттығу.**

**Тест «Аңыз немесе шындық»**

Оқушылар шағын топтарға бөлініп және өткен тақырыптарды бекіту мақсатында тест толтырады.

Сұрақ	Аңыз (А)	Шындық (Ш)	Дәлелдеу
1. АҚТҚ жұқпасы қауіпсіз, оңай ем қонатын ауру			
2. АҚТҚ мен ЖҚТБ бүкіл әлемге тараған			
3. Қазақстанда АҚТҚ жұқтырған адамдар жоқ			
4. Жасөспірімдер мен жастар ешқашан АҚТҚ жұқтыра алмайды			
5. Адамға АҚТҚ мен ЖҚТБ туралы білім керек			
6. АҚТҚ-дан емдеп шығатын дәрі әзірге жоқ			
7. АҚТҚ жұқпасынан жеке адам зардап шегеді, жалпы алғанда АҚТҚ қоғамның тұтас дамуына әсер етпей			



## «Аңыз әлде шындық» тестінің кілті

Сұрақ	Аңыз	Шындық	Дәлелдеу
1. АҚТҚ жұқпасы қауіпсіз, оңай ем қонатын ауру	А		АҚТҚ жұқпасы — бұл қауіпті, созылмалы және емделмейтін ауру
2. АҚТҚ мен ЖҚТБ бүкіл әлемге тараған		Ш	Қазіргі күні АҚТҚ-мен өмір сүруші адамдар әлемнің барлық елдерінде бар
3. Қазақстанда АҚТҚ жұқтырған адамдар жоқ	А		Қазақстанда ресми 2008 жылдың 1 қаңтарына дейін АҚТҚ жұқтырған 9378 жағдай тіркелген.
4. Жасөспірімдер мен жастар ешқашан АҚТҚ жұқтыра алмайды	А		Қазақстанда АҚТҚ жұқтырудың 50% астам жағдайлары 15 пен 29 жастағылардың арасында тіркелген
5. Адамға АҚТҚ мен ЖҚТБ туралы білім керек		Ш	Адамға АҚТҚ мен ЖҚТБ туралы білім жұқтыру қаупін болдырмайтын мінез-құлық стилін саналы түрде таңдау үшін қажет
6. АҚТҚ-дан емдеп шығатын дәрі әзірге жоқ		Ш	АҚТҚ-дан емдеп шығатын дәрі түрлері жоқ, бірақ АҚТҚ-мен өмір сүруші адамдардың өмірін ұзартатын және жақсартатын дәрілер бар. Осы дәрілерді қабылдай отырып, АҚТҚ-мен өмір сүруші адамдар ұзақ уақыт белсенді өмір сүре алады.
7. АҚТҚ жұқпасынан жеке адам зардап шегеді, жалпы алғанда АҚТҚ қоғамның тұтас дамуына әсер етпейді		Ш	АҚТҚ — бұл тұтас қоғамның мәселесі, ол әр елдің әлеуметтік-экономикалық дамуына жағымсыз әсер етеді.

**Кері байланыс. Қорытынды жасау.**

Мұғалім оқушылардан осы сабақта қандай жаңа мәліметтер алғанын сұрайды, олар немен айналысқанын еске түсіруін сұрайды. Оқушылардан алған білімдерінің пайдасы болды ма, ол неден байқалды, осы тақырып бойынша сұрақтарының бар-жоғын анықтайды. Егер сұрақ болса, оған түсініктеме береді.

**Материалдар қоры:**

2006 жылы Шығыс Еуропа мен Орталық Азия аймақтарында АҚТҚ

жұқпаланғандардың алғаш белгілі болған жағдайларының 90% жуығы екі елде көрінді: Ресей Федерациясында (66%) және Украинада (21%).

АҚТҚ жұқтырып алғаш тіркелгендердің саны басқа елдерде де - Әзірбайжанда, Грузияда, Қазақстанда, Молдова Республикасында, Тәжікстанда және Өзбекстанда (Орталық Азияның індет ең көп тараған жерінде) арта түсуде.

Шығыс Еуропа мен Орталық Азияда АҚТҚ жағымды әйелдердің шамамен 35% инъекциялық есірткі



тұтынушы ретінде жұқтырса, ал тағы да 50% инъекциялық есірткі тұтынушы серіктестері арқылы жұқтырған. 2006 жылы Шығыс Еуропа мен Орталық Азияда АҚТҚ жұқтырып алғаш тіркелгендердің шамамен 40% әйелдер.<sup>6</sup>

**1997 жылдан бері АҚТҚ жұқпасы Қазақстанның барлық облыстарында тіркелді.**

АҚТҚ таралуына ықпал етуші негізгі факторлар инъекциялық есірткіні қабылдағанда стерильді емес шприцтер, инелер және басқа құралдарды пайдалану және қорғалмаған жыныстық қатынас. Сондай-ақ жыныстық жолмен берілетін жұқпалар (ЖЖБЖ), әсіресе жара түрлері (мерез және герпес). Аурудың белгісіз жүруі де АҚТҚ жұқтыруға ықпал етеді.

Қазақстанда жас адамдардың АҚТҚ мен ЖҚТБ жайлы кейбір


білімдері болса да, олар берілу жолдарын жеткілікті түсінбейді және өзіне жұқтыру қауіптерін бағалауға әрдайым дайын бола бермейді, сондықтан өзін АҚТҚ-дан қорғай алмайды. Жас адамдар аз ақпараттанғандықтан олардың ортасында негізсіз қорқыныштар, жалған қорғаныш сезімін туғызатын артық сенімділік, АҚТҚ-мен өмір сүруші адамдарды стигматизациялау мен кемсітушілік бар.



<sup>6</sup> «ЖҚТБ індетінің дамуы, желтоқсан, 2007 г.» ЮНЭЙДС, ДДСҰ. Қазақстан Республикасы, 2006 қаңтар - 2007 желтоқсан есеп беру кезеңі



## АҚТҚ-НЫҢ БЕРІЛУ ЖОЛДАРЫ





## АҚТҚ-НЫҢ БЕРІЛУ ЖОЛДАРЫ

### Шолу:

АҚТҚ-ның қалай берілетіні және қалай берілмейтіні жөнінде көптеген теріс түсініктер бар.

Бұл негізсіз қорқыныш туғызып, АҚТҚ-мен зақымданған адамдарды стигматизациялау мен кемсітушілікке ұшыратуға ықпал етеді. Қазіргі кезде АҚТҚ-ның берілу жолдары аса дәл анықталған. Бұл сабақ барысында оқушылар АҚТҚ-ның қалай берілетінін, организмде қандай сұйықтарда қоздырғыштың зақымдауға жеткілікті мөлшері болатынын және АҚТҚ қалай берілмейтінін үйренеді.

Осы сабақ барысында оқушылар АҚТҚ қалай жұғатынын, организмдегі қандай сұйықтықтарда зақымдауға жеткілікті мөлшерде қоздырғыштар болатынын және АҚТҚ қандай жолдармен берілмейтінін оқып үйренеді.



### Оқытушыларға арналған ұсыныстар

Бұл тақырыпты талқылай отырып, оқушылар өздерін ыңғайсыз сезінуі әбден мүмкін. Топта ұялшақтықты жеңуге көмектесіңіз және жыныстық қатынас мәселесін талқылау әрқашанда ауыр, бірақ зақымданудың алдын алу үшін қажет екендігін түсіндіріңіз. Жыныстық қатынас тақырыбында ашық және нақты сөйлей білу өте маңызды өмірлік дағды.

Сіз топпен бірге АҚТҚ-мен жыныстық жолмен зақымданудан аулақ болу үшін “Жыныстық қатынас мәселелерін талқылау неліктен маңызды” деген тақырыпқа “ой шабуылын” өткізуіңізге болады.

### Мақсаты:

оқушылардың АҚТҚ жұқтыруына әлсіздігін төмендету

### Міндеттері:

1. АҚТҚ-ның берілу жолдары жөнінде анық мәліметтер беру.

2. АҚТҚ қалай берілмейтіні жөнінде анық ақпараттар беру.
3. Оқушылардың назарын, егер зақымдану қаупі жоғары әрекет жасаса, кез келген адам АҚТҚ-мен зақымдануы мүмкін екендігіне аудару.
4. Оқушыларда АҚТҚ-мен зақымданудағы қауіп дәрежесін анықтау дағдысын қалыптастыруға мүмкіндік жасау.

**Жабдықталуы:** мектеп тақтасы, бор, маркерлер, парақтар

### Сабақ барысы:

#### 1 жаттығу. «Ой шабуылы»

Оқушыларға «Денедегі қандай сұйықтықтарды білесіңдер? деген сұрақ қойыңыз. Жауап нұсқаларын тақтаға немесе үлкен қағазға жазып қойыңыз.

*Мүмкін жауаптар:*

- Қан
- Тер
- Сілекей
- Кіші дәрет
- Шауқат
- Көз жасы
- Қынап ылғалы
- Ана сүті

Оқушыларға АҚТҚ-мен зақымданған адамда қорғаныш тапшылығы қоздырғышы осы сұйықтардың барлығында болуы мүмкін екенін, бірақ оның басқа адамды зақымдауға жеткілікті мөлшері барлық жерде бола бермейтінін түсіндіріңіз. Адам организмінде АҚТҚ берілуі мүмкін сұйықтарды тізіп шығыңыз және анық түсіндіріңіз: **қан, шауқат, қынап ылғалы, ана сүті.** Қалған сұйықтықтарда қоздырғыш мөлшері өте төмен және зақымдау үшін жеткіліксіз.

#### 2 жаттығу.

##### Шағын топтармен жұмыс

Оқушыларды 4 топқа бөліңіз. Бұл үшін оларды 1-ден 4-ке дейін санатыңыз. «Бірлер» -бірінші, «екілер» -екінші, «үштер» -үшінші, «төрттер» -төртінші топқа бірігеді.

Бірінші және екінші топқа АҚТҚ қалай берілетінін талқылып, қағазға жазуды, үшінші және төртінші топтарға АҚТҚ қалай берілмейтінін



талқылап, жазуды ұсыныңыз. Адам организміндегі құрамында АҚТҚ жұқтыруға жеткілікті мөлшерде болатын сұйықтықтар: қан, шауқат, қынап ылғалы және ана сүті туралы оқушылардың есіне салыңыз.

Талқылаудан кейін әрбір топ жетекшілерін таңдайды, ол өз тобының нәтижелерін қағазға тізіп, барлық қатысушыларға көрсетіп, оқып береді. Жауап дұрыс оқылу үшін жұмысқа үлкен қағаздар мен маркерлер қолданылады. Әрбір жетекші сөйлеп болған соң, оқытушы басқа оқушылардан жауапты толықтыруларын, өз ескертпелерін айтып, түзетулер енгізуін сұрайды.

Жаттығу соңында оқытушы қорытынды жасайды (бұл үшін 2 модульдің материалдар қорын пайдаланыңыз).

Жауаптар жазылған қағаз парақтарын оқу бөлмесінде барлық оқушыларға бүкіл сабақ уақытында көрінетіндей орналастырған жөн.

### 3- жаттығу.

#### “Қауіп дәрежесі” тестін толтыру.

Тренингке қатысушының әрқайсысына төменде ұсынылған тесті таратып беріңіз және АҚТҚ-мен зақымдануға арналған қауіп дәрежесін белгілеуді ұсыныңыз. Сонан соң оқушылар жұптарға бірігіп тест жауаптарын талқылайды, одан кейін жұптар төрттіктерге бірігіп өздерінің тест нәтижелерін жалғастырады. Бақылау үшін оқытушы қатысушылардың жауаптарын кезекпен оқытады және түсініктер береді.

## «ҚАУІП ДӘРЕЖЕСІ» ТЕСТТІҢ КІЛТІ

АҚТҚ жұқтыруға қауіп деңгейі	Қауіптілігі жоғары	Қауіптілігі төмен	Қауіп жоқ
1. Беттен сүю			
2. Ыдысты ортақ қолдану			
3. Жалпыға ортақ дәретхананы қолдану			
4. Жөтелу, түшкіру			
5. Бөтен адамның тіс щеткасын қолдану			
6. Бассейнде жүзу			
7. Бөтен адамның сақал-мұрт алуға арналған алмасты пайдалану			
8. Стерильденбеген құралмен денеге тесіп сурет салу			
9. Бөтен адамның шприцтері мен инелерін қолдану			
10. Жәндіктердің шағуы			
11. Қорғалмаған (яғни мүшеқап қолданбаған) жыныстық қатынас			
12. АҚТҚ-ға жағымды адамның дайындаған асын ішу			
13. АҚТҚ-мен өмір сүруші адаммен бір сыныпта оқу			
14. Ортақ оқулықтар мен қаламсаптар пайдалану			

### «Қауіп дәрежесі» тестінің кілті

АҚТҚ жұқтыруға қауіп дәрежесі	Қауіптілігі жоғары	Қауіптілігі төмен	Қауіп жоқ
1. Беттен сүю			+
2. Ыдысты ортақ қолдану			+
3. Жалпыға ортақ дәретхананы қолдану			+
4. Жөтелу, түшкіру			+
5. Бөтен адамның тіс щеткасын қолдану		+	
6. Бассейнде жүзу			+
7. Бөтен адамның сақал-мұрт алуға арналған алмасты пайдалану	+		
8. Стерильденбеген құралмен денеге тесіп сурет салу	+		



9. Бөтен адамның шприцтері мен инелерін қолдану	+		
10. Жәндіктердің шағуы			+
11. Қорғалмаған (яғни мүшеқап қолданбаған) жыныстық қатынас	+		
12. АҚТҚ-ға жағымды адамның дайындаған асын ішу			+
13. АҚТҚ-мен өмір сүруші адаммен бір сыныпта оқу			+
14. Ортақ оқулықтар мен қаламсаптар пайдалану			+

### Кері байланыс. Қорытынды жасау.

Оқушылардан бұл тақырып бойынша қандай түсініксіз сұрақтар және айтылмаған ойлар қалғанын сұраңыз. Оқытушының тренингке қатысушылардан жаңадан не білгенін, олар үшін не қызық, не пайдалы болғанын сұрауға, өткен сабақтарды бекіту мақсатында олардың қандай жаттығулар орындағанын еске түсірулеріне болады.

**Тұжырым:** егер зақымдану дәрежесі жоғары әрекетпен айналысса, кез келген адам АҚТҚ-мен зақымдануы мүмкін.

#### Материалдар қоры:

АҚТҚ-мен өмір сүруші адам ұзақ уақыт өздерін жақсы сезініп, сау болып көрінгенімен, өздері білмей АҚТҚ-ны басқа адамдарға жұқтыруы мүмкін.

*Адам организміндегі АҚТҚ берілуі мүмкін сұйықтықтар:*

- ✓ **Қан;**
- ✓ **Шауқат;**
- ✓ **Қынап ылғалы;**
- ✓ **Ана сүті.**

Қалған сұйықтықтарда (кіші дәретте, сілекейде, терде) қоздырғыш мөлшері өте төмен және зақымдау үшін жеткіліксіз.

### АҚТҚ МЫНА ЖАҒДАЙЛАРДА ЖҰҒАДЫ:

- ✓ Мүшеқапсыз жыныстық қатынас кезінде: бұл жағдайда жанасудың әсерінен теріде және шырышты қабықта пайда болатын микробтарға шауқат, қынап ылғалы және қан енуі мүмкін;
- ✓ Жыныстық жолмен берілетін жұқпалар туындататын жыныс органдарының қабыну аурулары (мерез, соз, генитальді герпес, трихомониаз және т.б.) АҚТҚ берілу қаупін өсіреді;

- ✓ Бөтен адамның шприцтері мен инелерін пайдалану (мысалы, есірткіні тамырға енгізу кезінде);
- ✓ АҚТҚ жұқпаланған адамнан зақымданған қан немесе оның құрауыштарын құйғанда, мүшелері мен тіндерін (тканьдерді) ауыстырғанда;
- ✓ Стерильденбеген хирургиялық және егу құралдарын әр түрлі мақсаттарда қолдануда;
- ✓ АҚТҚ жағымды анадан аяғы ауыр кезінде, босанғанда және емізгенде балаға беріледі.

#### АҚТҚ берілмейді:

- Жөтелгенде немесе түшкіргенде ауа арқылы
- Тамақ арқылы
- Су арқылы
- Жүзу бассейнінде
- Қол алысқанда
- Сүйіскенде
- Ыдыс арқылы
- Төсек жаймалары арқылы
- Киім және аяқ киім арқылы
- Моншаға түскенде
- Ортақ дәретхананы қолданғанда
- Жәндіктер шаққанда

**Адам өзінің АҚТҚ жұқтыру қауіптілігін бағалай білуі маңызды.**

#### Жас адамдар мыналарды білу керек:

Адамда АҚТҚ бар-жоғын сырт белгілеріне қарап анықтау мүмкін емес.


Адам өзінде АҚТҚ барын білмеуі мүмкін, сондықтан өзі қауіптенбей басқа адамдарға жұқтыруы ықтимал.

Жыныстық жолмен берілетін жұқпалар АҚТҚ жұқтыру қаупін арттырады.

Адам өзінің жұқтыру қаупін бағалай білсе, АҚТҚ-дан сақтана алады және АҚТҚ жұқтырудың алдын алу шараларын қолдана алады.

## Модуль 3

### АҚТҚ-НЫҢ АДАМНЫҢ ҚОРҒАНЫШ ЖҮЙЕСІНЕ ӘСЕРІ





## АҚТҚ-НЫҢ АДАМНЫҢ ҚОРҒАНЫШ ЖҮЙЕСІНЕ ӘСЕРІ

### Шолу:

**Адамның қорғаныш тапшылығы** – қорғаныш жүйесінің басты торларына (Т- лимфоциттер) шабуыл жасап және бүлдіріп қана қоймайды, сондай-ақ оның құрауыштарының арасындағы байланыстарды да бұзатын өте қауіпті қоздырғыш.

Уақыт өткен сайын организмдегі қоздырғыш саны көбейеді. АҚТҚ-ның қатысуы қорғаныш жүйесіне үнемі жүк түсіреді, қоздырғыш көп болған сайын Т-лимфоциттер көбірек зақымданады. Бірте-бірте организм кез келген жұқпаларға қарсы тұру қабілетін жоғалтады және бұл жағдай қорғаныш тапшылығы деп аталады.

### Мақсаты:

Оқушылардың АҚТҚ туындататын қорғаныш тапшылығының дамуы туралы түсініктерін қалыптастыру.

**Міндеттері:** Төмендегілерге түсінік беру.

1. Қорғаныш жүйесі деген не және ол қалай жұмыс істейді?
2. АҚТҚ қандай торларға «орналасуға» тырысады?
3. АҚТҚ - жұқпасы қалай дамиды?
4. АҚТҚ бойынша қашан тексерілген жөн және «терезе» кезеңі деген не?
5. Қорғаныш тапшылығының дамуына не ықпал етеді?
6. Оппортунистік жұқпалар және ЖҚТБ деген не?

### Жабдықталуы:

«Қорғаныш жүйесінің құрамдас бөліктері мен оның қызметтері» тарату материалдары, скотч, маркерлер, «Қорғаныш жүйесінің қызметі», «Т-лимфоцитте АҚТҚ-ның көбеюі» сызбалары.

### Сабақ барысы:

#### 1 жаттығу. «Ой шабуылы»

Оқытушы: «Қорғаныш жүйесі деген не және оның қызметтері қандай?»

деген сұрақ қояды. Идеялар талқылаусыз тақтаға жазылады. Сонан кейін педагог қорғаныш жүйесіне анықтама береді және оның қызметтерін толықтырып түсіндіреді.

#### 2 жаттығу. Шағын дәріс

Оқытушы қорғаныш жүйесі қалай жұмыс істейтінін түсіндіреді, оның бөліктерін атайды және олардың қызметтері туралы айтады. Оқытушы материалды түсіндіру кезінде қорғаныш жүйесінің органдары мен торларын атап өтеді (әр торды жеке қарастырып, оның қорғаныштық жүйеге жауап рөліне тоқталған жөн), АҚТҚ қандай торларға «орналасады» және АҚТҚ енгеннен кейін қорғаныш жүйесінде қандай өзгерістер болады, қорғаныш тапшылығы қалай пайда болады, оппортунистік жұқпалар дегеніміз не деген мәселелерге тоқталуы қажет. (3 модульге арналған материалдар қорын қолданыңыз).

#### 3 жаттығу.

Оқытушы «Қорғаныш жүйесінің блоктармен АҚТҚ организмге түскенге дейінгі қызметі» және «Қорғаныш жүйесінің организмге АҚТҚ енгеннен кейінгі қызметі» сызбаларын (№1, 2 қосымша) түсіндіргенде, АҚТҚ енгеннен кейін және қорғаныш жүйесінің жағдайы, әрбір торының қызметі қалай өзгертініне ерекше мән беріп тоқталады.

**Ескерту:** Материалды түсіндіру кезінде қабылдауды жеңілдету үшін қорғаныш жүйесінің торларын бейнелік атаулармен атаған ыңғайлы. **Мысалы:** «офицерлер», «нысаналар», «солдаттар», «таксилер», «баспаналар» және т.б.

#### 4 жаттығу.

«АҚТҚ-ның көбеюі» сызбасын көрсету және түсіндіру (№3 қосымша)

#### 5 Жаттығу.

Көрсетілген материалдарды пысықтау үшін мұғалім оқушыларға сұ-



рақтар қояды: Адам организміне АҚТҚ енгеннен кейін қорғаныш жүйесі торларының қызметі қалай өзгереді?, Қорғаныш тапшылығы қалай пайда болады?, Оппортунистік жұқпалар және қорғаныш тапшылығы дегеніміз не?, ЖҚТБ деген не?

## 6 жаттығу.

### Жағдаяттық тапсырма

Бұл тапсырманы орындау барысында «АҚТҚ жұқпасының дамуы» диаграммасын (№4 қосымша) қолдану қажет. АҚТҚ-ға тестілеуде неге «жалған» жағымсыз нәтижені алуы мүмкін, «терезе кезеңі» деген не екендігін түсіндіріңіз. Қорғаныш блоты ұғымын түсіндіріңіз. Қауіпті мінезқұлқы бар адамға АҚТҚ-ға тексерілу неге қажет екенін және бұл оған не беретініне де тоқталу қажет.

Жағдаяттық тапсырма: Жас жігіт досының туған күнінде ішімдіктен мас болып, мүшеқапсыз жыныстық қатынаста болған. Ертеңіне АҚТҚ-ға тексерілмек болды.

Шешім уақытында қабылданды ма, талқылаңыздар.

Талқылау барысында егер жұқпаланғаннан бері 3 ай мерзім өтпеген болса, АҚТҚ-ға тестілеу «жалған» жағымсыз нәтиже көрсетуі мүмкін екендігіне оқушылардың назарын аударыңыз.

**99 пайыздан астам жұқпаланғандар жағымды нәтижені 3 айдан соң береді.**

АҚТҚ жұқпалануды анықтайтын стандартты тестер қоздырғыштың өзін емес, қандағы АҚТҚ-ға антитендерді анықтауға арналған.

АҚТҚ-ға жағымды нәтижені тек «қорғаныш блоты» деп аталатын арнайы тест қана анықтайды (сөздікке қараңыз).

## 7 жаттығу «Себет» ойыны

Берілген материалдарды оқушылар қалай меңгергенін бағалау үшін «Себет» ойыны ұсынылады. Оқушыларға қорғаныш жүйесі торларының суретін салып, қорғаныш тапшылығы дамуын қандай үлгіде беруге болатыны туралы ойланып келуді үй тапсырмасы ретінде беруге болады.

Оқушылар үш топқа бөлінеді, қатысушылардың әрқайсысы себеттен бір сұрақтан алады, ҚЖ-нің құрамдас бөліктері және олардың қызметтерін атайды. Анық емес жауаптар басқа топтардың қатысушыларымен толықтырылады. Ойын соңында әр топтың дұрыс жауаптарының саны есептеледі. Ойынның екінші кезеңі – АҚТҚ-ның адам организміне енгеннен кейінгі қорғаныш тапшылығы дамуының үлгісін жасау (мұнда суреттерді пайдаланған жақсы). Үлгіні тақтада да жасауға болады.

**Екінші нұсқа** - орындықтарды шеңбер бойынша қояды. Шеңбер адам организмін, яғни оның қорғаныш жүйесін барлық құрамдас бөліктерімен бейнелейді. Шеңберге АҚТҚ енеді де, қатысушылар қорғаныш тапшылығының дамуы үлгісін жасайды. Қорғаныш жүйесі бүлінгеннен кейін, шеңберге басқа қоздырғыштар «антигендер» - құрт ауруы, герпес, яғни оппортунистік жұқпалар баса көктеп кіреді. Осылайша адамда ЖҚТБ дами бастайды.

### Материалдар қоры:

#### **АҚТҚ -адамның қорғаныш тапшылығы қоздырғышы.**

Қорғаныш, қорғаныш тапшылығы дегеннің не екенін және АҚТҚ организмге енгеннен кейін не болатынын түсіну үшін қорғаныш жүйесі ұғымын, оның қызметтерін және құрауыштарын анықтау қажет.

*Қорғаныш (латын тілінен аударғанда *immunitas* босау, құтылу) тірі денелердің өз тұтастығын және биологиялық жеке ерекшелігін сақтай отырып, бүлдірші агенттердің іс-қимылына қарсы тұру қабілеті, организмнің қорғаныштық әрекеті.*

Қорғаныш барлық тірі организмдер үшін эволюция үрдісінде құрылған маңызды сипаттамалардың бірі болып табылады. Қорғаныш механизмдерінің жұмыс принципі бөтен



құрылымдарды тану, қайта жасау және элиминациядан (жою) тұрады. Қорғау арнайы емес (туғаннан, табиғи) және арнайы (кейіннен пайда болған) қорғаныш жүйелерінің көмегімен жүзеге асады. Бұл екі жүйе организмді қорғаудың біртұтас үрдісінің екі кезеңін білдіреді. Арнайы емес қорғаныш қорғаудың алғашқы сызығы және қорытындылаушы кезеңі ретінде, ал жүре пайда болған қорғаныш бөтен агентті арнайы тану мен есте сақтаудың аралық қызметін және табиғи қорғаныштың күшті құралдарын үрдістің қорытындылаушы кезеңінде қосу жұмыстарын орындайды.

Қорғаныш жүйесі организмді жұқпадан қорғауды, сондай-ақ өз организміндегі бұзылған, ескі және генетикалық өзгерістерге ұшыраған торлар мен молекулаларды қорғауды қамтамасыз етеді.

Адам организмнің иммундық жүйесі лимфоциттерді шығаратын және жинайтын, антитендерді жасайтын органдарды біріктіреді. Мұндай органдарға қызыл сүйек миы, тимус, өттің лимфа түйіндері мен Пәйстің асқазан пластинкалары жатады. Аталған органдар өткен бөлімдерде жақсы қарастырылғандықтан, біз оған ұзақ тоқталмаймыз.

*Қорғаныштық жүйе адам организмде негізгі үш қызмет атқарады:*

**1.Қорғау:** Қорғаныштық жүйе ең алдымен организмді ауру қоздырғыш микробтардан, қоздырғыштардан және қарапайымдардан қорғауды қамтамасыз етеді.

**2.Біздің денеміздің әртүрлі органдарындағы жұмысын аяқтаған, қартайған торларды ауыстыру.**

**3. Денеміздің бөліктерін «жөндеу», жараларды жазу.**

Қорғаныш жүйесінің мүшелері: «солдаттар» өндіру үшін «фабрикалар»: тимус (асқазан безі), жілік майы, көк бауыр, лимфа тамырлары.

Қорғаныш жүйесінің торлары: лимфоциттер, макрофагтар және т.б.

Біздің қанымызда «ақ» және «қызыл» торлар бар.



«Т» - торлар деп олар асқазан безі, тимуста пісіп жетілгендіктен атаған.

**Макрофагтар** - барлық жұқпалар кезінде олар «санитарлар» ретінде қызмет атқарып, бөгде қас торларды бұзады және жояды (антигендер –АГ).


Макрофагты кейде үлкен ашқарақ деп атайды. АҚТҚ-дан басқа жұқпалардың барлығында олар «шекарашылар» және «санитарлар» ретінде қызмет атқарады.

**Лимфоциттер** - орғаныштық жүйенің басты торлары АГ-ді бөтендерден/қоздырғыш, бактерия т.б./ қорғануды қамтамасыз етеді. Олар жетілу орындарына байланысты «Т» және «В» торларына бөлінеді.

«Т»-торлары /лимфоциттер/ асқазан безінің тимусында жетіледі (тимус – қорғаныш жүйесінің орталық мүшесі).

«В»-лимфоциттері - жілік майында жетіледі. «Т» және «В» торлары жетілу үрдісінде АГ антигендер үшін қабылдағыштар (CD) пайда болып, аталған тормен байланысқа енуі мүмкін

**«Т»-лимфоциттерінің бөлінуі:**







**АГ-антигендер** - бұлар біздің организм үшін «бөтен» жаулап алушылар (қоздырғыштар, бактериялар, саңырауқұлақтар, уыттар).

**АГ-антигандер** организмде антигендердің пайда болуына қарсы түзілетін (ерекше) белоктар. Олардың түзілуіне В-торлары жауап береді.

ҚЖ қалай жұмыс істейтінін түсіну үшін оның қызметін блоктар бойынша қарастырамыз (қосымшаны қара)

### 1.Қарауыл блогы АГ-ден қорғаныс сызығы («бөтендер»)

Макрофаг–АГ бөтенді таниды және жояды. Шекарашы санитар ретінде қимыл жасайды. Егер макрофаг барлық АГ-ларды жоя алмаса, ол дабыл соғады да, №2 блокты жұмысқа қосады.

### 2. Ақпарат сақтау және сәйкестендіру блогы.

Бұл блок қуатты зертхана қағидасымен жұмыс істейді. Организмдегі “бөтеннің” белгісінен кейін зертхана «бөтенді» табу бойынша ізденушілік жұмысын бастайды (оның құрамы және оған қандай белоктар кіреді және т.б). АГ-ге, «бөтенге» алынған барлық ақпараттар №3-блокқа беріледі.

### 3. АГ-ні іздеу және жоюға дайындық блогы.


Бұл ҚЖ-ның ең басты блогы. Бұл блогта басты Т торы СД4-хелпер/көмекші/бар. Бейнелі түрде оны «офицер» деп атайды. Макрофагтан Т торы СД 4 — хелпер белгі алған соң Т торы СД8 киллер өлтіргішіне «Бөтенді тауып және жою» туралы бұйрық береді және В-лимфоциттеріне В торлары АГ-ны тауып зерттеген соң, олар АД-ні өндіре бастайды. Антиденелер АГ-ге тіркеліп, (АГ+Ад) кешенін құрайды. Осының арқасында ТСД8 киллер өлтіргіш АГ –ні («бөтенді») оңай таниды. В-лимфоциттері Т-торлары СД8 өлтір-гіштерге бөтеннің табылғаны және қайда екені жайлы хабар береді.

### 4. Жою блогы.

«Т» торы — өлтіргіш, ТСД4 «офицер» басты торынан бұйрық алып, АГ-«бөтенді» табады және жояды.


АҚТҚ (АГ) қан жүйесіне түскен кезде жағдай басқалай болады. АҚТҚ-ның басты нысанасы қорғаныш жауабының дамуында басты роль атқаратын Т- лимфоциттері СД4-торлары (хелперлер). АҚТҚ - Т лимфоцитін (СД4) бұзатын және қорғаныш жүйе құрамдары байланысын бұзатын **ерекше қоздырғыш**. АҚТҚ олардың біреулерін көбею үшін, біреулерін «такси» ретінде пайдаланады.

**Макрофаг – шекарашы немесе үлкен «жұтқыш»**, АҚТҚ макрофагтың қызметтік ерекшелігін өзгертіп, «такси» ретінде пайдаланады. Макрофаг қорғаныш жүйесінің басты торына Т-лимфоцитке (хелпер) организмдегі «бөтен» туралы белгі береді.




**Т-ЛИМФОЦИТЫ - (СД4)** қорғаныш жүйесінің басты көмекшісі. Оларды жалпы **ҚОРҒАНЫШ ЖҮЙЕСІ СОЛДАТТАРЫНЫҢ ОФИЦЕРЛЕРІ** деп атайды, өйткені қорғаныш жауапкершілігінде орталық роль атқарады. (СД4) В-лимфоциттерге және Т-киллерге (СД8) **БӨТЕНДІ ТАУЫП ЖОЮ** бұйрығын береді.

Осы уақытта (СД4) торының бөліктері АҚТҚ-мен зақымданады (АҚТҚ-ны көбею сызбасын қара)




**АҚТҚ** Т-лимфоцитіне /CD4/ шабуыл жасап, оларды көбею үшін қолданып, соңынан жойып жібереді.

**В – торлары** /АД–ны өндіруге жауапты/ - лимфоциттен (CD4) бұйрық алып, АҚТҚ-ны іздеуге кіріседі. АҚТҚ табылып және зерттегеннен кейін В торы АГ+АД блогын құра отырып АГ-ны шектеу үшін /АҚТҚ/ АД-ны өндіруді бастайды. Қаннан ерекше АД-ның табылуы адамның АҚТҚ-мен ЖҰҚПАЛАНҒАНЫН дәлелдейді



**Т-ЛИМФОЦИТ /КИЛЛЕР/ ӨЛТІРГІШ /CD8/** қорғаныш жүйесінің басты торынан Т-лимфоциттен /CD4/ «АҚТҚ-ны ТАБУ ЖӘНЕ ЖОЮ» бұйрығын алады.



**Т-ЛИМФОЦИТІ (КИЛЛЕР)** - адамның қорғаныш тапшылығы қоздырғышының басты қаруы, бірақ АҚТҚ өте «қу», өйткені ОЖЖ/орталық жүйке жүйесі/ торларына жасырына алады. (Іс жүзінде) қоздырғыш бұл торларды «баспана» ретінде пайдаланады). Ол осы жерде ұзақ болып, қан ағымына еніп, CD4 торында көбею үшін оны



іздеуге шығады. Қоздырғыш жүйке торында болғанда ол көбеймейді және жойылмайды, өйткені ол «өлтіргіш» торларына көрінбейді және АД-ға жеткізбейді.

**Осылайша, АҚТҚ қоздырғышы адам организміндегі әртүрлі торларға еніп, кейбіреуін көбею үшін, ал біреулерін «такси» және «баспана» ретінде пайдаланады.**

### ҚОРҒАНЫШ ТАПШЫЛЫҒЫ НЕДЕН ТУЫНДАЙДЫ?

Уақыт өткен сайын организмдегі қоздырғыштар саны арта түседі. Қоздырғыштың организмде тұрақты болуы қорғанышты үнемі шиеленісте ұстайды. Қоздырғыш СД4 торлардың жаңаларын үсті-үстіне зақымдай түседі. Қоздырғыш неғұрлым көп болған сайын, соғұрлым СД4-торлар көбірек зақымданады. Бұл қарсыластар бірінбірі көбірек шаршатуға тырысқан, ұзаққа созылған соғысты еске түсіреді. Бұл жағдайда қоздырғышта мүмкіндік көбірек. Әр организмнің өз қоры және өз қарымы бар, бірақ олар шексіз емес. Нәтижесінде «өлтіруші» торларда қоздырғышты құрту мүмкіндігі азаяды, өйткені СД4-торлар барлық жұқпалармен күресуі қажет болғандықтан организмде науқастануға қарсы мүмкіндік төмендейді. Қорғаныш тапшылығы дами бастайды.

**Қорғаныш тапшылығы** — бұл жұқпалардан қорғану қабілетінің жоғалуы. Бұл ауру емес, әртүрлі жұқпаларға әлсіз болу жағдайы. Мұндай жағдайда адам тұмау, герпес, іштің өтуі сияқты қарапайым жұқпалар алдында ғана емес, сондай-ақ дені сау адамда науқас туғызбайтын бактериялар мен қоздырғыштар алдында да әлсіз болады. Мысалы: өкпеде өмір сүретін бактериялар (пневмоциста карини) қорғаныш тапшылығы кезінде өкпенің қауіпті зақымдануы-пневмоцистік пневмонияға соқтыруы мүмкін.

### ОППОРТУНИСТІК ЖҰҚПАЛАР ДЕГЕН НЕ?

Бұл сау қорғаныш жүйесінде адам организмне зиян келтірмейтін, бірақ

қорғаныш тапшылығы болғанда қауіпті аурулар шақыруы мүмкін жұқпалар. Ағылшын тілінен аударғанда «оппортунистік» деген кездейсоқтықты пайдаланушылар дегенді білдіреді. Бұл - герпетикалық жұқпа, өкпе құрты (туберкулез) пневмоцисттер т.б. болуы мүмкін.

### ЖҚТБ ДЕГЕН НЕ?

ЖҚТБ - жұқтырылған қорғаныш тапшылығы белгісі. Бұл қорғаныш жүйесінің зақымданғанын білдіретін қабылданған белгілер (симптомдар) жиынтығы. «ЖҚТБ» ұғымының өзі жасанды медициналық термин болып табылады және тексерілушілердің ауыр жағдайын белгілеу үшін қажет. ЖҚТБ - АҚТҚ жұқпасының соңғы сатысы.

### АҚТҚ-НЫ ҚАЛАЙ БАЙҚАУҒА БОЛАДЫ?

Адам АҚТҚ-мен зақымдануын білудің жалғыз жолы бар, ол қанда АҚТҚ-ға антитәннің бар-жоғына талдау (анализ), яғни тексеру жасау.

**Тестің оң нәтижесі.** Адамда АҚТҚ -ға антитәннің барлығы, бұл адамның АҚТҚ-мен зақымданғанына негіз береді.

**Тестің теріс нәтижесі** АҚТҚ-ға антитәннің жоқтығы. Тест жағымсыз нәтижені төменгі жағдайларда береді:

- Адам АҚТҚ-мен зақымданбаса;
- Адам АҚТҚ-мен зақымданғанымен, организм әлі қоздырғышқа жеткілікті антитән жасап шығарған жоқ, мұндай жағдай «терезе» кезеңі деп аталады.



Модуль 4

АҚТҚ  
ЖӘНЕ ЕСІРТКІ





## АҚТҚ ЖӘНЕ ЕСІРТКІ

### Шолу

Инъекциялық жолмен есірткі тұтыну елде АҚТҚ таратудың негізгі факторы болып табылады. АҚТҚ жұқтырған анықталған жағдайлардың 73 пайызын инъекциялық жолмен есірткі (ИЕТ) тұтынушылар құрайды. Бағалау мәліметтеріне сәйкес республикада 129 000 жуық ИЕТ бар. Ресми мәліметтер бойынша елде тіркелген АҚТҚ жұқтырған ИЕТ саны 6821.<sup>7</sup>

Нашақорлықтың өсуі — бұл әлемдегі медициналық - әлеуметтік ең ауыр мәселелердің бірі болып табылады. Қазақстанда есірткіні медициналық емес жолмен пайдалану күннен-күнге қауіпті бола түсуде.

Нашақорлар арасында АҚТҚ таралу қаупі тек инъекциялық есірткіні стерильденбеген құралдармен қабылдауға ғана байланысты емес. Көптеген психоактивті заттар оны қалай қабылдағанына қарамастан, жасөспірімдерді АҚТҚ-мен зақымдану қаупіне ұшыратады. Есірткі олардың мінез-құлқына әсер етіп, тәуекелге жиі барады. Мұның барлығы қатты алаңдатушылық туғызады.

### Мақсаты:

Жасөспірімдердің психоактивті заттарды қабылдаудан бас тарту уәжін қалыптастыру.

### Міндеттері:

- жасөспірімдердің мәселе бойынша ақпараттану деңгейін анықтау;
- есірткі заттарын тұтынудың мүмкін уәждерін, дәлелдерін анықтау;
- психологиялық тәуелділік, есірткіні тұтыну себептері мен зардаптары жөнінде нақты ақпарат беру;
- таңдау жасау кезінде жасөспірімдерде жауапты шешімдер қабылдау қабілетін қалыптастыру;
- жеткіншектердің материалды игеру деңгейін тексеру және алған білімдерін нақты өмірде қолдана білуіне ынталандыру.

<sup>7</sup> БҰҰ ССҒА АҚТҚ/ЖҚТБ -мен күреске бейілділігі Декларациясының орындалуы туралы ұлттық баяндама, Қазақстан Республикасы, 2006 қаңтар - 2007 желтоқсан есеп беру кезеңі

### Жабдықталуы:

қағаз, маркерлер, шприц, скотч, апиын нашақорлығы мысалында тәуелділік қалыптасу жөніндегі кесте.

### Сабақ барысы:

#### I жаттығу

Оқытушы оқушылардан мәселе туралы ақпараттылық деңгейін анықтау мақсатында төмендегі сұрақтарға жауап беруін сұрайды.

1. Адамдар неге есірткі қабылдайды?
2. Есірткі қабылдаудың қандай зардаптары болуы мүмкін?
3. Қалай ойлайсыз, жасөспірімдер есірткіні неше жастан бастап және қандай түрлерін қабылдай бастайды?
4. Жасөспірімдер есірткі қабылдаудан бас тарта ала ма?
5. Сіз есірткі қабылдайтын адамдарды білесіз бе?
6. Сіз нашақорлық - күрделі мәселе деп ойлайсыз ба?

Қысқа пікір алмасулардан кейін оқытушы «есірткі», «нашақорлық» ұғымдарына түсінік береді.

### ЕСІРТКІ

-бұл түрлі психологиялық немесе тәндік ауытқуларға соқ-тыруы мүмкін, сана мен мінез - құлыққа әсер ететін заттар. Олар біздің санамызды белгілі бір уақытқа еліртеді, тыныштандырады немесе өзгертеді.

### НАШАҚОРЛЫҚ

- бұл ауыр созылмалы ауру. Есірткіге тәуелділік бүкіл өмір бойына сақталуы мүмкін.

Есірткі организмге әр-түрлі тәсілдермен енгізіледі, көктамырға енгізілетін есірткілер ерекше қауіптілік туғызады. Егер адам басқаның шприцін, инесін, басқа да құралдарын есірткіні дайындау мен егу үшін пайдаланса



немесе өз шприцін берсе қауіптілігі жоғары болады. Бұл жағдайда есірткі қабылдағандар АҚТҚ, гепатит В, С және тағы басқа жұқпаларды жұқтыру қаупіне ұшырайды.

Заңсыз сақтағаны, дайындағаны және таратқаны үшін қылмыстық жауапкершілікке тартылатын есірткі заттарының тізімдері бар.

Одан кейін мұғалім оқушыларды 2 топқа бөледі. 1 топқа қағаз парақтарына есірткі қабылдаудың себептерін, 2 топқа есірткіні қабылдаудың зардаптарын жазуды ұсынады. 10 минут өткен соң тақтаны екі бөлікке бөліп, сол жағына есірткіні қабылдау себептері, оң жағына – зардаптары жазылады.

**Мысалы:**

Себептері	Зардаптары
1. Қанағаттану	1. Адамның өзгеруі
2. Қызығушылық	2. Артық қабылдау қаупі
3. «Компания» үшін	3. Оқудағы қиындықтар, достарын жоғалту
4. Қоршаған адамдардың қысымымен	4. Есірткіге тәуелділік
5. Құрдастарының беделді компанияларына еліктеу	5. АҚТҚ, гепатит және басқа жұқпалар жұқтырудың жоғары қаупі
6. Проблеманы ұмытуға ұмтылу	6. Заңмен және полициямен қиындықтар
7. Күйзелісті жою	7. Созылмалы аурулардың дамуы (құрт ауру, бауыр, өкпе, жүректің зақымдануы)
8. Жалғыздық	8. Аллергиялық реакциялар
9. Іш пысушылық	9. Ата-анасымен және қоршаған адамдармен қарым-қатынастың күрделенуі
10. Үмітсіздікті сезіну	10. Үнемі ақшаның жетіспеушілігі (ұрлық)
	11. Кездейсоқ жыныстық қатынастар

Пікірталас барысында оқытушы есірткіні бір рет қана қабылдаудың өзі ауыр зардаптарға әкелуі мүмкін екендігіне назар аударады. Одан

кейін оқытушы айтылған зардаптардың ішінен есірткіні 1 рет қолданғаннан АҚТҚ жұқ-тыру қаупін жоғарылататын зардаптарға назар аудартады (жадығат қорына қараңыз). Айтылмай қалған зардаптарды қосып айтады.

**ЕСІРТКІ ҚАБЫЛДАУДЫҢ  
ЗАРДАПТАРЫНАН  
ҚҰТЫЛУДЫҢ  
ЖАҚСЫ ТӘСІЛІ -  
ОЛАРДЫ МҮЛДЕМ  
ПАЙДАЛАНБАУ**

**2 жаттығу «Есірткіге тәуелділік»**

Оқытушы жұмыс қағаздарымен жұмыс істеугі ұсынады. Қатысушылардан «Неге есірткі қолданушыға оны қолданудан бас тарту өте қиын немесе мүмкін емес?» деген сұраққа жауап жазу ұсынылады.

- 1.
- 2.
- 3.

Бұған бірнеше себептер болуы мүмкін.

Парақтарды толтырудың нәтижесі бойынша мұғалімнің қорытындылаушы түйін сөздерімен аяқталатын қысқаша пікірталас өткізіледі. Түйін сөздерде есірткіге тәуелділік құбылыстарына ерекше назар аударылады.

**Әңгімелесудің үлгі мәтіні:**

Біз есірткі заттарын қолдаунудың қауіптілігі туралы жиі айтамыз, бірақ кейде оның қауіптілігі неде екенін түсіне бермейміз. Бізге жанасудың өзі өлімге жеткізетін заттар кездесіп жатады, бірақ олар есірткі сияқты мәселе емес, себебі тәуелділік туғызбайды. Егер тәуелділік болмаса, наша-қорлық та болмас еді.

**Тәуелділік** - бұл бір нәрсеге құмар болу, залалды әдет. Тәуелділіктің 2 түрі болады: **психологиялық және денелік**. Ең қауіптісі - психологиялық тәуелділік (№4 модульге қосымшаны қараңыз).

**Психологиялық тәуелділік** бұл есірткісіз өмірдің мәні болмайтынын



көрсететін құбылыс. Есірткі өмірдің мәніне айналады. Жасөспірімнің мінез-құлқы өзгереді, ашушаңдық пайда болады. Озат оқитындарды сабақ енді толғандырмайды. Жасөспірімдер бұған дейінгі құндылықтары мен мақсаттарынан бас тартады. Барлық ойлары тек есірткіге шоғырланады. Адам есірткіге мас болудан тіпті өміріне қауіп төнсе де тоқтамайтын болады. Негізгі инстинкт - өзін қорғау сезімі өшіріледі. Психологиялық тәуелділік психоактивті заттарды алғаш рет қолданғаннан бастап-ақ дами бастайды. Сонымен бірге дәл осы кезеңде үлкендердің (ата-анасы, мұғалімдердің) араласуының маңызы зор. Жарқын қызығушылықтардың пайда болуы психологиялық тәуелділікті әлсіретіп, тіпті жойып та жіберуі мүмкін.

**Дене тәуелділігі** – денелік сезінудің бұзылуынан, есірткі организмнің алмасу үрдісінің бөлшегіне айналғанда болатын жағдай. Есірткісіз организм қалыпты жұмыс істей алмайды. Дене тәуелділігі ауру өте шегіне жеткенін көрсетеді. Есірткіні қабылдауды кенеттен тоқтату «ломқаға», буындардың, еттердің ауыруына, жүрек-тамыр жүйесінің және басқа ағзалардың бұзылуына жеткізеді. Дене тәуелділігі кезеңі «керен» кезеңге ұласады. «Керен» деп аталатын себебі осы кезеңде нашақор:

- есірткіні қабылдаумен байланысты қауіптіліктер (АҚТҚ, гепатит жұқтыру, артық қолданудан келетін өлім) туралы ақпараттарды «естімейді»;
- ол кез келген уақытта есірткіден бас тарта аламын және оған тәуелділікте болмаймын деп есептейді;
- нашақорлар қатарына жаңа адамдарды тартады.

Сабақ «Мен неліктен есірткіні қабылдап көруден бас тартамын» деген тақырыпта талқылаумен аяқталады.

### 3 жаттығу «Есірткіден бас тарт» рөлдік ойыны

Оқушыларға есірткіден бас тартудың 10 жолын және оны қабылдап көрудің 10 жолын ойдан мысалға келтіру тапсырылады. Нұсқалар тақ-

таға жазылып отырылады. Сонан соң қатысушылар жұпқа бөлінеді. Қатысушылардың біреуі есірткіні қасында отырғанға қабылдап көруді ұсынады, ал ол бас тартудың әр түрлі жолдарын келтіреді. Бас тарту сыпайы, бірақ нық болуы керек. Сонан соң қалған қатысушылар да осыны кайталайды.

#### Талқылау:

Бас тартудың лайықты жолдарын табу оңай болды ма?

Келтірілген бас тарту нұсқаларының қайсысы тиімді болды? Неге?

Қатысушылар өздерін үгіттеуші және бас тартушы рөлінде қалай сезінді?

Бас тартудың тағы қандай жолдары бар?

*Талқылау барысында оқытушы бас тартудың түрлерін категориямен нақтылайды:*

**Бас тарту** — анық және анық «ЖОҚ» деп айту.

**Кейінге қалдыру** — мен әлі дайын емеспін

**Ымырашылдық** — алдымен мыналарды істейік...

#### Қорытынды:

Бас тартудың нұсқалары көп, бірақ олар сенімді және нық болуы керек.

#### 4 жаттығу «Жоба»

(үйге тапсырма ретінде пайдалануға болады)

"Егер мен Н қаласының әкімі болсам, онда өз қаламда нашақорлық пен АҚТҚ-ның таралуына жол бермеу үшін не істер едім? "

Сынып бес топқа бөлінеді. Әр топқа тапсырма беріледі.

**I ТОН** – бұл мәселелердің Н қаласы аумағында таралуын ашып көрсетуі тиіс

**II ТОН** – жасөспірімдердің есірткіні тұтыну себептерін/алдын ала сауалнама жүргізе отырып) түсіндіреді.

**III ТОН** – мәселелерді шешу үшін басқа қалаларда атқарылып жатқан істерді баяндайды.



**IV ТОН** – жобаның мақсатын және нашақорлық пен АҚТҚ-ның Н қаласында таралуының алдын алу жолдарын көрсетеді.

**V ТОН** – жобаның неге тиімді болатынын және бұл жағдайда Н қаласы тұрғындарының құқығы бұзылмайтынын түсіндіруі қажет.

Жобаның тұсаукесері бүкіл сыныпты оны жасаудағы ұжымдық қуатын көрсетуі тиіс.

Тұсаукесерден кейін жобаның күшті және әлсіз жақтары талқыланады.

### Материалдар қоры

Қазақстандағы АҚТҚ індетінің негізгі таралу жолы — есірткіні инъекциялық жолмен тұтыну. Нашақорлық пен АҚТҚ соңғы кезде «гордый түйініне» айналып кетті. Есірткіні инъекциялық жолмен тұтынушы нашақорлар АҚТҚ-мен зақымдануға өте бейім, өйткені олар басқалардың немесе ортақ шприцтер мен инелерді пайдаланады, егер оларда тіпті көзге көрінбейтін қан қалдығы қалса да, АҚТҚ топта тез таралады.

Есірткіге тәуелділер арасында АҚТҚ-ның таралу қаупі тек есірткіні инъекциялық тәсілмен қабылдауға ғана байланысты емес, психикалық активті заттардың көпшілігі инъекциялық немесе басқа тәсілмен қолданылатынына қарамастан, адамға АҚТҚ-мен зақымдану тудырады, өйткені оның мінез-құлқына әсер етіп, оны қауіпті жасай түседі. Мысалы, есірткі немесе ішімдіктің әсерімен адам өзіне бақылауды жоғалтып, мүшеқапсыз кездейсоқ жыныстық қатынасқа барады, бұл АҚТҚ және басқа да жыныстық жолдармен берілетін ауруларды жұқтыру қаупін туғызады.

Есірткіні инъекциялық тәсілмен қабылдау АҚТҚ-ға жағымды әйелдерден жүктілік кезінде, босанғанда және емізгенде балаларына АҚТҚ-ны жұқты-руды өсіреді.

Жасөспірімдер әртүрлі себептермен есірткі қолдануды бастайды. Бұл әсіресе би кештерінде, түнгі клубтарда жиналатын жасөспірімдер топтарына тән қызық көрушілік, еліктеушілік болуы мүмкін.

Бүгінгі күні, көптеген зерттеушілер, есірткіні өздерінің “еркіндігі”, субмәдениетінің бөлігі деп есептейтін жастардың көбейе түскенін, бірақ олар “еркіндіктің” есірткіге тәуелді-

лікпен алмасатынын ұмытқандықтарын атап көрсетеді.

Жастар ортасында есірткі тұтыну белсенді түрде сөнге айнала бастады, жасөспірімдер арасында «жеңіл» есірткілер танымал, Наркомафияның қоғамның енжарлығы аясындағы шектен тыс белсенді іс-әрекеті жағдайдың одан әрі ушығуын болжауға әкеледі.

*Есірткілік заттардың қолданылуы Заңмен реттелген: Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 259 бабы бойынша есірткі тұтынушылар есірткі заттарын заңсыз әзірлегені, сатып алғаны, сақтағаны, салып жібергені, тасымалдағаны немесе таратқаны үшін жауапкершілікке тартылады.*

АҚТҚ-жұқпасының дамуы нашақорлық мәселесін шешудегі жаңа көзқарастарды, есірткіні инъекциялық қолдану кезіндегі зақымдану қаупін төмендететін амалдарды талап етуде. Зиянды төмендету стратегиясы, есірткіні жай ғана тәжірибе ретінде қолданатыннан, оны тәндік тәуелділігіне байланысты еріксіз қабылдайтындарға дейін барлық тұтынушылар үшін есірткінің зиянды зардаптарын қысқартуға бағытталған.

Алдын алу шаралары АҚТҚ-ның таралуын болдырмауға және есірткі тұтынушылардың қауіпті мінез-құлқын өзгертуге ықпал етеді, ол АҚТҚ мен ЖҚТБ мәселелері бойынша білім беру, инелер мен шприцтер тарату, есірткіге тәуелділерге кеңес беру мен оларды емдеу жұмыстарынан тұрады. Бірақ, жастар арасындағы білім беру бағдар-ламасының негізгі мақсаты жас ұрпақты есірткі пайдалануды бастаудан бас тартуға ынталандыру болып табылады.

### Оқытушыларға арналған ұсыныстар

Оқытушы ресейлік зерттеушілердің мәліметтері бойынша, героинді тек бір мәрте ғана қабылдаған адамдардың 30 пайызы психикалық тәуелділікке ұшырайтынына назар аудартады. («Апиын есірткісі мысалында тәуелділіктің қалыптасуы» сызбасын қараңыз). Оқушылардың назарын дәріханаларда болатын есірткілік құрамдағы заттарға аудартудың қажеті жоқ.

Сабақты өмірге сенімді тұрғыдан қарау ұстанымында аяқтаған жөн.



## Модуль 5

### ЖАУАПТЫ МІНЕЗ-ҚҰЛЫҚ - АҚТҚ-ДАН ҚОРҒАНУ





## ЖАУАПТЫ МІНЕЗ-ҚҰЛЫҚ - АҚТҚ-ДАН ҚОРҒАНУ

### Шолу:

Жасөспірімдердің мінез-құлық әрекетінің анағұрлым қауіпсіз жолға бағытталуын қамтамасыз ету бүгінгі таңда АҚТҚ-ның тарауын тежеудің негізі болып табылады.

Әрбір жеткіншектің өмірінде сан алуан қиындықтар мен қауіп-қатер кездеседі. Қиын да қауіпті жағдаяттарға ұрынып қалмау үшін ол төніп тұрған қатерді айқындай біліп, өз қауіпсіздігін сақтау ережелерін ұстануы керек.

Осы ережелердің ішінде елеулі орын алатыны - ерте жастағы жыныстық қатынастарды кейінге шегере білу. Бұл жағдайда жасөспірімге жағдайды бағалай білу, шешім қабылдай білу, «ЖОҚ» деп айта алу, әңгімені жүргізе білу (келісу) және өз сезімін білдірудің басқа да жолдарын білу көмектеседі. Ал егер жыныстық қатынастарды кейінге қалдыру мүмкін болмаған жағдайда, анағұрлым қауіпсіз жолды таңдауға бағыттап, АҚТҚ-ны жұқтыруға бөгет болатын жауапты құлық әрекетін қалыптастыру керек.

**АҚТҚ-НЫҢ ЖЫНЫСТЫҚ ЖОЛМЕН БЕРІЛУІНІҢ АЛДЫН АЛУҒА БОЛАДЫ**

### Ескерту:

Модуль бірнеше жеке сабақтардан тұрады, мұғалім өзі ыңғайына қарай, ол сабақтарды біріктіріп, не болмаса, жеке-жеке өткізуіне болады.

Көздеген мақсатқа жету үшін, ұсынылып отырған құралдан басқа, мазмұны жағынан модульдің тақырыбы мен мақсатына сәйкес келетін әдебиеттер мен жаттығуларды қолдануға болады.

Сонымен қатар, бұл сабақтарды жиналған топтың жас ерекшеліктеріне байланысты ұлдар мен қыздарды бөліп, аралас топта өткізуге де болады.

### Мақсаты:

Өзінің және жақындары мен достарының қауіпсіздігі үшін жауапкершілік сезімін қалыптастыру.

Өз тәртібі мен мінез-құлқын саналы түрде реттеу қабілетін қалыптастыру.

### Міндеттері:

- ✓ Қауіпсіз мінез-құлық ережелерін жасау.
- ✓ Жыныстық қатынасқа түсуді саналы түрде кейінге шегеру - дұрыс шешім екеніне жасөспірімдердің көзін жет-кізуге көмектесу
- ✓ Жасөспірімдерге “ЖОҚ” деп айтуды үйрету.
- ✓ Мүшеқапты қолданудың немесе қолданбаудың салдарын талқылау.

### Жабдықталуы:

Тақта немесе плакат, бор немесе түсті маркерлер (фломастерлер), А4 парақтары, үлестірме материалдар.

### Жұмыс барысы:

#### 1 Сабақ. Қауіпсіздік.

### Мақсаты:

жасөспірімдерде өздерінің, достары мен жақындарының және айналасындағылардың қауіпсіздігі үшін жауапкершілік сезімін қалыптастыру.

### Міндеттері:

1. Қатерлі жағдайлардың критерийлерін талқылау.
2. Қауіпсіз мінез - құлық ережелерін құрастыру.

### Сабақтың барысы.

#### 1.«Менің есімім...» ойыны.

Бұл ойынның көмегімен топты бірігіп жұмыс істеуге дайындауға және осыған сәйкес жағдай мен ынта-ықыласты құруға болады.

Топ шеңбер құрып отырады. Қатысушылардың бірі қағазға өз есімін және соған байланысты бір нәрсені жазады. Мысалы, «Менің атым



Сергей, бірақ мені достарым Сергеа деп атайды» Әрбір келесі оқушы да осылай істейді. Соңғы қатысушы жазып болған соң қағаз қабырғаға ілініп, барлық сабақтар біткенше сол жерде тұрады.

### 2. Қатысушылардың күтетіні.

Қатысушыларға: «сіз осы сабақта нені білгіңіз келеді?» деген сұрақ беріледі. Әрбір қатысушы өзінің күтетінін айтады.

«Күту шоғы», «күту себеті» немесе «күту ағашын» жасауға болады.

### 1. «Қисық жол» деген оқиғаны оқыңыз.

Қолы бос кезінде Марат курьер болып жұмыс істейтін. Бір күні қаланың екінші басына маңызды құжаттар апару керек болды. Марат көп ойланбастан автобуска мініп жүріп кетті. Жол алыс болғандықтан, көзі ілініп кетіпті. Оянса, қолындағы бумасы жоқ екен. Не істерін білмей қиналған жасөспірім қала көшелерін кезіп ұзақ жүрді. Кенет, оның көзіне бейтаныс ауланың бұрышында отырған өзі шамалас екі бала түсті. Марат олардың қасына жақын келіп, бейне бір бұрыннан таныс адамдарша шүйіркелесе кетті. Ол өзінің басынан кешкен келеңсіз оқиғасын баяндап, жаңа достарынан кеңес сұрады. Балалар танысып, достасып та кетті.

Міне содан бері Марат сабағын да тастады. Таныстары оны қаланың әр жерінде, күмәнді жастар тобымен бірге жүрген жерінен көретін болды. Көрші аулада отыратын әжелер: «Әсте Марат «қисық жолға» түсіп кетті-ау!» -десіп жатты.

### 2. Ашық сұрақтар қоя отырып, топпен Мараттың оқиғасын талқылаңыз:

- Марат қандай оқиғаға тап болды?
- Ол сабағын неге тастап кетті деп ойлайсыз?
- Жаңа достары қандай кеңес берді деп ойлайсыз?
- "Қисық жол" дегенді қалай түсінесіңдер?
- "Қисық жол" қайда және қандай нәтижелерге алып келуі мүмкін? (Мұғалім талқылау барысын «тәуе-

кел», «қауіп» немесе «кәтер» деген ұғымдарға жетелеу керек.)

- Бұл сөздерді қалай түсінеміз?
- Сіздерге немесе достарыңызға қауіпті (қәтерлі) жағдайларда болуға тура келді ме?
- Жағдайдың қауіпті екенін қалай түсіндіңіз? (сезіндіңіз)
- Бұл қай жерде болған оқиға? Сіздің қалада (ауданда) осындай қауіпті жерлер бар ма?

### 3. "Карта" жаттығуы

Егер қатысушылар бір ауданда немесе аймақта тұратын болса ғана, бұл жаттығу тиімді болмақ.

Жабдықталуы:

Қаланың (ауданның, мектеп маңының) картасы, маркерлер, қарандаштар немесе фломастерлер.

1. Мұғалім оқушыларға өз қаласында (ауданда, мектеп маңында) достарыңызға жүрме деп кеңес беретін жерлердің суретін салуға немесе белгілеуге нұсқау береді. Олар қауіпті деп есептейтін жерлерді белгілеп, қауіп-қәтер төнетін уақытты да көрсетеді.

2. Картаны толтырып болған соң, оқытушы оқушыларға келесі сұрақтарды қояды:

- Нақты осы жерлер несімен қауіпті?
- Өзіңді және достарыңды қалай қауіптен сақтандыруға болады?
- Осындай "карта" жасаудың пайдасы неде?

### «Қауіпсіз мінез-құлық ережелері» жаттығуы

#### Қауіпті жағдайлардағы мінез-құлық ережелерін құру

Жабдықталуы:

Маркерлер, А1 форматты қағаздар.

1 Қатысушыларды төрт-бес адамнан тұратын шағын топтарға бөліңіз. Топтарға «Қауіпсіз мінез-құлық ережелерін», яғни қауіп-қәтерге ұшырамау үшін не істеу немесе не істемеу керек екенін тізімдеп жазуды, ол тізімдеріне тақырып қоюды ұсыныңыз. Мәселен: «Жолсызбен жүрме», «Беттен алып, төске шаппа» т.б.

2 Дайын ережелер тақтаға немесе қабырғаға ілінеді. Қатысушылар қолдарына маркер (фломастер) алып,



өздері маңызды деп шешкен ережені белгілейді.

**3** Осыдан кейін, қандай ережелер есте қалды деп сұрауға болады. (негізінен бұл жаттығуды да “Карта” деген жаттығуды қорытындылағандай талқылаумен аяқтап, қорытынды жасаған абзал.)

**Ескерту:** Ережелер жасөспірімдердің күнделікті өмірлеріне негізделіп жазылғандығына назар аударыңыз: олар көшеде қыдырады, дискотекаға барады, қаланың ішінде машинамен жүреді және т.б. (топтың жас ерекшелігіне байланысты). Бұны атап көрсеткен жөн, өйткені “түстен кейін үйден шықпа” немесе “үйде компьютердің алдында отыр” деген ережелер болашақта пайдаға аспайтыны сөзсіз.

**«Көшені таңдау» бағдарламасының Жазғы мектебінде жасөспірімдер жасаған ережелер:**

Әрқашан	Ешқашан
Ата-аналарға немесе өзің сенетін ересектерге қайда, кіммен кетіп бара жатқаныңды және сені шамамен қашанға күту керек екенін айтып кет.	Кенет шешім қабылдай салып, өзің танымайтын адаммен ешқайда барма.
Әдетте бірге жүретін достарыңның телефондарының тізімін көрінетін жерде ұстау.	Егер ішінде сенен басқа жолаушы отырған болса, ол таксиге отырмау.
Белгілі бір жағдайда қандай шешімге тоқталатындығыңды достарыңмен алдын ала келісу (біреулер таныспақ болса, өзімен бірге шақырса т.б.).	Үйге баратын жолды таныс емес көшелер мен гараждар арқылы қысқартпау. Сенімен бірге үйге қайтатын адамдар болмаса, ондай компаниямен кездесуге тым кеш барма.
Атышулы жаман жерлерден (ортадан) аулақ бол.	Спирттік ішімдіктерді және басқа да жағымсыз заттарды қолданудан аулақ бол.
Үйге қарай жүретін жолдың жарық көшелер арқылы өтуін қадағалау.	Қайда және қалай жасалғаны белгісіз ішімдіктер мен тағамдарды қолданба.
Бөтен адамның машинасына отырғанда есігін ашатын тұтқаның қайда екенін қарап алу.	Бейтаныс адамдармен лифтке кірмеу.
Ересектердің немесе достарыңның біреуінен таксиге дейін шығарып салуын, кейін нөмірін жазып, не жаттап алуын өтіну.	Өзіңнің ең мықты екеніңді дәлелдеудің қажеті жоқ.
Барған жеріңнен үйдегілерге аман-есен жеттім деп телефон соғу.	Мекен-жайың мен телефоныңды бейтаныс адамдарға берме.

**а. Сабақ "Асығудың қажеті жоқ"**

**Мақсаты:**

Жыныстық қатынасқа түсуді кейінге шегеру – саналы да дұрыс

шешім екеніне және жауапты мінез-құлық әрекеті жолын таңдау керек екеніне жастардың көзін жеткізу.

**Міндеттері:**

1. Жастарға «ЖОҚ» деп айтуды үйрету.
2. Жастардың назарын сезімді білдірудің басқа да жолдары бар екеніне аудару.
3. Оқушыларда жауапты мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру

**Сабақтың барысы:**

1.Сергіту сәті. «Қол алысуларды жинау» жаттығуы.

Оқытушы-жаттықтырушы қатысушыларға қасындағы адамдардың барлығымен көбірек қол алысуларды жинауға тапсырма береді.

*Оған кейін талғау жүргізіледі:*

- Кім қанша қол алысуларды жинады?
- Неге?
- Басқалардан көп жинаған адамның ерекшелігі неде?



Мүмкін жауаптар:

- Соңында жеңімпаз анықталады.
- Қатысушыларға сабақтың тақырыбы, мақсаты мен міндеттерін хабарлау.
- Қатысушылардың күткені. «Күтулер шоғыры» жаттығуы.

Әрбір қатысушы түрлі-түсті қағаздан қиылған гүл алады (гүл-стикер – жапсырылатын). Оған өзінің сабақтан күтетінін жазады. Мұғалім ватман қағаз іледі, оның төменгі жағына гүл салатын бос құмыраның суреті салынған. Әрбір қатысушы өз күтетінін жазған гүлдерді жапсырғанда гүл шоғыры шығады.

### Практикалық дағдыларды қалыптастыру.

Сергіту сәтінен кейін мұғалім оқушыларда топтық қысымға қарсы тұрудың практикалық дағдыларын қалыптастыруға көшеді.

#### «Орындық» ойыны.

Қатысушылардың біреуі (өз еркімен) орындыққа отырады. Топ кез келген тәсілмен, бірақ, әрине, күш қолданбай, оны басқа орындыққа отыруға көндіруі тиіс.

Талқылау:

- Ойыншыны басқа орындыққа отыруға көндірген адамдар қандай тәсілдерді қолданды?
- Орындықта отырған адамға көнбеу қиын болды ма?

«Орындық» ойыны аяқталған соң мұғалім-жаттықтырушы мына сөздерді айтуына болады: «Шынайы себепін түсіндірмей, кінәлау, жағымпаздану, басқа адамдарға сүйену т.с.с. жолдармен басқа адамды бір нәрсе істеуге мәжбүрлеуге ұмтылу **қысым** деп аталады. Әсіресе топ адамның тарапынан болатын қысымға, яғни топтық қысымға қарсы тұру қиын, өйткені әдетте адам қандай да бір топтың мүшесі болуға, оның нормалары мен құндылықтарына сәйкес болуға ұмтылады.

Біз көп жағдайда топтық қысымға немесе бір адамның қысымына қарсы тұра алмаймыз, сол себептен қаламасақ та оған жол береміз (мысалы,

есірткі қолдану, шылым шегу немесе жыныстық қатынасқа түсу). Бұл біздің өз шешіміміз емес, бізді басқа адамдардың еркі билейді. Қысым жасауға ұмтылатын жағдайды өзің тани білудің маңызы зор, басқа топ немесе адамның таңған шешімі емес, өз шешіміңді қабылдау үшін оған қарсы тұра білу керек.

2. Тақтаға оқытушы «Жыныстық қатынасты кейінге шегеру» деген сөзді жазады. Сосын тақтаны екі бөлікке бөліп сызады. (Егер үлкен екі плакат парақ-тары болса, тақтаның екі жанына іліп қоюға болады).

Тақтаның бір жағына «ҚОЛДАУ», екінші жартысына «ҚАРСЫ» деп жазады. Содан кейін қатысушыларға жыныстық қатынасты бастауға «келісуге» болады деген себептер дәлелдер, кейін «қарсы», яғни келісуге болмайды деген дәлелдерді атауды ұсынады.

Аталған себептерді бірден тақтаның тиісті жартысына жазып отырады. а «дұрыс» не «бұрыс» жауаптар болмайтынын және бұның бәрін әркім өзі шешетінін ескерткен дұрыс.

#### Жауаптардың үлгі нұсқалары :

##### «Қолдау» дәлелдері:

- Махаббат
- Қарым-қатынастарын сақтап қалу тілегі.
- Қызығушылық,
- Елдің бәрі осымен айналысады деген сенім
- Өзін көрсету.
- Жалғыздықтан құтылу үшін
- Өзін қауіпсіз сезіну үшін.
- Ақша немесе сыйлық үшін
- Арам оймен

##### «Қарсы» дәлелдер:

- Жүкті болудан қорқады
- Венерологиялық аурулардан және АҚТҚ жұқтырып алудан қорқады.
- Көңілі қалған.
- Ұят
- Ата-анасы біліп қояды деп қорқады
- Сезіміңді білдірудің басқа да жолдары бар
- Үйленгенге дейін қоя тұру
- Қаламаймын



- Болашағына сенбеушілік.
- Өсекке ілінуден қорқады
- Ата-анасына және отбасына сөз кел-тіргісі келмейді

2. Себептерді жазып болғаннан кейін, қатысушыларға бұл себептердің шағын топтарда талқыланатынын ескертіңіз. Ол үшін қатысушыларды 4-5 адамнан тұратын шағын топтарға бөліңіз. Әр топқа таза парақтар немесе үлестірмелі карточкалар таратыңыз. Содан кейін, әр топқа алдымен орындау оңай деген, кейін қиын деген әрекеттерді талқылай отырып, теріп жазуды ұсыныңыз.

Әр топтан бір адам шығып, топ жұмысымен таныстырады.

3. Топтар өз еңбектерімен таныстырып болған соң: "Ал енді сіз "ЖОҚ" деп айттыңыз делік, бірақ сіздің әрбір айтқан дәлеліңізге басқа біреу қарсы пікір айтып, сізді жыныстық қатынасқа итермелеп жатыр деп ойлаңыз" — дейді мұғалім. Содан кейін, қатысушыларға ұсынылып отырған сызба кестенің тиісті бөлігіне оларды жыныстық қатынасқа түсуге итермелеу мақсатында біреудің не айтуы мүмкін екеніне мысалдар келтіруді ұсыныңыз.

### Жауап үлгілері:

Бас тарту себептері	Сізді жыныстық қатынастарға итермелеу үшін біреу не айтуы мүмкін
Жүкті болып қалудан қорқады	Бір рет қатынасқа түсуден жүкті болу мүмкін емес
АҚТҚ және басқа да ЖЖБЖ жұқтырып алудан қорқады	Мен сап-саумын! Не ауру адамға ұқсап тұрмын ба?
Ата-анам қарсы болады	Ата-анаң білмейтін болады
Жыныстық қатынас-қа түсуге дайын болмау	Бұнымен бәрі де айналысады. Қатарыңнан қалып қоймақсың ба?
Қасыңыздағы серігіңіз мас	Кел ішейік, көңілің бірден көтеріледі
Сіз бұл адамды сүймейсіз	Сенде екінші рет мұндай мүмкіндік болмайды.

Сізге билігін жүргізетін адам тарапынан қысым көріп тұрсыз	Мен нені қаласам, сен соны істеуің керек
Жігітіңіз күш көрсету арқылы сізді жыныстық қатынасқа түсуге мәжбүр етпекші	Сен менің қызымсың, сондықтан не айтсам, соны істеуің керек, әйтпесе өкінесің.

Бұл тапсырманы орындау барысында мүмкін себептерді көбірек қамтуды тырысыңыздар.

4. Әр қатысушыдан мұндай жағдайларда не айтатынын, не істейтінін ойланып, келесі кестені толтыруын сұраңыз.

Сізді жыныстық қатынастарға итермелеу үшін біреу не айтуы мүмкін?	Сіз не деп жауап бересіз немесе қандай әрекет жасайсыз
Бір рет қатынасқа түсуден жүкті болу мүмкін емес	
Мен сап-саумын! Не ауру адамға ұқсап тұрмын ба?	
Ата-анаң білмейтін болады	
Мұнымен бәрі де айналысады. Қатарыңнан қалып қоймақшысың ба?	
Кел ішейік, көңілің бірден көтеріледі	
Сен менің қызымсың, сондықтан не айтсам, соны істеуің керек, әйтпесе...	
Сенде екінші рет мұндай мүмкіндік болмайды	
Егер менің айтқанымды істемесең, сені тастап кетемін	
Сен маған тәуелдісің, сондықтан айтқанымды істе!	

Кестені толтырып болған соң, оқушы қалауымен өз жауаптарын топ алдында оқуына болады.

5. Осыдан кейін мұғалім оқушыларды үш адамнан біріктіріп шағын топтарға бөледі. Олар топ ішінде бір-



бірімен диалог құрып, осы жағдаяттарды ойнайды (екеуі рөл ойнайды, біреуі бақылаушы болады). Топ мүшелеріне рөлдерін ауыстырып отыруды ұсыныңыз, себебі әр оқушы бақылаушының да, ұсынушы мен қарсы тұрушының да рөлдерін ойнап көруі керек.

Қатысушылар рөлдік ойындарды бастамас бұрын мыналарға назар аударуларын сұраңыз:

□ **«Дене мүшелерінің тілін» қолдану.** Көзіне тік қарап, ойыңызды тік айтып, өзіңізге сенімді екеніңізді қимыл әрекеттер арқылы көрсетсеңіз, сөздеріңіз салмақты болады.

□ **«Жоқ!» деген сөзді қолдана отырып, серігіңізге қандай да жағымсыз әрекетпен айналысқыңыз келмейтінін нақты айтыңыз.** Мысалы: «Жоқ!» Тіпті мүшеқап қолданатын болсақ та, жыныстық жақындыққа бармаймын!"

□ **Жыныстық қатынасқа не үшін түскіңіз келмейтінін байыппен түсіндіріп көріңіз.**

□ **Баламалалар ұсыныңыз.** Егер қарым-қатынастарыңызды бұзбай ақтап қалғыңыз келсе, өзіңізді қатерге итермей-ақ бірге болуға болатынын айтып, бірге істей алатын басқа да нәрселер ұсыныңыз. (мәселен, қол ұстасып қыдыру, бірге киноға, бассейнге бару, сүйісу т.б.)

□ **Жолдасыңызға өз сезіміңізді жеткізуге тырысыңыз.** «Сен» деген сөздің орнына «Мен» деген сөзді жиі қолданыңдар. Мысалы: «Сен нағыз өзімшіл адам екенсің» дегеннің орнына «Менің ойымша, әлі ерте сияқты, біраз күте тұрайық».

□ **Әңгімені тоқтатып, басқа амал табуға тырысыңыз.** Егер жағдай шиеленісіп, арты қатерге әкелетінін сезсеңіз, бірден кетіп қалуға тырысыңыз. Бұл оқиғаны досыңызға немесе отбасы мүшелерінің біріне хабарлаңыз.

**5А.** Өздері диалог құрастырып ойнағанның орнына мұғалім басқа да жағдаяттарды ойнауды ұсына алады.

*Мүмкін жағдаяттар:*

### 1 Жағдаят.

Сіз достарыңызбен әңгімелесіп тұрсыз, олардың кейбіреуі жыныстық қатынаста болған, олар сізді

«тәжірибеніз» жоқтығын айтып мазақтады. Сізді біреуінің сөзі қатты ренжітті. Сондықтан достарыңыздың бетін қайтаруға бел байладыңыз.

### 2 Жағдаят

Сізді біреу кешкі отырысқа шақырды. Ол жерде болатындардың көпшілігін танымайтыныңыз сізді алаңдатты. Және де бұл адам есірткі қолданады деп естуіңіз бар. Сіз оның ұсынысын қабылдамай, «Жоқ!» деп айтуға бел байладыңыз.

### 3 Жағдаят

Сіз құлағыңызды теспекші немесе денеңізге сурет салмақшы болдыңыз. Досыңыз қала сыртында осындай қызмет көрсететін мекеме бар екенін айтты. Келгенде ол мекеменің тазалық сақтау талаптарын сақтамайтынын көрдіңіз. Сіз АҚТҚ мен лас инелер жайлы жақсы білесіз. Сіз қызметтегілерден олар таза ине қолдана ма, осыны сұрадыңыз. Қажет жауап ала алмаған соң, «ЖОҚ!» деп айтып, досыңызға бұл жерден кетуді ұсынасыз.

### 4 Жағдаят

Сіздің отбасыңызды танитын бір адам үйге дейін апарып салуды ұсынды. Бірақ сіз өзіңізді ол адамның қасында бір түрлі сезінесіз және ол сізге мүлдем ұнамайды. Сіз қипақтап тұрып, ұсынысын қабылдамайсыз.

### 6. Топта/сыныпта талқылау.

Ойыншылар өз жағдаяттарын көрсетіп болған соң, олардың өз ойларын сыныптың басқа да мүшелерімен бөлісуін сұраңыз. Ол үшін төмендегі сұрақтарды қолдануға болады:

- Қандай жағдаяттарға немесе ұсыныстарға жауап беру қиын болды? Қандай оңай жауаптарға мүмкіндік болды? Неліктен?
- Басқа адамның көзі жетті ме? Неге (жоқ)?
- Мұндай жағдайлар өмірде болуы мүмкін бе?



## 7. «Махаббат сезімін білдіру жолдары жаттығуы» (1 сурет)

Ж а б д ы қ т а л у ы : маркерлер, жүректің суреті салынған парақ, тақтаға немесе үлкен плакатқа «жотаның» суретін салуға болады (1 сурет)

1. Ж а т т ы ғ у д ы : «Біреуге деген сүйіспеншілік сезімін, махаббатын білдірудің жыныстық жақындықтан басқа да алуан түрлі жолдары бар. Бұл жолдар ЖЖБЖ мен АҚТҚ індетін жұқтырып алу қаупінен және орынсыз жүктіліктен сақтайды» – деген сөздерден бастауға болады.


Содан кейін оқушыларға жыныстық жақынддыққа бармай-ақ сүйіспеншілік сезімін білдіру жолдарын қарастыруды және оларды алдын ала жүректің суреті салынған параққа жазуды ұсынады.

2. Мұғалім сөзін жалғастырып: "Тән жақындығы жыныстық қозуға алып келуі мүмкін. Жыныстық қозу қаншалықты күшті болса, жыныстық қатынасқа түсу қаупі соғұрлым арта түседі. Егер сендер жыныстық жақындықты кейінге шегеріп, күте тұрғыларың келсе, өздеріңді тоқтату шегінің қайда екенін білгендерің жөн. Олай болса, тән жақындығын болдырмау үшін қай жерде тоқтау керек? Бұл сұраққа жауап беру үшін денеге әсер ету арқылы сүйіспеншілік, махаббат сезімін білдіру жолдары мен тәсілдерін қарастырайық."

**Ескерту:** махаббат сезімін денеге әсер ету арқылы білдіру тәсілдерінің тізімін «ой шабуылы» арқылы жинақтаса да болады немесе шағын парақтарға махаббат сезімін денеге әсер ету арқылы білдіру тәсілдерінің тізімін алдын ала жазып дайындауға да болады.

*Махаббат сезімін денеге әсер ету арқылы білдіру тәсілдерінің тізімі:*

- Құшақтау.
- Бетінен сүйю.
- Қолынан ұстау.
- Ернінен сүйю.



3. Осыдан кейін мұғалім «махаббат сезімін денеге әсер ету арқылы білдіру тәсілдерінің тізімінде» ұсынылған мысалдардың барлығын тән белсенділігі төменнен бастап (1), неғұрлым жоғары тән белсенділігі (7) дегенмен аяқтап, тиісті өлшем деңгейіне орналастыруды ұсынады.

### Топта/сыныпта талқылау Талқылауға арналған сұрақтар:

- Қалай ойлайсыңдар, егер жыныстық қатынаста болғыңыз келмесе, шегінен шығуға болмайтын шекара қай жерде болуы мүмкін?
- Осындай шектеулердің шебін қай кезде белгілеген дұрыс деп ойлайсыңдар?
- Егер сіздер құшақтасып тұрсаңыздар, жыныстық жақынддыққа бармай, өзінді тежеп қалу неге қиын?
- Мүмкін махаббат сезімін денеге әсер ету арқылы білдірудің анағұрлым қауіпсіз тәсілдеріне бет бұрған дұрыс болар?

### Ескерту:

Мұғалім топты өздері үшін махаббат сезімін денеге әсер ету арқылы білдірудің шектен шығуға болмайтын шебін анықтауларына жетелеуі керек.

### 3 сабақ. Қауіпсіз жыныстық қатынас

#### Мақсаты:

Жасөспірімдердің репродуктивті денсаулыққа деген жауапкершілік сезімдерін қалыптастыру.





### Міндеттері:

1. Өмірде кездесетін жағдаяттарды талқылау.
2. Мүшеқапты қолданудың немесе қолданбаудың себептерін талқылау.

### Сабақтың барысы:

#### 1. Өмірде кездесетін жағдайларды талқылау.

Топқа «Бұл не?» деген оқиғаны оқып беріңіз.

Олег мектептен көзі жаска толып, жылап келді де, бөлмесіне кіріп кетті. Сол кіргеннен түскі асқа да, кешкі тамаққа да келмеді. Әжесі қатты уайымдады. Кешкісін ағасы Тимур келгенде әжесі: «Олег мектептен бір нәрсеге ренжіп келді, тіпті тамағын да жеген жоқ. Сен сөйлесіп көрсең қайтеді?!»- деді. Сөзін жерге тастамайтын үлкен немересі әжесіне мән-жайды анықтайтынын айтты. Тимур Олегке келіп:

- Інішегім-ау саған не болды? Әжеңнің есін шығарыпсың ғой,- деді. Олег болса тіл қатпады.

Бір бәленің болғанын сезген Тимур, өзінің бала кезінде басынан кешкен оқиғаларын баяндай бастады.

Олегтің көңілі көтеріліп, езу тарта жымыды. Дегенмен, оны бір ой мазалай берді. Қалай болғанда да Олег батылдық танытып:

- Тимур, егер бір нәрсе айтсам, мазақтамаймын деп уәде берші!- деді.

- Келістік!- деді Тимур.

- Олай болса, айтшы, мүшеқап не үшін керек?

Тимур інісіне не деп жауап берерін білмей әбден састы. Олег сөзін жалғастырып:

- Бүгін біздің сыныптың балалары оны мектепке алып келді. Өзі шар тәрізді екен, балалар үрлеп алып ойнады. Олардан мүшеқаптың шын мәнінде не үшін керек екенін сұрағаным сол-ақ екен, боқмұрын, нақұрыс деп мазақтай жөнелді, -деп сөзін аяқтады.

Тимур тағы бір сәт үнсіз отырып, қалтасындағы мүшеқапты алып, інісіне көрсетті: «Әрине, мүшеқапты үрлеуге де, су құйып ойнауға да болады, бірақ ол - көргенсіздің ісі. Адам өсіп, есейген кезден бастап мүшеқап пайдалы да қажет заттардың бірі болады. Уақыт қалай зымырап жатыр десеңші. Сен ержетіп, мүшеқаптың не және не үшін керек екенін білетін жасқа да жеттің. Бұл сұрақтардың жауабын

мына кітапша-дан таба аласың» - деп інісінің қолына сөреде тұрған кітапшаның бірін ұсынды.

*Талқылауға арналған сұрақтар:*

- Тимурды не мазалады?
- Тимур неліктен інісімен бұл тақырыпқа сөйлесті?
- Олег бұл мәліметті қалай қабылдады деп ойлайсыңдар?
- Мұндай ақпараттар керек пе? Неге?
- Жасөспірімдер қауіпсіз жыныстық қатынастар жайлы неше жастан бастап ойлана бастайды деп ойлайсыңдар? Ол туралы ақпараттарды қайдан және кімнен естиді?
- Сендердің ойларыңша, бұл туралы кім айту керек?
- Мүшеқапты қалай және не үшін қолдану керек екенін біле тұра, көп жағдайда жастар оны қолданудан бас тартып жатады, сол неліктен деп ойлайсыңдар?

3. Ақпарат жинап болғаннан кейін оқытушы қатысушыларды 3-4 адамнан біріктіріп, шағын топтарға бөледі, әр топқа үлкен плакат немесе ватман таратып, келесі тапсырманы береді:

“Қағазды тік сызық жүргізіп екіге бөліңдер. Сол жақ жартысына жасөспірімдердің мүшеқапты қолданбауының себептерін жазыңдар. Бұл жұмысқа 10-15 минут уақыт беріледі.”

4. Тізімдер дайын болғанда, топтар өздерінің жұмыстарын ұсынады.

Содан кейін әр топ өздері жасаған тізімді қасында отырған топқа береді. Топтарға төмендегі тапсырманы беріңіз: “Парақтың оң жағына сол жақта келтірілген мысалдың тұсына досыңызға мүшеқапты қолданып, өзін сақтандыру мақсатында қандай кеңес берер едіңдер, соны жазыңдар.”

#### Төмендегідей мысалдар келтіруге болады:

Неге қолданбайды?	Қандай кеңес беруге болады?
Сатып алатын ақша жоқ	Жанұяндағы үлкендерден сұрап алуға болады
Сатып атуға ұялады	Достарыңмен бірге бар
Мүшеқап жарамсыз болады деп қорқады	Сақталу мерзімін қара, мамандармен кеңес
Аллергиядан қорқады	Құрамын қара, мамандармен кеңес
Дер кезінде тоқтай алатынына сенімді	Орта жолда тоқтатылған акт жыныстық жолмен берілетін аурулардан сақтандырмайды



5. Презентациядан кейін бұл жұмысты не үшін істегенімізді, өздеріне қандай пайдасы болғанын сұраңыз.

Сабақты өткізу жолдары көп болуы мүмкін: ЖҚТБ орталығынан мамандар шақыру, жасөспірімдер жинаған ақпараттар тізімін талқылау, сұрақтар мен ұсыныстар жинауға арналған “пошта жәшігін” жасап қойып, кейін ішінен шыққан сұрақтарға бірге жауап іздеу және т.б. Таңдауды топтағы қатысушылар жасайды.

### Материалдар қоры:

Дәстүрлі сабақтар жасөспірімдердің мінез-құлықтары мен болмыстарын өзгертуге ойдағыдай ықпал ете алмайды. Жасөспірімдер — туа біткен шыншыл реалистер болғандықтан, күнделікті өмірден алған әсерлеріне сүйеніп өмір сүреді. Сондықтан да тәуекел деп жауапкершіліксіз іс-әрекеттердің салдарынан болатын қайғы мен қауіп олар үшін аса маңызды болмай тұрады. Міне, сол себепті мінез-құлықта ауытқушылығы бар жасөспірімдер АҚТҚ-қоздырғышын жұқтырып алу қаупіне байланысты өз мінез-құлықтарын бірден өзгертеді деу қиын.



### Мінез-құлықты өзгерту моделі

Бұл сызба ақпарат, уәж, мінез-құлық дағдылары және проблемалық мінез-құлық арасындағы байланысты көрсетеді.

Әр жасөспірімнің бойында бірқатар мінез-құлық дағдылары бар. Бұл дағдылар жиынтығы балаға тән мінез-құлық әрекетінің көрсеткіші. Жасөспірімдердің немесе жастардың мінез-құлық әрекеттерінің моделі олардың өздерін ұстай білу қабілеттерімен ғана шектеліп қоймай, өз әрекеті арқылы қандай мақсатқа жеткісі келетініне де байланысты, яғни оның мінез-құлық әрекетінде белгілі бір көздеген мақсат, уәж бар деген сөз.

**УӘЖ** — белсенділік танытуға және оның бағыттарын айқындауға деген ұмтылыс. Психологтар мотивті құлық әрекетінің себептері деп қарастырады. Жасөспірімдердің көңіл-

күйі де осы ұмтылыстарының жүзеге асуына байланысты болады. Белгілі бір әрекетке деген ұмтылыс жасөспірімдердің қолындағы ақпараттардың сапасы мен көлеміне байланысты.

**АҚПАРАТТАР** - өмір барысында қабылданатын қосымша мәліметтер, жеке тәжірибе және күнделікті алатын білім. Жасөспірімдер хабардар болып отырған ақпараттар оларды жаңа дағдылар қалыптастыруға немесе бұрынғы мінез-құлық өзгертуге жетелеуі мүмкін. Жаңа ақпараттар жастардың мінезінің өзгеруіне де әсер етеді. Жоғарыда ұсынылып отырған сызбадағы байланыстар өзара бір-біріне бағытталған. Ол дегеніміз - бір блокта болған өзгеріс барлығын да өзгертеді.

Сонымен, жауапты және қауіпсіз мінез-құлық әрекетін қалыптастырудың негізгі үш көрсеткішін атай аламыз:

- Дұрыс ақпарат беру.
- Денсаулығын және қауіпсіз мінез-құлық әрекетін (қатынасын) сақтауға уәжге келу.
- Мінез - құлық дағдыларын қалыптастыру.

Сабақтарда оқушылардың жас ерекшеліктеріне қарай өмірлік дағдыларын дамытуға жағдай жасалуы тиіс.

### Орта мектеп жасы:

- Қабылдаған шешімнің қауіпін бағалай білу дағдысы.
- Отбасы мүшелерімен және құрбыларымен АҚТҚ-ның алдын алу шаралары жайлы әңгімелесу дағдысы.
- Жыныстық қатынасты кейінге қалдырғысы келетінін нақты да өз жеткізерліктей етіп білдіруге көмектесетін қарым-қатынас дағдысы.
- Ерте жыныстық қатынастарға “ЖОҚ” деп айта білу дағдылары.
- Дұрыс шешім қабылдау үшін, сын тұрғысынан ойлау дағдысы.

### Ересек мектеп жасы:

- Жоғарыда келтірілген дағдылардың барлығы.
- Қауіпті бағдарлай білу дағдысы және жыныстық қатынасқа түсудің анағұрлым қауіпсіз жолдарын талқылай білу.

## Модуль 6

### АҚТҚ, ЖҚТБ ЖӘНЕ ҚОҒАМ. СТИГМАТИЗАЦИЯ МЕН КЕМСІТУШІЛІК





## АҚТҚ, ЖҚТБ ЖӘНЕ ҚОҒАМ. СТИГМАТИЗАЦИЯ МЕН КЕМСІТУШІЛІК

### Шолу:

АҚТҚ жұқпасы індетінің көптеген әлеуметтік және әсерлік салдары тек АҚТҚ-мен өмір сүруші адамдарға (АӨСА) ғана емес, олардың жанұясы мен жолдастарына және осы жұқпалардың таралуынан мазаланып жүрген адамдарға да әсерін тигізеді.

Көптеген адамдар АҚТҚ жұқпасы тек инъекциялық жолмен есірткі тұтынушылар арасында тарайды деп есептейді, ал басқалары АҚТҚ-мен өмір сүруші адамдар жұқтырғанына өздері кінәлі деп есептейді. Көп адамдар өз пікірімен АҚТҚ-мен өмір сүруші адамдарға теріс қарым-қатынас білдіруге құмар.

АҚТҚ-ны жұқтыру жолдары туралы қате ақпараттар жұқпаланудың қорқынышына құрылады және жоқ нәрселерге сену мен кемсітушілікке әкеліп соғады, мысалы: АҚТҚ-мен өмір сүруші адамдарды кемсітушілік жұмыс орнында, медициналық көмекте, мектепке алуда қарсылық көрсеткенде көрінеді.

АҚТҚ-мен өмір сүруші адамдарды стигматизациялау мен кемсітушілікті жеңіп шығу үшін оқушылардың ақпараттылығын көтеру және толерантты қарым-қатынасты қалыптастырудың маңызы зор. Біз ұсынатын сабақ үлгісі жасөспірімдердің бойында АҚТҚ-мен өмір сүруші адамдарға гуманисті қарым-қатынасын, оларға адамгершілікпен қарап, көмектесу мен қолдауға ниет білдіруін тәрбиелеуге арналған.

**АҚТҚ-МЕН ӨМІР  
СҮРУШІ АДАМДАРМЕН  
КҮНДЕЛІКТІ ӨМІРДЕ  
АРАЛАСУДАН  
ҚАУІПТЕНУГЕ  
БОЛМАЙДЫ**

### Сабақтың мақсаты:

Оқушылардың бойында АҚТҚ-мен өмір сүруші адамдарға гуманды қарым-қатынасты тәрбиелеу.

### Міндеттері:

1. «Стигматизация» мен «кемсітушілік» ұғымдарына анықтама беру.
2. Кемсітушілік көріністерінің мүмкін жағдайларын қарастыру.
3. Өзін және АҚТҚ-жағымды досын кемсітуден қорғау әдістеріне дағдылану.
4. АҚТҚ-мен өмір сүруші адамдарға көмек және қолдау көрсету дайындығын тәрбиелеу.

### Сабақтың жабдықталуы:

тақта, флип-чарт, маркерлер, фло-мастерлер, орындықтар, «Адам құқығының негізгі қағидалары» атты плакат (№2, 3 қосымшаларды қара).

### 1. Сергіту сәті «Шеңбермен айналу»

Қатысушылардың біреуі қиялындағы затпен іс-қимылды басқа адам жалғастырып әкететіндей етіп бастайды. Көршісі оны жалғастырып әкетеді де, қиялдағы зат барлық тренинг шеңберімен айналады. Мысалы, қиялдағы объект бұл кішкентай мысық, бірінші қатысушы оған тамақ береді, екіншісі – ұйықтатады және т.б.

### Пікірталас:

Тақтаға «кемсітушілік», «стигма», «стигматизация» сөздерін жазып қою. Талқылау үшін мұғалім оқушыларға келесі сұрақтарды ұсынады.

1. «Кемсітушілік» сөзін осыдан бұрын естідіңіз бе?
2. «Кемсітушілік» сөзі нені білдіреді? (Күтетін жауап: кемсітушілік ол шектеу немесе белгілі бір адамның құқы-ғынан айыру).
3. Өмірде кездестірген кемсітушілікке мысал келтір.
4. Сендер қалай ойлайсындар, неліктен бір адамдар басқа бір адамды кемсітушілікке ұшыратады?
5. Неліктен басқаларды кемсітушілікке ұшыратпау маңызды?
6. «Стигма», «Стигматизация» деген не?



3. Өмірден «стигматизация» мысалдарын келтіріңіз.

#### 4. «Кемсітушілік» жаттығуы

Оқушылар жұппен жұмыс жасайды. Топтың мүшелеріне олардың пайымдауынша, қай кезде олардың құқықтары мен мүдделері бұзылғанын еске түсіру ұсынылады.

Жұпта жұмыс істей отырып, оқушылар бір-біріне келесі сұрақтар бойынша жауап беруі тиіс:

1. Сіздің құқығыңыз бен мүддеңізді кім және қалай бұзды?
2. Өзіңізді қорғау үшін Сіз не істедіңіз?
3. Сізді біреу қорғауға ұмтылды ма және қандай жолмен?

#### «Жұмыс қағазын толтыру» жаттығуы.

Мұғалім оқушыларға жұмыс қағаздарын таратады. Әр жұмыс парағының жоғары жағында мына сөздер жазылған: «Мені қоршаған адамдар.... жақсы», ал төменгі жағында 1, 2, 3, 4, 5 және т.б. пункттер тұрады. Қатысушыларға АҚТҚ-мен өмір сүруші адамдардың құқық-тарын қорғау мен қолдауда қандай жақсы істер істеуге болатынын ойлану ұсынылады.

#### Қорытынды

АҚТҚ мен ЖҚТБ көптеген адамдарда өліммен теңестіріледі, сондықтан да АҚТҚ індетін жұқтыру қорқынышын туындатады. Қорқыныш пен үрей АҚТҚ-мен өмір сүруші адамдарды кемсітушілікті туындатады. АҚТҚ-ға жағымды адамды кемсітушілік адамдардың осы жұқпаға әлсіздігін күшейтеді, оның зардаптарын тереңдетеді, оларды күтім мен қолдауға ие болу мүмкіндігінен ажыратады.

#### “Лабиринт” жаттығуы.

##### Мақсаты:

Оқушыларда АҚТҚ-мен өмір сүруші адамдарға көмектесу сезімін тәрбиелеу.

#### Оқытушының кіріспе сөзі:

-Мынадай жағдайды елестетіңіз: біреу өзінің АҚТҚ-мен жұқпаланғанын біледі. Оның алдында бірден көптеген сұрақтар туындайды:

- Неге мен?
- Бұны қашан жұқтырғанмын?
- Кім кінәлі?
- Бұдан әрі қалай өмір сүремін?
- Кімге және қалай бұл туралы айтамын?
- Отбасыммен және жолдастарыммен қалай болады? және т.б.

Көптеген елдердің тәжірибелері көрсеткендей, егер АҚТҚ - жағымды адамдарға қарапайым аурулар деген көзқарас қалыптастырылған болса, олар қоғам тарапынан жан-жақты қорғалады. Осындай көмек оларға үрейден құтылып, толық өмір сүруге ықпал жасайды.

Ойланып көріңіздерші, неліктен адамдар қатерлі ісік және сары ауруға ұшыраған адамдармен қарым-қатынас жасап, оларды түсінеді, ал АҚТҚ жағымды адамдардан қашып, оларды құдалайды. Ауру адам өзін шеттетіп, құдалаған жағдайда қандай сезімде болады?

#### Ескерту:

*ойын үш кезеңге бөлінеді.*

*I кезең:* мәселені қою.

*II кезең:* орындықтардан жасалған лабиринттен өту.

*III кезең:* лабиринттен өткен кезіндегі сезімі туралы пікірталас.

#### Бірінші кезең.

##### Топ алдына мәселе қойылады:

«Сіздің бір жақсы жолдасыңыз бар. Оның АҚТҚ жұқтырғанын, АҚТҚ-ға жағымды екенін білдіңіз. Сіз онымен жолдас болып қаласыз ба, әлде жоқ па? Неге?»

Әрбір қатысушы өзінің көзқарасын қысқаша түсіндіреді.

#### Екінші кезең.

##### Орындықтардан жасалған лабиринттен өту.

Ойынға қатысушылар жұптарға бөлінеді. Бірінші жұп дәрісханадан



шығады. Бұл кезде дәрісханадағы орындықтар калай болса, солай қойылады. Шығып кеткен бірінші жұптың бір адамына көзін байлап, орындықтардың арасынан өту ұсынылады. Сонан соң сол адам барлық сезімін есіне сақтай отырып, әріптесінің көмегімен жолды қайтадан өтеді. Орындықтар қайтадан араластырылады да, жұптар рөлдерін ауыстырады. Әр жұп жоғарыдағы тәртіппен осы ойынды қайталайды.

### Үшінші кезең.

#### Лабиринттен өтер кезіндегі сезім туралы пікірталас.

Ойын біткеннен кейін қатысушылар лабиринтті алдымен өзі, содан соң серігінің көмегімен өткен кезіндегі сезімдерімен бөліседі. Әрбір қатысушы қойылған мақсатқа байланысты өзінің пікірін айтады. Жүргізуші талас болмауын қадағалайды.

#### Қорытынды.

Адамдардың жалғыз өзі кедергілерді жеңуі қиын. Жаны ашитын, көмектесетін достары мен жақындары болса бұны істеу анағұрлым жеңіл болады. АҚТҚ-мен өмір сүруші адамдар өз мәселесімен жиі жалғыз өзі қалады. Оларға аяушылық керек емес, олар түсінушілік пен қолдауға зәру. АҚТҚ жұқтырған адам ұзақ уақыт дені сау адам ретінде көрініп және өзін солай сезініп, белсенді өмір сүруді жалғастыруы мүмкін.

#### Шағын топтардағы жұмыс.

##### Мақсаты:

Оқушыларда АҚТҚ-жағымды адамға және ЖҚТБ-мен ауырған жолдасына қолдау және көмек көрсету сезімін тәрбиелеу.

*Қатысушыларды 2 топқа бөліңіздер. Әрбір топқа 15 минут арасында келесі тапсырманы орындауды ұсыныңыз:*

- Жағдаятты оқыңыз. «Нұрлан 16 жаста, ол мектепте оқиды. Жақында одан АҚТҚ-ны тапты. Көптеген сыныптастары одан қашады. Оның достары жоқ. Ол күйзеліске түскен».
- Ойланып, сіздер флип-чарт бетіне Нұрланға не істей алатындықтарыңызды жазыңыздар.

- Әр топ кезекпен өз пікірлерін айтсын, қатысушылармен келесі сұрақтарды талдаңыздар:
- Ауруға әсерлік көмек көрсету дегеніміз не?
- Қандай іс-әрекетпен көмектесе аласыздар?
- Егерде сенің жолдасың АҚТҚ-жағымды болса, сен үшін ең қиыны не болар еді?
- Сіздің пікіріңіз бойынша, ЖҚТБ-мен ауыратын адамға ең қиын нәрсе не болып саналады?

#### Қорытынды.

АҚТҚ жағымды адамға көмек беру оған жасалған қамқорлықпен жылылық көрсету болып саналады. Көптеген АҚТҚ-жағымды адамдар өмірге ырзашылықпен қарап, белсенді де көңілді өмір сүрген. Енді олардың өмірі көбіне қорқумен, торығу мен шаршауға ұласады. Көбісі жолдастарынан айырылып, қоғамда оғаш болып қалды. Олар адамдардың көмегіне зәру. Мүмкін көмек көрсететін адамға медбике болуға да, шаруашылығында көмек көрсетіп оның жанын түсінуге де тура келеді. Жалпы көмек көрсету дегеніміз - дос және жолдас болу деген сөз.

#### Үй тапсырмасы.

Өз білімін басқа адамдармен бөлісу жақсы тәсілі — бұл ЖҚТБ мен АҚТҚ туралы плакаттар дайындау. Плакаттар арқылы адамдар бұл аурулар туралы көптеген мағлұматтар алады.

**ҚАТЫСУШЫЛАРҒА  
ҮЙДЕ ЖҚТБ МЕН АҚТҚ  
ТУРАЛЫ ПЛАКАТТАР  
ДАЙЫНДАУДЫ  
ҰСЫНЫҢЫЗДАР.  
ОЛАРДЫ ҚАЙ ЖЕРГЕ  
ІЛУ ҚАЖЕТТІГІН  
ТАЛҚЫЛАҢЫЗДАР**



### Кері байланыс.

Тақтаны екі бөлікке бөліңіздер. Бір бөлігін «қосу» деп атаңыздар. Екінші бөлігін «дельта» деп атаңыздар. Бұл сабақта қатысушылар не ұнағанын және нені өзгерту керек екендігі жайында пікірлерін айтсын. (Ұнағанын бірінші бөлікке, ал нені өзгерту керектігін екінші «дельта» бөлігіне жазсын).

### Материалдар қоры:

АҚТҚ, ЖҚТБ-мен байланысты медициналық күтім және тиімді сақтандыру шараларын пайдалану барысында стигматизация және кемсітушілік өте қауіпті кедергі болып келеді.

Кемсітушілікке ұшырасудан қорқыныш адамдарды АҚТҚ індетіне байланысты кеңес алу мен емделуден бас тартуға әкеледі. АҚТҚ-мен өмір сүруші адамдар өз статустарын жасырады және оны ашуға дайын емес. Осындай адамдарға дәрігерлік-санитарлық көмек көрсетуден, баспана немесе жұмыс беруден бас тартқан жағдайлар кездескен, сақтандыруға және шет мемлекеттерге шығуға тыйым салынған және де олардан жолдастары, әріптестері сырт айналуы мүмкін.

Кейбір жағдайларда АҚТҚ-жағымды адамдарды өз үйлерінен қуып шығып, жұбайлары ажырасуға арыз береді; оларды ұрып-соққан жағдайлар да белгілі.

АҚТҚ мен ЖҚТБ-ны қоршаған стигма (таңба) ЖҚТБ-дан қайтыс болған ата-аналарының қайғылары-

нан ес жиғысы келетін балалардың иықтарына ауыр жүк болып, келесі ұрпаққа да көшуі мүмкін.

Әлемде ЖҚТБ мен АҚТҚ індетінің даму тәжірибесі бұл індеттің адамдардың жақсы және жаман жақтарын анықтауға қабілетті екенін көрсетті. Жақсы жақтары – үкімет, қоғамдастық немесе жеке тұлғалар тарапынан остракизммен (қудалау, жер аударумен) күрес жүргізуде сонымен қатар, АҚТҚ-мен өмір сүретін адамдарға көмек пен күтім көрсетуде адамдардың ынтымақтас-тығының пайда болуынан көрінеді.

Жаман жақтары — адамдар өздерінің туған - туыстары мен жақындары жағынан, сондай-ақ жеке тұлғалар мен қоғамның тарапынан кемсітушілікке, тигматизацияға және остракизмге ұшыраған кездерінен көрінді. АҚТҚ-ның берілу тәсілдері туралы сенімсіз ақпараттардан туындаған жағдайлар жұқтыру қорқынышына әкелді. Кемсітушілік пен стигматизацияның себебі тек қана қорқыныш емес. Олар басқа да стереотиптерге, жоққа сенуге және әлеуметтік теңсіздікке байланысты туындайды, оларды гендерлік ерекшеліктеріне, ұлттық және этникалық нәсіліне, сексуалдылығына т.б. байланыстырып шиеленістіреді.

Стигматизация мен кемсітушілік бір-бірін қолдап және тартып тар шеңбер құрады.

Кемсітушіліктен еркін болу – әділеттіліктің мәңгі қағидаларына негіз болатын адамның негізгі құқығы. Кемсітпеушілік қағидасы адам құқық-тарының теориясы мен практикасында негіз болып табылады.



Модуль 7

## АҚТҚ, ЖҚТБ ЖӘНЕ АДАМ ҚҰҚЫҚТАРЫ







## АҚТҚ, ЖҚТБ ЖӘНЕ АДАМ ҚҰҚЫҚТАРЫ

### Шолу:

АҚТҚ мен ЖҚТБ бар әлемде адам құқығы қорғалуының жеткіліксіздігі өмір мен өлім мәселесі болуы мүмкін. Керісінше, бұл құқықтарды қорғау адамдарды жұқпалардан құтылуға немесе олар жұқпаланған кезде зардаптарымен тиімдірек күресуге көмектеседі.

АҚТҚ мен ЖҚТБ індеттерін бірнеше жыл мұқият зерттеу нәтижесі адам құқығын қорғауға қолдау көрсетудің АҚТҚ-ның берілуінің алдын алудағы мәнді құрам болып табылатынына көз жеткізуге мүмкіндік береді. Адам құқығын қорғау АҚТҚ-мен өмір сүріп жатқан адамдар үшін індет зардаптарын жеңілдетуде шешуші рөл атқарады.

### Мақсаты:

АҚТҚ-мен өмір сүруші адамдардың құқығын қорғау мен АҚТҚ таралуының алдын алу арасындағы байланысты орнату.

### Міндеттері:

1. Оқушыларға «Адам құқығы» ұғымына анықтама беру.
2. Оқушыларды адам құқықтары мен АҚТҚ, ЖҚТБ жөніндегі Халықаралық міндеттемелермен таныстыру.
3. Адам құқықтарын қорғау АҚТҚ-ның таралуын болдырмауға ықпал ететініне оқушылардың назарын аудару.

Жабдықталуы:  
үлкен қағаз парақтары, маркерлер, скотч, әрбір қатысушыға бес шағын қағаз парақтары.

### Сабақ барысы:

#### Сергіту сәті.

Оқушыларға бір-бірімен «танысуды» жалғастыру ұсынылады. Танысу рәсімі былайша ұйымдастырылады. Әрбір оқушы басқа қатысушылардың қасына келіп, белгілі бір сөйлемдермен сәлемдеседі: «Сәлеметсің бе, мен жан-жақты адаммын, өйткені

мен...» (өзінің сүйікті істерін айтады: «тоқығанды ұнатамын», «қытай тілін үйреніп жүрмін», ««коллекция жинап жүрмін...»

Бұл сабақта АҚТҚ –мен өмір сүруші адамдардың құқығын қорғау, оларға жағымды өмір сүруіне көмектесіп және пайда әкеліп қана қоймай, сонымен қатар АҚТҚ-ның таралуын болдырмауға ықпал ететіні жөніндегі тұжырымдама қарастырылады.

Оқытушы сабақты сұрақтардан бастайды:

1. Сіз үшін «Адам құқығы» термині нені білдіреді?
2. Сіз қандай құқықтарды пайдаланасыз?
3. Денсаулық жағдайына қарамастан қандай құқықтар барлық адамдар үшін негізгі болып табылады?

Оқытушы қатысушыларды 5 шағын топқа бөліп, әрқайсысына осы сұрақтарға жауап беруге тапсырма береді.

Топ өз жетекшілерін сайлайды да, талқылау барысында әр топ тұсаукесерін (презентацияларын) жасайды.

Оқытушы тұсаукесердің қорытындысын жасап, келесі анықтамаларды айтады:

- Адам құқықтары - бұл адамның мемлекетпен қатынастарының саласы;
- Мемлекет өз азаматтары құқықтарының кепілгері болып табытады;
- Адам құқықтарын ешкім бермейді, олар бізге адам болғанымыз үшін тиесілі;
- Көптеген құқықтар адамның ажырағысыз құқықтары.

Егер қатысушылар тарапынан «ақпарат алу; кемсітушілікке ұшырамау - тең құқықтылықты қорғау және заң алдындағы тепе-теңдік; жеке өмірге; білім алуға тең қол жеткізу; әлеуметтік қауіпсіздік; көмек және әлеуметтік қамтамасыз етілуге» құқықтары жөнінде айтылмаса, онда оқытушы аталған құқықтарды айтып өткені жөн.

Оқытушы қатысушыларға «Адам құқықтары бұзылған мысалдарды



келтіре аласыз ба?», «Құқықтардың қандай құжаттармен реттелетінін білесіздер ме?» деген сұрақтар қояды. Одан әрі мұғалім «Декларация және Конвенция» ұғымдарына анықтама береді.

АҚТҚ-ға әлсіздікті төмендетуге және індет зардаптарын жұмсартуға байланысты маңызды адам құқықтары Адам құқықтарының Жалпыға бірдей декларациясы, экономикалық, әлеуметтік және мәдени құқықтар жөніндегі Пакт, азаматтық және саяси құқықтар жөніндегі Пакт, әйелдерге қатысты кемсітушіліктің барлық түрін жою туралы Конвенция және балалар құқығы жөніндегі Декларация және Конвенция секілді адам құқықтары туралы қолданыстағы құжаттарда келтірілген.

## “Біздің құқықтарымыздың жоғалуы” ойыны

### Ойын барысы

Оқытушы оқушыларға негізгі адам құқықтарын атауды ұсынады және оларды тақтаға жазады.

Мысалы:

- ✓ өмір сүру құқығы
- ✓ жеке бостандығы құқығы
- ✓ жеке өміріне қол сұғылмау, жеке және отбасылық құпиясының сақталуы, өз абыройы мен қадір-қасиетін қорғау құқығы
- ✓ денсаулығын қорғау құқығы
- ✓ тегін орта білім алу құқығы

Адамдардың негізгі құқықтарын тақтаға жазып болған соң, мұғалім әрбір қатысушыға 5 парақ қағаздан таратады және өздерінің түсінігіне қарай, 5 маңызды құқықты әрбір параққа жазуларын сұрайды. Сонан соң парақтарды қолдарына ойын карталары түрінде ұстап, қолдарын көтеругін сұрайды. Қатысушылар қолынан іріктелген түрде 1, кейбіреулерінен 2, 3, 4-тен, ал біреулерінен барлық 5 парақты алып, ал енді біреулерінен мүлдем алмайды.

### Топтағы талқылау

- Сіз қандай құқықтарыңызды жоғалттыңыз және бұл кезде қандай сезімде болдыңыз?

- Әділетсіз таңдау үрдісімен кездескенде қандай сезімде болдыңыз?
- Оң нәтижелі болғанда сіз кемсітушілікке ұшырасаңыз, онда АҚТҚ-ға тексерілетін бе едіңіз?
- Сіз өз жақындарыңызға өзіңіздің АҚТҚ-ға оң нәтижеңізді айтар ма едіңіз?
- Егер айтпасаңыз, онда бұл сіздің қалада АҚТҚ-ның таралуына әсер ете ме?
- Педагог АҚТҚ - мен зақымданғандардың құқықтарының бұзылғандығы туралы мысалдар келтіріп, олар адам құқықтары жөніндегі Халықаралық міндеттерді ескере отырып (материалдар қорын қара) талқылау жүргізеді.

## «Жыныс және гендер» жаттығуы

Оқытушы ерлер мен әйелдердің жынысы биологиялық ғана емес, әлеуметтік тұрғыдан да бөліп қарастыратыны туралы кіріспе сөз айтады. «Миға шабуыл» әдісімен оқушылардың мына сұраққа жауаптарын анықтайды:

Біздің қоғамымызда ерлер мен әйелдерге әдетте қандай рөл беріледі?

Оқушылардың жауаптары флипчарттың «Ерлер» және «Әйелдер» деп бөлінген екі бағанасына жазылады.

Әйелдер мен ерлердің рөлдері мен сапалық қасиеттері екі тізімге жазылған соң, мұғалім ең басындағы «Әйелдер» және «Ерлер» деген сөздердің орнын алмастырады да, оқушылардан сұрайды:

Басында тұрған осы сөздерді алмастыруға болады ма?

Егер жоқ десеңіздер, тізімдегі қай рөлдік сапалар басындағы сөзге сәйкес келмейтінін атаңыздар.

Оқытушы алмастыруға болмайды деп оқушылар атаған рөлдер мен сапаларды қызыл маркермен бөліп көрсетеді.

Одан соң оқытушы оқушылардан келесі сұрақтарға жауап берулерін сұрайды:

Осы бөлініп көрсетілген адамдар тобы басқалардан несімен ерекшеленеді?



**?** Барлық жазылған рөлдерді қалай топтауға болады?

Әдетте, қатысушылар алмастыруға келмейтін рөлдер адам ағзасының биологиялық (физиологиялық) ерекшеліктеріне байланысты, ал қалған алмастыруға болатын рөлдер әлеуметтік ерекшеліктерге жатады деп атап көрсетеді.

Оқытушы оқушылардың жауаптарын толықтырып, ерлер мен әйелдердің қоғамда орындайтын рөлдері екі топқа бөлінетінін түсіндіреді:

**1** Адам ағзасының биологиялық (физиологиялық) ерекшеліктеріне байланысты алмастыруға келмейтін рөлдер - биологиялық рөлдер үшін «жыныс» термині қолданылады.

**2** Алмастыруға болатын рөлдер - әлеуметтік рөлдер, әдетте олар «гендер» терминімен белгіленеді.

Осыдан кейін оқытушы «Жыныс және гендер» пікіртерімін ұсынады. Әрбір пікірдің қарсысына олар «Ж» (жыныс) немесе «Г» (гендер) әріптерін қою керек.

1. Ерлер емес, әйелдер бала босанады. (Ж)
2. Ұлдарға қарағанда қыздар мектепте сабақты жақсы оқиды. (Г)
3. Әйелдер сәбиді емізеді, ал ер адамдар тек ыдыспен тамақтандыра алады. (П)
4. Қыздар – тыныш және тіл алғыш, ал ұлдар тынышсыз және дербес. (Г)
5. Ұлдардың өтпелі жас кезеңінде дауыстары өзгереді, ал қыздарда өзгермейді. (П)
6. Көптеген құрылыс жұмыстарын ерлер орындайды. (Г)
7. БҰҰ мәліметтері бойынша әлем бойынша барлық жұмыстың 67% әйелдер орындайды, дегенмен олардың жалақысы әлемдік табыстың тек 10% құрайды, әлемдік меншіктің 1% ғана әйелдердің үлесінде. (Г)

### «Даулы пікір» ойыны

Бұл ойын ақпараттан басқа әрбір қатысушыға АҚТҚ мен ЖҚТБ мәселелеріне байланысты өз көзқарастарын анықтауға, оны кемсітушіліктен аулақ етуге мүмкіндік береді.

Сонымен бірге, қатысушылардың ойын кезіндегі қозғалыс белсенділігі топтың зейінін шоғырландыруға көмектеседі.

Материалдар: 4 парақ қағазға мына ойлардың әрқайсысы жазылған: «Өте келісемін», «Келісуге болады», «Мүлдем келіспеймін», «Білмеймін/Сенімді емеспін».

Осы ойлар жазылған парақтарды бөлменің төрт жағына жапсырыңыз. Жүргізуші АҚТҚ мен ЖҚТБ мәселелеріне байланысты бірнеше даулы пікірлерді біртіндеп оқиды. Әрбір пікір оқылып болған соң қатысушылар бірден өз көзқарасына сәйкес пікірлер жазылған парақтардың жанына бару керек. Қатысушылардан нәліктен осы пікірлерді таңдағанын түсіндіруді өтініңіз. Әр түрлі пікірлерді тыңдап болған соң қатысушылар өз көзқарасына жақын пікірлерді қайтадан таңдауына болады.

#### Даулы пікірлер:

- ✗ АҚТҚ- мен өмір сүруші балалар балабақша, мектепке бара алады.
- ✗ АҚТҚ-мен өмір сүруші балалар спорт үйірмелерінде спортпен айналысуды жалғастыра алады.
- ✗ АҚТҚ-мен өмір сүретін адамдарды жұмыстан босатпау керек.
- ✗ Ұл бала мен ер адамдардың АҚТҚ мен ЖҚТБ туралы қосымша ақпарат алуы қажет емес, олар жеткілікті ақпараттанған. Бұл ақпараттар қыздар мен әйелдерге керек.

#### Талқылау:

Сіздер осы мәселелер туралы ойланғанда қандай сезімде болдыңыздар?

Сіз әсіресе, азшылықтың қатарында болған кезде өз көзқарасыңызды білдіру жеңіл болды ма?

Өз көзқарасыңызды өзгерту жеңілге түсті ме?

Одан соң жүргізілген жұмыстың қорытындысын шығару керек. Қатысушылардың ақпаратты қалай меңгергенін анықтау үшін сауалнама алуға болады. Сондай-ақ «Сезіну» жаттығуын өткізуге болады: жүргізуші әрбір қатысушыдан осы сабақ-



тан алған әсерлерімен бөлісуді ұсынады. Егер мүмкіндік болса, белсенді қатысушыларға сыйлықтар, барлығына ақпараттық материалдар салынған папкалар таратуға болады.

### Тұжырым

Адам өзінің денсаулық жағдайына қарамастан, басқа адамдармен бірдей құқықтарға ие болады. Адам құқықтарын қорғау АҚТҚ таралуының алдын алуға ықпал ете алады, себебі адамдар АҚТҚ-ға тексерілуден және жұқтырған нәтиже болған жағдайда өз жақындарына бұл туралы хабарлаудан қорықпайды.

### Материалдар қоры:

Дүние жүзінің әр түрлі елдерінде АҚТҚ мен ЖҚТБ тұрғысында бар проблемалар:

- ❑ АҚТҚ-ға жағымдылық кезіндегі құпиялық құқығы жеткілікті мөлшерде қорғалмаған.
- ❑ АҚТҚ жағымды шетелдік азаматтар елден шығарылады.
- ❑ АҚТҚ жағымды адамдарды жатқызып емдеуден және басқа да медициналық қызмет көрсетуден бас тартады.
- ❑ АҚТҚ-жағымды балалардың білім алуына мүмкіндік жасалмайды.
- ❑ АҚТҚ-жағымды әйелдерге балалы болуға мүмкіндік берілмеген.
- ❑ АҚТҚ-жағымды адамдарды жұмысқа қабылдаудан бас тартады

### АҚТҚ-МЕН ӨМІР СҮРУШІ АДАМДАРДЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ БҰЗЫЛУЫНЫҢ МЫСАЛДАРЫ

АҚШ-та Жоғарғы сот АҚТҚ дәрежесі үшін емдеуден бас тартқан тіс дәрігеріне қарсы кемсітушілік жөнінде берген әйелдің өтінішін қанағаттандырды. Сот тіс дәрігерінің өз денсаулығына қауіп төнуі мүмкін деген дәлелдерін қабылдамады.

Австралия соты ойыншы ретінде өзін тіркемеген клубына қарсы өтініш берген АҚТҚ жағымды футболшының

пайдасына қаулы шығарды. Сот АҚТҚ-ның басқа ойыншыларға берілу қауіпі өте төмен және клуб шешімі негізсіз деп шешті.

Ресейде 1989 жылы адамның қорғаныш тапшылығы қоздырғышынан аурухана жағдайында 250 бала зақымданған, соның салдарынан оларды мектепке дейінгі балалар мекемесіне алудан, ал олардың ағалары мен әпкелерін оқу орындарында оқытудан бас тартқан.

### ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДА АҚТҚ МЕН ЖҚТБ МӘСЕЛЕЛЕРІНІҢ ЗАҢДЫҚ - ҚҰҚЫҚТЫҚ АСПЕКТІЛЕРІ.

Қазақстан Республикасының халқы үшін АҚТҚ мен ЖҚТБ қауіп төндіруде және тек медициналық қана емес, сондай-ақ бұл мәселе әлеуметтік, экономикалық әрі мәдени аспектілерді де қамтиды.

### ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДА «ЖҚТБ-НЫҢ АЛДЫН АЛУ ТУРАЛЫ» ЗАҢ ҚАБЫЛДАНҒАН

### «АҚТҚ-МЕН ЗАҚЫМДАНҒАН АДАМДАРДЫ ӨЛЕУМЕТТІК ҚОРҒАУ» ТУРАЛЫ БАПТА КЕЛЕСІ МӘСЕЛЕЛЕР ҚАРАСТЫРЫЛҒАН:

АҚТҚ жұқтырған балалар мен жасөспірімдерді мектепте және басқа оқу орындарында оқыту қамтамасыз етіледі.

- жұмыстан босатуға;
  - жұмысқа қабылдаудан бас тартуға;
  - мектепке дейінгі балалар мекемесіне қабылдаудан бас тартуға
- РҰҚСАТ ЕТІЛМЕЙДІ**



**«АҚТҚ-мен әдейі зақымдағаны үшін жауапкершілік»,  
«Дәрігерлік құпияны сақтау»  
туралы баптар  
қарастырылған.**

Қазақстан Республикасы  
Үкіметінің 2006 жылғы  
15 желтоқсандағы №1216  
қаулысымен бекітілген «Қазақстан  
Республикасында ЖҚТБ індетіне  
қарсы іс-қимыл жөніндегі  
2006-2010 жылдарға арналған  
Бағдарлама» қабылданды.

Қазақстан Республикасы білім  
және ғылым министрлігінде АҚТҚ  
мен ЖҚТБ індетіне қарсы тұру  
бойынша 2006-2010 жылдарға  
арналған іс-шаралар Жоспары  
бекітілді.

Аталған бағдарламаның негізгі  
міндеттерінің бірі жастардың  
бойында АҚТҚ жұқтыруға кедергі  
жасайтын жауапты мінез-құлықты  
қалыптастыру болып табылады.

**Қазіргі уақытта АҚТҚ мен  
ЖҚТБ ғаламдық қаупімен  
күреске барлық әлем елдері  
кіріскен**

**Адам құқықтары және АҚТҚ мен  
ЖҚТБ жөніндегі халықаралық міндеттемелер**

АҚТҚ мен ЖҚТБ індеттерін бір-неше жыл мұқият зерттеу нәтижесі адам құқығын қорғауға қолдау көрсетудің мәнді құраушысы болып табылатынына көз жеткізуге мүмкіндік береді. Адам құқықтарын қорғауға қолдау көрсету АҚТҚ — мен өмір сүруші адамдардың тартып алынбайтын құқықтарын сақтау, олардың абыройын сақтау үшін, сондай-ақ, қоғамдық денсаулық сақтаудың

АҚТҚ жұқпасына әлсіздікті азайтуға, АҚТҚ тасымалдаушылар үшін кері зардаптарды төмендетуге арналған мақсаттарына жетуі үшін және жекеленген адамдар мен жалпы қоғам тарапынан АҚТҚ мен ЖҚТБ мәселелеріне үлкен түсіністік болуы үшін қажет.

Жалпы алғанда, адам құқықтары мен қоғамдық денсаулық сақтаудың мақсаттары бірдей, әр адамның құқықтарына қолдау көрсетуге және қорғауға бағытталған. Адам құқығының жүзеге асуы әр адамның құқықтары мен ар-намысын қорғау жолымен, әсіресе кім кемсітушілікке ұшыраса немесе оның құқықтары қандай да бір жағдайда сақталмаса, оларды қорғаумен қол жеткізеді. Қоғамдық денсаулық сақтау ісінің де дәл осындай мақсаттары барлық адамдардың, әсіресе, өздерінің тәндік, психикалық немесе әлеуметтік амансаулығына төнген қауіп алдында қорғаныссыз адамдардың денсаулығын қорғау жөніндегі шараларды жақсарту жолымен қол жеткізіледі. Сонымен, денсаулық сақтау және адам құқықтары кез келген мәселеде бірін-бірі өзара толықтырады әрі күшейтеді. Олар, сондай-ақ АҚТҚ мен ЖҚТБ мәселесінде де бірін-бірі өзара толықтырады және нығайтады.

Адам құқықтары мен қоғамдық денсаулықтың өзара байланыс аспектілерінің бірін, мысал ретінде АҚТҚ-ны болдырмауға және алдын алуға арналған мәжбүрлік және жазалау сипаттағы бағдарламалар оларға қатысушылардың санының қысқаруына әкелетінін зерттеу нәтижелерінен көрсетуге болады.

Жекелей алғанда, адамдар кемсітушілікке ұшырау, құпиялылықтың болмауы және басқа да кері зардаптардың болуымен кездессе, АҚТҚ жөнінде кеңес алу, тестен өту, емделу мен қолдау табу мүмкіндігін іздемейді. Сондықтан да қоғамдық денсаулық сақтаудың мәжбүрлік шаралары, ең алдымен осы көрсетілген қызметтерге ең мұқтаж адамдарды үркітетіні айқын және мұндай жағдайда науқастардың іс-әрекетін өзгерту, оларға көмек көрсету мен



денсаулығына қолдау жасау арқылы жүргізілетін АҚТҚ мен ЖҚТБ - ның алдын алу жөніндегі қоғамдық денсаулық сақтаудың мақсаттары орындалмайды.

Адам құқықтарын қорғау мен тиімді бағдарламалар арасындағы байланыстың басқа бір аспектісі халықтың әртүрлі деңгейлерінде АҚТҚ-ның таралу немесе қамту әркелкілігі (диспропорциясы) байқалатындығынан көрінеді. АҚТҚ-ға әлсіздікке жиі ұшырайтын топтарға әйелдер, балалар, кедей-кепшіктер, босқындар, бір мемлекеттің ішінде жоғалып кеткендер, дене немесе ақыл-ой кемістігі бар адамдар, сотталғандар, жыныстық қатынас көрсетушілер және инъекциялық есірткі тұтынушылар, яғни әлеуметтік, экономикалық, мәдени және басқа факторлардың күшімен құқықтары шектелген адамдар кіреді. Адам

құқықтарын қорғаудың болмауы мұндай топтарға жұқтырудан қорғануға және зақымданғанда науқасқа АҚТҚ-мен күресуге мүмкіндік бермейді.

Сонымен қатар, мәселенің барлық аспектілерінде, АҚТҚ-мен өмір сүрушілерді қоса алғанда, кең қолдау тапқан даму үстіндегі халықаралық консенсус бар, ол табысты бағдарламалардың басты ерекшелігі болып табылады.

Мұндай жан-жақты үн қатудың тағы бір маңызды құрамы - адам құқықтарын қорғауға қолдау көрсететін заңды және этикалық орта құру. Бұл мемлекет, қоғам және жекелеген азаматтар тарапынан адамның абыройын және құқықтарын сақтауды, осымен қатар шыдамдылық, аяушылық және ынтымақтастықты қамтамасыз ететін шараларды қажетсінеді.

*Барлығымыз бірге  
АҚТҚ мен ЖҚТБ-ның  
таралуын тоқтата  
аламыз!*

# АҚТҚ ЖАҒЫМДЫ БАЛАЛАР





## АҚТҚ ЖАҒЫМДЫ БАЛАЛАР

АҚТҚ-мен өмір сүруші немесе ЖҚТБ-ның әсерінен жетім қалған балалар қатал стигматизация мен кемсітушілікке жиі ұшырайды. Қоздырғыш туралы ашық айту мүмкіндігінің өзі ЖҚТБ-дан еркін ұрпақты қалыптастыруда үлкен рөл атқарады.

**2007 ЖЫЛЫ ӘР КҮНІ 7400  
АДАМ АҚТҚ ЖҰҚТЫРҒАН<sup>8</sup>**

**ОНЫҢ ІШІНДЕ - 1000 ЖАҒДАЙҒА  
ЖУЫҒЫ - 15 ЖАСҚА ДЕЙІНГІ  
БАЛАЛАР АРАСЫНДА**

**45% ЖУЫҒЫ - 15-24 ЖАС  
АРАЛЫҒЫНДАҒЫ ЖАС  
АДАМДАР АРАСЫНДА**

Әлемде әр минутта 15 жасқа дейінгі бір бала АҚТҚ жұқтырады. Дүние жүзінде ЖҚТБ-дан қайтыс болғандардың алтыдан бір бөлігін, АҚТҚ жұқпасын жаңадан жұқтыратындардың жетіден бір бөлігін 15 жасқа дейінгі балалар құрайды, сондай-ақ 15 жасқа дейінгі балалардың көпшілігі жұқпаны ана-сының аяғы ауыр кезінде, босанғанда немесе емізгенде жұқтыратыны белгілі. Балаларға жұқтырудың тағы бір себептері: жұқпалы қан құю, стерильді емес шприцтер, инелер мен құралдарды қолдану, сондай-ақ әсіресе қыздар арасындағы жыныстық зорлыққа ұшырау.

Көптеген балалар өздерінде АҚТҚ болмаса да оның зардабын шегеді. Ата-анасының біреуі немесе екеуінің қайтыс болуы, оның зардабынан махаббат, қолдау және қорғаудан айрылатындықтан балаларға өте күшті әсер етеді.

Әлемдік қауымдастық жетім және әлсіз балалардың маңызды құқықтары мен қажеттіліктерін мойындайды. Біріккен Ұлттар Ұйымы Бас Ассамблеясы 2001 жылы қабылдаған АҚТҚ және ЖҚТБ-мен күреске

<sup>8</sup> AIDSOUTLOOK/09,UNAIDS WORLD AIDS DAY REPORT

бейілділігі Декларациясы АҚТҚ-ның балаларға әсер етуін жұмсартудың мақсаты мен міндеттерін анықтады.

Әлем елдері мыналар туралы шешімге келді:

- ✓ жетімдерге, АҚТҚ жұқтырған және АҚТҚ мен ЖҚТБ мәселелерінің зардабына ұшыраған ұлдар мен қыздарға көмек көрсетуде үкімет, отбасы мен қауымдастықтың мүмкіндіктерін құру және кеңейту үшін ұлттық саясат пен стратегияны жүзеге асыру;
- ✓ белсенді және транспарентті саясатты насихаттау жолымен адамды кемсітушілікке жол бермеу және құқықтарын жүзеге асыруда АҚТҚ-ның зардабынан жетімдікке ұшыраған және қорғансыз жағдайға түскен балаларды қоғамның көз алдында оңалту;
- ✓ АҚТҚ-ның алдын алу бойынша ұлттық бағдарламаларға тиімді үлес қосуға халықаралық қауымдастықты үндеу.

БҰҰ балалар құқықтар туралы Конвенциясына сәйкес, АҚТҚ-мен өмір сүруші барлық балалар емделуге, кеңес алуға, білім алуға, демалуға және әлеуметтік қолдауға ие болуға, сондай-ақ кемсітушіліктің кез келген түрінен қорғалуға тиіс.

АҚТҚ мен өмір сүруші балаларды көбіне індеттің «бейкүнә құрбандары» деп есептейді. Бірақ АҚТҚ-мен өмір сүруші балалардың қандай шынайы мәселелері бар? Ең бастысы – оларды қоршаған адамдар мен барлық тұрғындардың теріс айналуы мен дақпырттары.

АҚТҚ жұқпасы мен ЖҚТБ – медициналық мәселе, сондықтан оны дәрігерлер шешуі керек дегенді жиі естуге болады. Шындығында бұл барлық қоғамның күткізбей шешуге тиісті ауқымды өткір мәселесі. Әрине,





ең маңызды мәселе АҚТҚ-ға жағымды адамдарға, оның ішінде бірінші кезекте балаларға қарым-қатынас мәселесі.

АҚТҚ-дан бірінші кезекте балалар зардап шеккен әлемдегі екі елдің бірі Ресей (екінші ел – Румыния) болып отыр. 1988-1989 жылдары Ростов, Элиста, Волгоградтың балалар ауруханаларында 200-ден астам бала ауру жұқтырды, осыған байланысты қоғам осы балалар мен олардың отбасыларына қолдау көрсетіп, көмектесуі керек еді. Бірақ бәрі керісінше болды – қоғам осы балаларды шетке қақты. Нәтижесінде аналар жұмыссыз қалды, балалар балабақшаға бара алмады, отбасылары бұзылды.

### Қазақстан Республикасында

Өкінішке орай, көптеген адамдар АҚТҚ-мен өмір сүруші баланы біріншіден, ауру жұқтырады, екіншіден – тез қайтыс болады сондықтан оның келешегі болмайды деп есептейді. Осындай қоғамдық пікір тұрғындар арасында кездеседі. Бұқаралық ақпарат құралдары да, өкінішке орай, осындай қарым-қатынастың қалыптасуына ықпал етеді: АҚТҚ-ға жағымды балаларға жағымсыз қарым-қатынасқа әкелетін мақалалар арқылы бұл адамдарды қолдау емес, керісінше бөлектеуге шақырады. Мұның барлығы қоғамда бұл баланы шетке итеруге, бөліп тастауға көзқарас туындатады.

Шын мәнінде АҚТҚ-ға жағымды балаларға қарым-қатынас өзгеру керек, оларды қамқорлыққа, махаббатқа, көңіл бөлуге зәру балалар ретінде қабылдау қажет.

АҚТҚ-ға жағымды балалардың болашағы болмайды деген ұғым шындыққа мүлдем жанаспайды. Егер оларға ем қолданылса, олар АҚТҚ-мен ауырмайтын кездегі өмірлерін сүре алады.

Осыған байланысты олар өздерінің құрдастарының арасында қалай бейімделеді деген сұрақ туындайды. Алғашқы уақытта АҚТҚ-ға жағымды балаларда басқа балалармен араласуға қорқыныш болады. Бірақ, бақытқа орай, бұл балаларда тез өтеді,

бірнеше күн өткен соң-ақ олар барлық оқиғаның ортасында жүреді.

Осылайша, қоғамда АҚТҚ-ға жағымды балаларға қарым-қатынас орнатудың екі үлгісі бар. Біріншісі – 27 жыл бойына өзгермеген дақпырттарды басшылыққа алып, бұл балаларды ызалы күйде аластатамыз, өйткені олар қорғаусыз, не болмаса оларды қорғайтын ата-аналары болмайды. Басқа үлгісі – біз оларға ең алдымен бала ретінде қараймыз, сонда олардың болашағы болады.

АҚТҚ-мен өмір сүруші балалар басқа балалар сияқты ата-аналары мен қамқоршылары, мұғалімдері, тәрбиешілері, тіпті бүкіл қоғамның махаббаты мен қамқорлығына зәру болады, оларда арнайы медициналық және эмоционалдық қажеттіліктер де болады. Мұндай балалардың өмір салты қалыпты баланың өмір салтына барынша жақындатылған болуының маңызы зор. АҚТҚ-на ерте анықтау, сондай-ақ жақсы күтім мен қолдау көрсету осындай баланың толыққанды өмір сүруіне ықпал етеді.

Қазіргі медицина жетістіктері АҚТҚ-ға жағымды балалардың толыққанды өмір сүруіне жағдай жасай алады. Барлық балаларға сияқты әсіресе оларға қамқорлық жасайтын, жылуы мол отбасы, олардың өсуіне және ересек болуына көмектесетін мектеп қажет.

Ересектерге қарағанда АҚТҚ жұқпасының дамуы балаларда басқаша өтетінін атап айту керек. Бұның баланы бақылауға алуда, күтім жасау мен емдеуде маңызы бар.

## ӘЛЕУМЕТТІК МӘСЕЛЕЛЕР

Осыған дейін айтқанымыздай, АҚТҚ-ға жағымды балалар қалыпты адекватты емдеу жүргізілгенде белсенді өмір сүре алады. Соның өзінде АҚТҚ-ға жағымды ересектер сияқты, олар да қоғамдағы дақпырттарға жолығады, мұң, қайғыны бастан кешіреді, ауру мен өлімнен қорқады. Осы қиындықтардан құтылуға қалай көмектесу туралы біржақты дұрыс кеңес берудің жолы жоқ. Көп жағдайларда ата-аналарға, мұғалім-



дерге балалармен жұмыс істейтін әлеуметтік қызметкер немесе психотерапевтің көмегі қажет. Психологтармен бірге АҚТҚ-ға жағымды балалармен кездесетін дәрігер, медбикелер қосымша қолдау көрсетулері тиіс.

## АТА-АНАЛАР СҰРАҚТАРЫНА ЖАУАПТАР

### Балаға АҚТҚ туралы ақпаратты қалай жеткізуге болады

АҚТҚ туралы балаларға ақпарат беру – бұл қажетті және ұзақ үрдіс. Көп жағдайда бала ерте жасында-ақ анасымен бірге неге емханаға баратынын, оған қан тапсыру мен дәрілердің не қажеттігі бар екендігін білгісі келеді. Ерте жасында-ақ көптеген ата-аналар өзінің АҚТҚ-ға жағымды балаларына қандағы «жақсы клеткаларды» өлтіретін «жаман клеткалар» туралы және олармен күресуге дәрілер қажеттігі жайлы айтады. Немесе «кішкентай қоңыз» сияқты қоздырғыштар туралы әңгіме-лейді. Бұл кішкентай балалармен АҚТҚ-ның атын айтпай-ақ денсаулық туралы мәселелерді талқылауға, сондай-ақ ауру және денсаулықты сақтау туралы негізгі ақпараттарды беруге жол ашады.

Бала өскен сайын көбірек ақпараттарды қабылдай бастайды. Шамамен 7 жастан бастап балаларда өз организміне деген қызғушылық пайда болады. Осы кезеңде балаға қоздырғыштар туралы: мысалы, «Қоздырғыштардың әр түрлері бар; АҚТҚ сенің ағзаңда барлық уақытта қалып қояды, сол үшін емханаға баруды жалғастырып дәрілерді қабылдау қажет» деп түсіндіруге болады.

Жеткіншек жастағы баламен АҚТҚ туралы ашық және толығырақ әңгімелесу қажет. Бұл балаға өзінің денсаулығын бақылау үшін керек. Бұл сондай-ақ қорқыныш пен үрейді азайтып, балаға тәуелсіздікті сезініп, өзіндік бағасын қолдауға жеткізеді. Айналасындағы ересектер де, балалар да ол неге дәрігерге баратынын, оның

немен ауыратынын баладан сұрауы мүмкін. Балаға оның ауруы туралы айта отырып, осындай сұрақтарға қалай жауап беруі жайлы да талқылау қажет.

Психологиялық зерттеулер 12-13 жастағы балалар өзінде АҚТҚ бар екенін, оның не екенін түсінуі, қандай анализдерді тапсыратынын және қандай дәрілерді қолданатынын білгені дұрыс екендігін көрсетеді. Әдетте осы жастағы балалар өзіне қолданылатын емге байланысты мәселелерге араласып, АҚТҚ-ға қатысты маңызды шешімдерді қабылдауға белсенді қатысқысы келеді.

Өлемде туғаннан АҚТҚ жұқтырған, есейіп жасөспірім жасқа жететін балалар көбеюде. Кейбір елдерде АҚТҚ-ға маманданған емханаларда осындай балаларды туғаннан бастап бақылауға алатын балалар дәрігері жұмыс жасайтын жасөспірімдердің кабинеттері жұмыс істеуде. АҚТҚ бар балалар есейгенде жаңа эмоционалдық және әлеуметтік мәселелерге кездеседі. Жасөспірім кезең әсіресе АҚТҚ-мен өмір сүруші бала үшін «қиын кезең» болуы мүмкін екенін алдын ала ойлау керек.

Балалар не болып жатқанын соған сәйкес түсінетін белгілі бір логикалық ереже бар. Оны қадам сайын қолданып баланың АҚТҚ мәселесін түсінуіне қол жеткізу керек. Осы қадамдармен жүру баланың өзіне қатысты барлық мәселелерге қатысуын жеңілдетеді алады.

*АҚТҚ жұқпасы және ЖҚТБ туралы баламен қалай сөйлесуге болатыны жайлы бірнеше жалпы ережелер:*

Баланың өз ауруы жайлы білімін әңгіменің бастамасы үшін қолдану қажет. Баланы мұқият тыңдай отырып, АҚТҚ жұқпасы туралы ата-анасынан, мұғалімдерден, кітаптан немесе БАҚ-нан біле ме, жоқ па түсінуге болады.

Әңгіме ашық түрде, балаға түсінікті тілмен жүргізілуі тиіс және ақпараттарды қысқа, қарапайым түрде беруге тырысу керек.



Бала көлемі шағын ақпараттарды қалай түсініп отырғанына назар аудару керек. Кейбір ақпараттарды қайталауға тура келетін болар. Мұғалім де, ата-ана да сұрақтарға жауап беруге дайын болғаны дұрыс.

Жағымсыз жақтарға аса зейін қоймауға тырысу керек.

Балаға қолдау алу үшін АҚТҚ жұқпасы туралы ақпараттарды кімнен алуға болатынын хабарлау керек.

Баламен АҚТҚ жұқпасы туралы сұрақтарды бірнеше рет талқылау керек. АҚТҚ-ға жағымды баланың бұл жұқпа оның өмірінің бір бөлшегі екенін түсінуі маңызды.

Бала жасөспірім жасқа толғанда АҚТҚ жұқпасы туралы сұрақтар ашық және толық көлемде талқыланғаны дұрыс. Бұл АҚТҚ жағымды балалар қажетті ем қабылдаған жағдайда қалыпты өмір сүруге болатынын түсіну үшін қажет. Дегенмен, АҚТҚ жағымды балалар ересектер сияқты кемсітушілік, мұңаю, қайғыру, жоғалту, ауру мен өлімнен қорқу сияқты психологиялық мәселелерге кездесуі мүмкін. Бұл сұрақтарды шешуге біржақты дұрыс жол жоқ. Баланы қолдаудың ең жақсы тәсілдерінің бірі – ол қажетсіңсе, оның уайымдары мен қорқыныштары туралы сұрақтар беруге мүмкіндік жасау.



**ЖЕТИМ ЖӘНЕ АТА-АНАСЫНЫҢ  
ҚАМҚОРЛЫҒЫНСЫЗ ҚАЛҒАН  
БАЛАЛАРҒА АРНАЛҒАН БІЛІМ БЕРУ  
ҰЙЫМДАРЫНДА АҚТҚ-НЫҢ АЛДЫН  
АЛУДЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ**





## ЖЕТІМ ЖӘНЕ АТА-АНАСЫНЫҢ ҚАМҚОРЛЫҒЫНСЫЗ ҚАЛҒАН БАЛАЛАРҒА АРНАЛҒАН БІЛІМ БЕРУ ҰЙЫМДАРЫНДА АҚТҚ-НЫҢ АЛДЫН АЛУДЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Кез келген қоғамда жетім және ата-ананың қамқорлығынсыз қалған балалар тұрғындардың әлеуметтік әлсіз бөлігі, сондықтан АҚТҚ-ның алдын алу жұмыстарының сапасы тәрбиеленушілердің әлеуметтенуі мен болашақ өмір жағдайларына тікелей әсер етеді. Қазақстанда 14 мыңнан астам бала тәрбиеленіп жатқан жетім және ата-ананың қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған 159 білім беру ұйымдары, оның ішінде 3 мыңға жуық дамуында мүмкіндігі шектеулі жетім балалар білім алып жатқан 16 арнайы (коррекциялық) білім беру ұйымдары бар. Елімізде жылына ата-ананың қамқорлығынсыз қалған, көпшілігі әлеуметтік жетімдер 10000 жуық балалар анықталады. Қазақстан Республикасындағы «Баланың құқықтары туралы», «Білім туралы» және т.б. Заңдарға сәйкес жетім және ата-ананың қамқорлығынсыз қалған балалар сапалы білім алу мен тәрбиеленуге, АҚТҚ жұқпасының таралу жолдары мен қорғану шаралары туралы толық ақпарат алуға құқылы. Жетім және ата-ананың қамқорлығынсыз қалған балаларды интернат жағдайында тәрбиелеудің қазіргі жағдайы олардың дербес және жауапты мінез-құлықтарын қалыптастыру мен өз мәселелерін шеше білуге дайындауға аз ықпал етіп отырғанын мойындау керек.

Жетім және ата-ананың қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған білім беру ұйымдарының бүгінгі негізгі мақсаттарының бірі – тәрбиеленушілерді дербес өмір сүруге, толыққанды отбасын құруға, мамандық алуға, еңбекке орналасуға дайындау. Осылайша, балалар үйлері мен мектеп-интернаттар қызметінің басым бағыттары денсаулықты қорғау (оның ішінде АҚТҚ-ның алдын алу, репродуктивті денсаулықты сақтау), жеке дамуы, еңбекке орналасуы және отбасын құруға бейімделуі, әлеуметтік құзырлылық дағдыларын, дұрыс мінез-құлық стереотиптерін, оның ішінде қауіпсіз жыныстық мінез-құлыққа үйретіп, олардың санасында әлеуметтік мораль нормаларын қалыптастыру болып табылады.

Балалар үйлерінде тәрбиеленетін балалар отбасында өсіп келе жатқан өз құрдастарынан психикалық дамуы жағынан ерекшеленеді. Жетім балалардың психикалық дамуындағы ерекшеліктер АҚТҚ жұқпасының алдын алуға қалай әсер етеді? Психологиялық алдын алу бағдарламаларын құруда жетім балалардың қандай психикалық ерекшеліктерін ескеру керек? Кәмелетке толмағандардың осы әлеуметтік-демо-графиялық тобының санасы мен мінез-құлқын сапалы өзгертуге қалай ықпал етуге болады?

<i>Жетім балалардың даму ерекшеліктері</i>	<i>Қауіп, әлсіздік факторлары</i>	<i>Белгілі бір дағдыларын дамытуға ереше көңіл бөлу</i>	<i>Мүмкін әдістер, тәсілдер, жаттығулар</i>
Денсаулығының әлсіздігі, орталық жүйке жүйесінің зақымдалуы	Дене және психикалық денсаулығының бұзылуы, жалпы интеллектуалдық, дене және психикалық дамуының баяулауы, оңалтуға келмейтін әртүрлі аурулар	СӨС дағдыларын, әлеуметтік-тұрмыстық және мәдени-гигиеналық дағдыларын қалыптастыру	Мамандардың бақылауы мен емдеуі. Жеке оқыту әдістері: материалды аз бөліктерге бөлу; оқытудың көрнекі, практикалық әдістерін қолдану; білім, дағдыларын жаттығуларды көп рет қайталау арқылы бекіту, меңгерген

ЖЕТІМ ЖӘНЕ АТА-АНАСЫНЫҢ ҚАМҚОРЛЫҒЫНСЫЗ ҚАЛҒАН БАЛАЛАРҒА АРНАЛҒАН БІЛІМ БЕРУ ҰЙЫМДАРЫНДА АҚТҚ-НЫҢ АЛДЫН АЛУДЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ



ЖЕТИМ ЖӘНЕ АТА-АНАСЫНЫҢ ҚАМҚОРЛЫҒЫНСЫЗ ҚАЛҒАН БАЛАЛАРҒА АРНАЛҒАН БІЛІМ БЕРУ ҰЙЫМДАРЫНДА АҚТҚ-НЫҢ АЛДЫН АЛУДЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

			материалдарын көп рет қайталау; қарапайым тұрмыстық түсініктер негізінде материалды қолайлы түрде жеткізу; материалды баяу түсінетінін ескеру.
Балаларды жасанды оқшаулау, балалар өмірін регламентациялау	Өмір тәжірибесінің аздығы, болашағының күңгірттігі балалардың әртүрлі өмірлік стратегиялар мен рөлдерді меңгеруін шектеуге әкеледі.	Балалардың жыныстық рөлдік мінез-құлық стереотиптерін меңгеруі. Сыни ойлау, анализдік-синтездік, шешім қабылдау, саналы таңдау дағдыларын қалыптастыру.	Талқылауға және кейіпкерлерге баға беруге немесе мазмұнды жалғастыруға ұласатын сюжеттік-рөлдік ойындар. Жыныстық рөлдік идентификациялау, гендерлік теңдікті қалыптастыру бойынша бағдарламаларды құру, жүзеге асыру. Әлеуметтік байланыстарды кеңейту. Өзіндік дағдыларын дамыту.
Ерте жыныстық белсенділік, жыныстық әріптестерін жиі алмастыру.	Балалар үйінде алған өмірлік мінез-құлық ұстанымдарын өзгертпеу, моральдық құндылықтар туралы көмескі көзқарастары. Рухани қызығушылықтарының дамымауы, академиялық үлгерімдерінің төмендігі. Әлеуметке жат әдеттерінің болуы: ішімдік ішу, есірткі қолдану, ерте жыныстық қатынас, әлеуметтік жайсыз жағдайларда тұру тәжірибесі	Психикалық белсенді заттарды қолдануға, жағымсыз әдеттер мен мінез-құлықтарға қарсы қарым-қатынастарды қалыптастыру. Қауіпсіз жыныстық мінез-құлық, есірткі қолданудан, жыныстық өмірді ерте бастаудан бас тарту дағдыларын, АҚТҚ-ның берілу жолдары, АҚТҚ жұқпасының адам ағзасына әсері туралы алған ақпараттарын талдай білуін, арандататын жағдайларда дұрыс шешім қабылдай білуін қалыптастыру.	Психикалық белсенді заттарды қолдануға, жағымсыз әдеттер мен мінез-құлықтарға қарсы қарым-қатынастарды қалыптастыру. Қауіпсіз жыныстық мінез-құлық, есірткі қолданудан, жыныстық өмірді ерте бастаудан бас тарту дағдыларын, АҚТҚ-ның берілу жолдары, АҚТҚ жұқпасының адам ағзасына әсері туралы алған ақпараттарын талдай білуін, арандататын жағдайларда дұрыс шешім қабылдай білуін қалыптастыру. Ұжымдық шығармашылық жұмыс. Жасөспірімдердің шығармашылық қабілеттерін ашу және дамыту. Адамгершілік-жыныстық ағарту бойынша әңгімелер жүргізу. «Есірткіге жабысып қалу», «Телевизиялық ролик» және т.с.с. жаттығулар. Ер, әйел қызметкерлердің мінез-құлқын еліктеуге жағымды үлгі ретінде көрсету.
Аналық, эмоционалдық, әлеуметтік және басқа депривация түрлері	Неке құруға, отбасылық өмірге дайындығының төмендігі: бір адаммен тұрақты ұзақ қарым-қатынасты құра алмау, аналық мінез-құлық стереотиптерінің, тұрғын үйді жабдықтау мен үй шаруашылығын жүргізуден білімі мен дағдысының болмауы.	Әр түрлі жағдайларда АҚТҚ жұқтыру қаупі деңгейін анықтауға үйрету. Басқаны түсінуге, қайғысымен, қуанышымен бөлісуге, қолдау көрсетуге үйрету. Отбасылық өмір, тұрғын үйді жабдықтау мен үй шаруашылығын жүргізу туралы алғашқы түсініктерін қалыптастыру.	Тұлғаның өзін-өзі тануы және өзін-өзі дамытуы. Отбасылық шаруашылықты жүргізу, баланы күту дағдыларын қалыптастыру бойынша бағдарламалар дайындау.



<p>Тәрбиеленушілердің АҚТҚ-ның берілу жолдары мен тәсілдері туралы өз ақпараттану деңгейін асыра бағалауы, бұл туралы ұғымының терістігі</p>	<p>Нигилизм мен инфантилизм, қабылдаған шешімдері, іс-әрекеттері үшін жауапкершілікті ұғынбауы</p>	<p>АҚТҚ-ның берілу жолдары, АҚТҚ жұқпасының адам ағзасына әсерінің мүмкін зардаптары туралы алған ақпараттарын талдай білуге үйрету. Нақты қауіп жағдайларында мінез-құлық, жауапты іс-әрекет дағдыларын қалыптастыру.</p>	<p>Сенімді орта құру, балалардың жыныстық мінез-құлқы мен оның мүмкін зардаптарына қатысты оларды толғандыратын және қызықтыратын сұрақтарды талқылау. Жыныстық қарым-қатынас және ЖЖБЖ жайлы ақпараттандыру. Қалыпты жыныстық өзіндік санасын тәрбиелеу. Пікірталас бағдарламаларын жүргізу.</p>
<p>Бос уақытты тиімді өткізудің тәжірибесі болмауы.</p>	<p>Бос уақытты өткізудің ұжымдық стандартының көрініс табуы, өзіндік таңдау жасауға қабілетсіздігі, мінез-құлықтың стереотипті стандартына жиі баруы, топтық әсерге, күші басым адамның қысымына жиі ұшырауы.</p>	<p>Тұлғааралық және әлеуметтік қарым-қатынас мәдениетін, салауатты өмір салты және өзіндік шешім қабылдау дағдыларын қалыптастыру. Мінез-құлық түрінің жағдайға сәйкестігін немесе сәйкес еместігін нақты сезінуді үйрету. Достықты түсіну және бағалау дағдысын қалыптастыру.</p>	<p>Өртүрлі сауықтыру шаралары, ұжымдық шығармашылық істер, интерактивті жаттығулар, пікірталастар, дебаттар, түрлі үйірмелер жұмысы, спорттық жарыстар, байқаулар. Әр баланың шығармашылық қабілетін ашу, спортпен, музыкамен және т.б. әуестенуін қолдау</p>
<p>Айналасындағыларға сеніммен қарай алмау</p>	<p>Қоршаған адамдармен жағымды қарым-қатынастың жетіспеушілігі, баланың сенімсіздігі, күдікшілдігі, ашушандығы, жаңаны тануға ұмтылысының болмауы.</p>	<p>Ақпараттың қайнар көздерінің сенімділігін бағалауға, басқа адамдарға көмектесудің маңыздылығын түсінуге үйрету, ақпарат көздері ретінде кино, телеқойылымдар, музыкаға сыни тұрғыдан ой елегінен өткізуге үйрету.</p>	<p>Дебаттар, интерактивті әдістер. «Человек без лица» фильмін бірге көру (өзінің өткен өмірін өзінің бір бөлшегі ретінде сезінуді мен қабылдауы).</p>
<p>Қарым-қатынас мәселелері</p>	<p>Басқа адамдармен қарым-қатынасын дамытудағы жетіспеушілік, сенімсіздік, өзіне көңілі толмаушылықтың дамуы және әлеуметтік шеттетілгендік сезімі, даулы жағдайларды шешудің деструктивті сызығы, жеке уайымның жоғары деңгейі; өзін төмен бағалауы, өзін-өзі басқару мен өзін-өзі бақылауының төмен деңгейі, мотивациялық агрессиясының жоғары деңгейі.</p>	<p>Қажетті ақпараттар іздеуге, анықтау немесе кеңес беруді өтінуге, топтық қысым жасалған жағдайда денсаулығына қауіпті іс-әрекеттерден бас тартуға үйрету. Құрдастарымен қарым-қатынастың үйлесімді үлгілерін қолдана білуге және мінез-құлық сәйкестігін таңдауға үйрету. Тиімді қарым-қатынас және үйлесімді өзара іс-қимыл дағдыларын қалыптастыру.</p>	<p>«Кезек», «Егер мен.., онда...», «Сезім», «Үгіттеу», «Аңыздар», «Аяқталмаған сөйлем» жаттығулары</p>

ЖЕТІМ ЖӘНЕ АТА-АНАСЫНЫҢ ҚАМҚОРЛЫҒЫНСЫЗ ҚАЛҒАН БАЛАЛАРҒА АРНАЛҒАН БІЛІМ БЕРУ ҰЙЫМДАРЫНДА АҚТҚ-НЫҢ АЛДЫН АЛУДЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ



Балалар үйінде, мектеп-интернаттарда тәрбиеленушілердің өмірлік ұстанымдарын қалыптастыруда (өз денсаулығы, жақын адамдарының, сондай-ақ болашақ ұрпағының өміріне қамқор болу, жыныстық мінез-құлық, қауіпсіз мінез-құлық дағдылары және т.б.) алдын алу (превентивті) білімін беруге ерекше орын беріледі. Бұл жерде интернаттық жағдайда тәрбиелеудегі баланың күндіз-түні мұғалімнің көз алдында болатын жақсы ерекшелігін пайдалану керек. Осы жағдайда мұғалім тек сөзімен ғана емес, өзінің мінез-құлқымен, балалардың әр түрлі тұрмыстық жағдайлардағы іс-әрекеттерімен дұрыс мінез-құлық стереотиптерін жасауға және бекітуге, моральдық әлеуметтік нормаларын қалыптастыруға, яғни интернат тәрбиеленушілерінің әлеуметтік практикаларын ұйымдастыруға мүмкіндік туады.

Ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған балалардың күйзелісті жеңе білу, мәселелерді шешу, тұлғааралық қарым-қатынастағы қиындықтарды жеңу, жағ-дайды талдай білу және дұрыс шешім қабылдай алу дағдылары және т.б. болуы керек. Мұғалім бұл жағдайда маңызды ақпарат, құнды бағдар және жасөспірімге қолдау беруші, яғни олардың өміріндегі «маңызды» ересек адам болуы тиіс.

Превентивті білім берудің өзегі тәрбиеленушінің өз денсаулығы мен іс-әрекетіне жеке жауапкершілігін қалыптастыру болып табылады. Ол дегеніміз.

Қалыптасатын дағдылар арасында тиімді қарым-қатынас, жауапты шешім қабылдау, топтық қысым жағдайында денсаулығына қауіпті іс-қимылдан бас тарту дағдылары барынша маңызды.







Тәжірибеде әлеуметтік құзырлықтың нидерландық үлгісін қолдану жақсы жағынан көрінді. Үлгінің маңызы мынада, адам өзінің алдында кездесетін міндеттерді немесе мәселелерді орындауға, шешуге көмектесетін жеткілікті көлемде білім мен дағдыларды меңгеруі керек. Әлеуметтік құзырлық адамның жас мөлшерінің міндеттері мен бойында бар білім, дағдыларының арасындағы тепе-теңдік жағдайы ретінде қарастырылады. Егер жас мөлшері міндеттері мен мәселелері өте күрделі болса немесе нақты бір уақытта көбірек болса, адам жағымсыз іс-әрекет жасайды, тепе-теңдік бұзылады.

*Әлеуметтік дағдылар әр түрлі әдістер арқылы қалыптасады:*

**КЕРІ БАЙЛАНЫС** – мұғалім жасөспірімге оның мінез-құлқын түсіндіре отырып, онымен кері байланыс орнатады. Жасөспірімнің жағымды мінез-құлқына назар аудару осындай әрекетті бекіте түседі, оның үстіне жетім балалар көңіл-күйін қолдауды үнемі қажетсінеді.

**НҰСҚАУЛАР** – нұсқау бере отырып, мұғалім (тәрбиеші) тапсырманы қалай орындау керектігін, дағдыны қолданудың жүйелілігін және бұл дағ-

дыны қандай жағдайда қолдануға болатынын оған түсіндіреді.

**КӨРСЕТУ** – мұғалім (тәрбиеші) жасөспірімге дағдыны көрсете отырып үйретеді.

**ЖАТТЫГУ** – мұғалім (тәрбиеші) жасөспірім дағдыны іс-әрекетпен көрсеткенде ғана, одан нені күтуге болатынын түсінгенін біле алады. Дағдыны меңгеруге рөлдік ойын, шынайы жағдайларда ғана жаттығуға болады (2 қосымша).

**ОҚЫТУДЫҢ ИНТЕРАКТИВТІ ӘДІСТЕРІ** – танымдық және коммуникативтік іс-әрекеттерді ұйымдастырудың арнайы түрі, мұнда балалар танымдық үрдіске тартылады, өздері білетін және ойлайтындарын түсінуге мүмкіндік алады. Мұғалім көбіне танымдық оқуды ұйымдастырушы, топ жетекшісі, жасөспірімдердің белсенділіктеріне жағдай туғызушы рөлінде ғана болады. Танымдық оқу кезінде ең бастысы қатысушылар арасында байланыс орнату, олардың өзара іс-қимылы мен ынтымақтастығы болып табылады. Оның үстіне интерактивті оқыту тек қатысушылардың жеке тәжірибесін пайдалануға негізделген.

## Жаттығу

### Көрсету

### Нұсқау

#### Кері байланыс

Әлеуметтік құзырлықтың үлгісін қолданғанда АҚТҚ жұқпасының алдын алудағы жас кезеңдерінің міндеттерін, СӨС қалыптастыру дағдыларын анықтау қажет. Жас кезеңдері міндеттерін анықтау жетім балалардың АҚТҚ жұқпасынан сақтану шаралары туралы ақпараттану деңгейлерін көтеруге, балалардың саналарын қалыптастыруға, жалпы мәдениетін көтеруге қатысты білім, білік, дағдыларының көлемін анықтауға әкеледі. Интернетта тәрбие үрдісін нәтижелі ұйымдастыру үшін

алдын алу жұмыстары бағдарламасын жетім балалардың жас, жеке-типтік ерекшеліктерін ескере отырып құру керек, сонда білім, білік, дағды спираль бойымен, бір-бірін қайталамай, кеңейіп өседі. Педагогикалық ұжым жасайтын бағдарламада баланың бойында осы оқу жылында, одан соң келесі оқу жылдарында қандай білім, дағдыларды қалыптастыру қажеттігі анық көрінуі керек. 4-ші және 5-ші сыныптарға арналған бағдарламаны үлгі ретінде ұсынамыз (кестені қара).



Сынып	Тақырып	Білім, дағдылар
4	Өзін-өзі құрметтеу	«Құрметтеу», «Өзін-өзі құрметтеу» ұғымдарының мәнін білу. Бала өзі мақтана алатын, өз басындағы оны сол үшін сыйлайтын жеке қасиеттерін, жетістіктерін, басқа балалардың қасиеттері мен жетістіктерін бөліп көрсетіп, анықтай алуы.
	Әдеттер	«Әдет» сөзінің мән-мағынасын білу, зиянды және пайдалы әдеттерді атай білу. Зиянды әдеттерден арылу тәсілдерін таңдай білуі, осы тәсілдерге сүйене білуі.
	Достық	«Достық» сөзінің мән-мағынасын білу, өмірден, әдебиеттен адамдар достығы жайлы мысалдар келтіре алуы. Достық пен адамның қасиеттері арасындағы байланысты орната білуі. Достық үшін қатты сынның (тек кемшіліктерді көру) зиянын ұғыну.
	Қысым	«Қысым», «өзіндік шешім» сөздерінің мән-мағынасын, қысымның түрлерін білу. Қысымға қарсы тұру тәсілдерін атау. Денсаулыққа қауіпті жағдайларда «жоқ» деп айта білу, қарсы болудың тиімді тәсілдерін пайдалану.
	Ішімдік	«Ішімдік» сөзінің мән-мағынасын, ішімдік туралы аңыз бен шындықты білу. Ішімдік туралы айналасындағылар: жарнама, телеқойылымдар, газеттер, құрдастары айтатын ақпараттарды талдай білу. Денсаулыққа қауіпті жағдайларда «жоқ» деп айта білу.
	Менің компаниядағы мінез-құлқым	«Мотив» сөзінің мән-мағынасын білу. Құрдастарының компаниясында, мерекелерде мінез-құлық ережелерін білу. Компанияда ішімдік ішудің мотивтері мен зардаптарын білу. Жасөспірімдер ішімдік ішкен жағдайларға өз бағасын бере білуі, өз қатынасын білдіруі. Шынайы жағдайларда бос уақытты тиімді өткізудің тәсілдерін білуі және жүзеге асыруы.
5	Психоактивті заттар «ПАЗ»	«ПАЗ» сөзінің мән-мағынасын білу, оның не нәрсе екендігінен хабары болуы. Тыйым салынған және зиянды ПАЗ. Дәрілерді қолданудағы қауіпсіздік ережелерін білу.
	Шешім қабылдау	ПАЗ-ға қатысты қауіпсіз мінез-құлық ережелерін орындау. Қауіпті ескертетін нұсқаулар, белгілерді білу. Тұрмыста кездесетін ПАЗ-ды қауіпсіз қолдану дағдыларының болуы.
	Шешім қабылдау	ПАЗ-ды қолданудың қабылданған және қабылданбаған қатысты кең тараған жағдайларды білу. ПАЗ-ды қолданудың жағымды және жағымсыз жақтары. ПАЗ-ды қолданудың қабылданған және қабылданбаған қатысты жағдайларында шешім қабылдау дағдыларының болуы. Адамның ПАЗ-ды қолданудағы көңіл-күйді реттеу, адамның сезіміне әсер етудің көптеген қалыпты тәсілдері туралы түсінігі болуы. Жағымсыз сезімді жеңудің балама тәсілдерін білуі, олардың қауіпсіздігін түсінуі.
	Жауапты мінез-құлық	Айналасындағылар тарапынан болатын әр түрлі қысым түрлерін: күштеу, қорқыту, бопсалау, үгіттеу және т.б. білу. Қысымға қарсы тұру тәсілдері туралы түсінігінің болуы: «жоқ» деп айту, келіспеу, кетіп қалу, қарсы тұру, сенімсіздік көрсету және т.б. «Сенім», «сендіру», «дилер» ұғымдарын білу.



	Қысым жағдайындағы жауапты мінез-құлық	Қысымға қарсы тұру тәсілдеріне, дағдыларына, ПАЗ қолдануға байланысты ұсыныстан бас тартудың үлгісін көрсетуге жаттығу.
	Ингалянттардың жағымсыз зардаптары	Ингалянттар, оларды қолданудың мотивтері туралы білімі болу. «Қауіпті мінез-құлық» ұғымын, қауіпті жағдайлардың үлгілерін беру. Қауіпті жағдайларда шешім қабылдау, іс-қимыл жасаудың үлгілерін жасау. Ингалянттарды пайдаланудың аса қауіптілігіне санасын қалыптастыру. Ингалянттарды пайдаланып көруге ұсыныстарды қабылдамаудың үлгісін дайындау, қарсы тұру формуласының тізімін жасау.
	Менің денсаулығым -өмірімнің жоғары сапасы.	Денсаулық - өмірдің жоғары сапасы, адамның аман-есендігі екенін түсіну. Денсаулықтың бөліктерін: дене, психикалық, әлеуметтік білу. Денсаулықты қолдау және сақтаудың тәсілдерін білу. Санасында дені сау адам боламын деген ұстанымы болуы. Темекі шегетін, ішімдік және т.с.с. қолданатын жасөспірімге тән белгілерді білу.

Нидерландтық үлгідегі жұмыстың негізгі қиындығы – алдын алу жұмысының нәтижелілігінің стандартын жасау. Осыған байланысты интернат ұйымы тәрбиеле-нушісінің жеке қырларының қалыптасуын оны тәрбиелеудің, онымен алдын алу жұмыстарын жүргізудің нәтижесі ретінде негізге алуға болады.



ЖЕТІМ ЖӘНЕ АТА-АНАСЫНЫҢ ҚАМҚОРЛЫҒЫНСЫЗ ҚАЛҒАН БАЛАЛАРҒА АРНАЛҒАН  
БІЛІМ БЕРУ ҰЙЫМДАРЫНДА АҚТҚ-НЫҢ АЛДЫН АЛУДЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

# "ТЕҢ-ТЕҢІМЕН" ҚАҒИДАСЫ БОЙЫНША ЖҰМЫС





## "ТЕҢ-ТЕҢІМЕН" ҚАҒИДАСЫ БОЙЫНША ЖҰМЫС

Өлеуметтік дағдылар негізінде АҚТҚ-дан сақтануды оқытудың ең тиімді тәсілдерінің бірі — тең құқылы оқыту.

Өлемдік тәжірибе көрсеткендей, жа-сөспірімдерді мінез-құлық әрекетіне жауапкершілікпен қарауға тәрбиелеуде жетекші рөлді жасөспірім - лидер қолға алғанда тиімділігі арта түседі. Мұндай тең құқылы оқыту ұстанымы «Тең-Теңімен» деп аталады. Сондықтан да жоспарлау барысында оқытушыға «Тең-Теңімен» ұстанымы бойынша сабақ түрлерін қарастыруды ұсынамыз.

### «Тең-Теңімен» қағидасының маңыздылығы неде?

Қай мектепте де өз қатар-құрбыларының арасында беделі жоғары, сөзі өтімді балалар бар. Мұндай оқушылар ұйымдастыруға қабілетті, тіл табысқыш болып келеді. Оларды “пікір сөздің көсемі” деп атауға болады, себебі, ол өз пікірін басқаларға тыңдата отырып, көз-қарастарын өзгертуге де ықпал ете алады. Ондай балалар АҚТҚ-дан сақтанудың қажеттілігі туралы әңгіме бастаса, басқалардың да мінез-құлқына әсер ете бастайды. Егер лидер-оқушылар мінез-құлық әрекетіне жауап-кершілікпен қарауды мақұлдап, АҚТҚ мен ЖҚТБ-дан сақтандыру жайында жұмыстар жүр-

гізе бастаса, олардың достары мен таныстары да АҚТҚ-дан қорғануды біліп, насихаттай жүреді.

*Ұсынылып отырған бағдарламада оқушы-лидерлердің қатысуымен жұмыс жүргізу барысында төмендегі жағдайға мән берген дұрыс:*

- ✓ Жасөспірімдер беделді құрдас-тарының айтқанын бар ықыласы-мен тыңдайды.
- ✓ Жасөспірімдер беделді де сүй-кімді құрбы-құрдастарына еліктеу-ге бейім.
- ✓ Жасөспірімдер әңгімені талқы-лау барысында барынша ашық сөй-леседі.
- ✓ Жасөспірімдер өздеріне түсінікті тілде сөйлеседі.
- ✓ Жауапты мінез-құлық әрекетін жақтаушы лидерлер, өз құрбы-құрдастарының да мінез-құлқының өзгеруіне оң ықпалын тигізе алады.
- ✓ Лидерлер өз қатар-құрбыларына сыныпта да, басқа жерде де көмек, қолдау көрсете алады.

Мектепте «Тең-Теңімен» ұстанымы бойынша жұмысты ұйымдастырғанда төмендегідей кезеңдермен жүргізген жөн:

### 1-КЕЗЕҢ. ЛИДЕРЛЕРДІ ІРІКТЕУ

Лидерлер өз қатар-құрбы-ларының немесе мұғалімнің ұсынысымен тандалған жөн, рөлді күштеп таңуға болмайды. Олар «мұғалімнің сүйіктісі» деп қарайтындай емес, басқа оқу-шылар сыйлайтындай болғаны дұрыс. Лидерлер өз сөзін бас-қаға тыңдата алатын, өзіне-өзі сенімді, басқалар оның пікірін занды деп танитындай ересек оқушы болғаны жөн.

Материалдар қорында ли-дер іріктеу мақсатында пайда-ланатын сауалнамалар беріл-ген.





## 2-КЕЗЕҢ. ЛИДЕРЛЕРДІ ӨЗ ҚҰРДАСТАРЫМЕН ИНТЕРАКТИВТІ ӘДІСПЕН ЖҰМЫСҚА ДАЯРЛАУ.

Лидерлерді даярлау бағдарламасына мыналарды енгізу қажет

Тақырыптар	Мазмұны
АҚТҚ және ЖҚТБ туралы фактілер	АҚТҚ және ЖҚТБ туралы базалық білімдер, әлемдегі, елдегі, қаладағы жағдайлар, есірткі қолданумен АҚТҚ-ның байланысы, АҚТҚ-мен өмір сүруші адамдарды стигматизациялау мен кемсітушілік. Әрбір адам өзін АҚТҚ мен ЖЖБИ қорғай алатындығына баса назар аударту керек
Жаттықтырушылық дағдылар	Тренинг деген не, тренер деген кімдер, тренингті қалай өткізуге болады, өз жұмысын қалай баға-лауға болады, «Тең-теңімен» ұстанымы бойынша оқытуды қайда және қалай жүргізуге болады. Қиын жағдайлардан қалай шығуға болады Интерактивті әдіс деген не
Қарым-қатынас дағдылары	Тұлғааралық, вербальді, вербальді емес қарым-қатынас деген не Ашық және жабық сұрақтар. Презентациялау дағдылары
Практика	Модуль жасау. Тренинг өткізуге дайындық. Үлгі сабақтар Баға

Бұл кезеңде лидерлерді АҚТҚ мен ЖҚТБ туралы білімін толықтырып, біліктілігіне сенімді болуына баулыған жөн. Оларды АҚТҚ жұқтырып алудың қаупін алыстату туралы күнделікті өмірде өз білімдерін қолдануға үйрету керек.

*Лидерлерді даярлаудың нәтижесі:*

- ✓ Алдын алу бағдарламасының міндетін және сол бағдарламадағы өз рөлін түсіну.
- ✓ Сенімді ақпараттарды алу және АҚТҚ мен ЖҚТБ туралы фактілерді аңыздардан ажырата білу, мұны өз құрдастарына түсіндіре алу.
- ✓ Сенімді ақпараттарды және кеңес беретін орындарды қайдан алудың көзін білу
- ✓ Оқушыларға бағдарланған әдістермен сабақ жүргізуді үйрену
- ✓ Өз іс-әрекетінің нәтижесін талдай білуге және оның тиімділігін көтеру тәсілдерін білуге үйрену

## 3 КЕЗЕҢ. ЛИДЕРЛЕРМЕН АЛҒАШҚЫ СЫНАҚ САБАҚТАРЫН ӨТКІЗУ

Бұл кезеңде жасөспірім-лидерлермен бірге алдағы сабаққа қатысты жұмыс модульдерінің мазмұнын талқылауды ұсынамыз. Бірінші тренинг лидерлер тобында өтеді. Лидерлер үйреншікті тілмен, күнделікті өздерінің жолдастары арасында қалыптасқан сөздерін қосып сөйлегені дұрыс. Біреулердің жазып берген сөзі немесе дайындалып алып, жаттанды сөйлеген сөздер — лидердің өз сөзімен айтқанындай нәтиже бере алмайды.

АҚТҚ мен ЖҚТБ бойынша тренинг өткізу барысында қорқыныш туғызатын ақпараттардан гөрі, жағымды хабарларды көбірек айтуға кеңес береміз. Өйткені жұртты қорқытып-үркіту әдісімен оқыту — адамның мінез-кұлқын өзгертуге әсер етпейді, керісінше, теріс те жантүршігерлік әңгімені тындаудан қашады.



Бұл кезеңде балалар өз тренингтері мен достарының өткізген тренингтеріне талдау жасап үйренуі керек. Бұл өткізілетін тренингтердің сапасын арттырады. Осылайша, сіздің мектебіңізде оқушылар арасында АҚТҚ дертінің алдын алу мәселелерін шешуге көмек беруші команда дайын болады.

#### 4-КЕЗЕҢ. ЛИДЕРЛЕРДІҢ МЕКТЕП ОҚУШЫЛАРЫ ҮШІН САБАҚ ӨТКІЗУІ

Мұғалім оқушы-лидерлердің өз қатар-құрбылары арасында тренинг өткізуге дайын екендігіне көз жеткізгенде ғана, бағдарламаға бұл тренингтерді қосуы керек.

Бірте-бірте бұл жаттықтырушы - балалар мектеп бітірер кезде өз жұмыстарын жалғастыра алатын жаттықтырушылар тобын өздері-ақ дайындап кетеді. Бұл балалар АҚТҚ дертінен сақтану жұмыстары кезінде театрланған көріністер қойып, акциялар өткізе алады. Сонымен қатар, сіздерге ата-аналармен алдын-алу шараларын ұйымдастыруларыңызға көмектеседі.

Балаларға өз командасы үшін төлтаңба дайындауды ұсынған жөн. Осы төлтаңбаға сәйкес, төсбелгі мен плакаттар дайындауға болады. Мектепте ілінген плакаттарға және төлтаңба мен төсбелгідегі суреттер мен белгілерге оқушылардың қызығушылығы оянып, мағынасын білуге ұмтылады. Бұл қызығушылықтар тренингтердің нәтижелі өтіп, әрі қарай ынтамен жұмыс істеуге ықпал етеді.

Мұғалім лидер оқушылармен алғашқы сабақты өткізіп болғаннан кейін, оларды түгел жинап, келесі тренингтерді өткізуге ынталандыру мақсатында, алдын алу жұмыстарына ат-салысқаны үшін рақмет айтуды есіне ұстағаны жөн

*Оқытушы лидерлер тобын сақтап қалу үшін:*

✓ Мадақтау мен марапаттаулар жүргізу (сертификаттар, мақтау қағаздары мен алғыс-хаттар т.б. тапсыру).

✓ Жалпымектептік іс-шаралар кезінде лидерлер командасының жұмыстарын атап өту

✓ Мектептің белсенді оқушылары ретінде аудандық және қалалық шараларға қатыстыру.

Қазақстанда АҚТҚ-ның алдын алу жұмыстары көптеген қоғамдық ұйымдарда «Тең-теңімен» ұстанымы бойынша жүргізіледі. 1995 жылы Алматы қаласындағы №3 мектепте “Жасөспірім-Жасөспірімге” солардың алғашқылары болып қозғалыс ретінде құрылған еді.

Бұл қоғамдық ұйымның негізгі қызметі жастар мен жасөспірімдер салауатты өмір салты және жауапты да қауіпсіз мінез-құлық әрекетінің сұрақтарына «Тең-Теңімен» ұстанымы бойынша өздерін өздері оқытады. Қоғамдық ұйымның жаттықтырушылары осы мақсатта республикамыздың оқу орындарында оқушылар мен студенттерден, мұғалімдерден жаттықтырушылар тобын құрып, оқыта бастады. Алдымен өз оқу орнында, сонан соң басқа орындарда тренингтер мен алдын алу шараларын өткізді.

Тренингтің бағдарламасында «Жаттықтырушылық шеберлік», «Мінез-құлық әрекетіне жауапкершілік», «Нашақорлықтың алдын алу», «АҚТҚ мен ЖҚТБ» тағы да басқа тақырыптар қарастырылған. Тренингті аяқтаған соң, қатысушыға «жаттықтырушы» деген сертификат беріледі. Өз мектебінде оқушылар арасынан жаттықтырушылар дайындағысы келетін мұғалімдер мен педагогикалық ұжымға «Тең-Теңімен қоғамдық ұйымы қол ұшын беруге дайын. «Тең-Теңімен» қоғамдық ұйымы жөнінде тереңірек білгіңіз келсе, [www.equal.freenet.kz](http://www.equal.freenet.kz) сайтынан ақпарат аласыз

#### Ұйым жөнінде мәлімет:

Мекен – жайы: 480020, Қазақстан, Алматы қаласы, Чайкина көшесі 12.

Тұран университеті.

Телефондары: (8 7272) 716-092,  
644-875

Факс (87272) 924-633

Электрондық пошта: [sagyn@nursat.kz](mailto:sagyn@nursat.kz)



**Лидерді іріктеуге арналған сауал-наmanın үлгісі**

Нұсқаулық: Сіз өз сыныбыңыздың оқушыларын білесіз. Басқа оқушылардың арасында кімдердің беделі жоғары екенін анықтауға мен сіздерден көмек сұраймын. Бұл құпия сауалнама: ақпарат құпия түрде сақталады.

Сыныптастарыңның ішінде кімнен көмек пен ақыл-кеңес сұрауға болады?

\_\_\_\_\_  
\_\_\_\_\_  
\_\_\_\_\_

Қатар құрбыларыңыз кімді сыйластықпен атайды? \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_  
\_\_\_\_\_  
\_\_\_\_\_

Сіздің достарыңыз кімнің ақыл-кеңесін тыңдағысы келеді? \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_  
\_\_\_\_\_  
\_\_\_\_\_

Құнды пікір деп кімнің пікірін айтасыз? \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_  
\_\_\_\_\_  
\_\_\_\_\_

**Өзін лидер ретінде ұсынғандарға берілуге тиіс сұрақтар:**

Аты-жөні \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_  
\_\_\_\_\_  
\_\_\_\_\_

Саған басқа оқушылар арасында уақыт өткізу ұнай ма? \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_  
\_\_\_\_\_  
\_\_\_\_\_

Оқушылардың саған сұрақ қойып, сенің пікіріңмен санасуы ұнай ма? \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_  
\_\_\_\_\_  
\_\_\_\_\_

Кейбір сұрақтарға қатысты оқушыларды сенің пікірің қызықтыра ма? \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_  
\_\_\_\_\_  
\_\_\_\_\_

Бос уақытың бар ма? \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_

Сені АҚТҚ мен ЖҚТБ мәселелері қызықтыра ма? \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_

Өз достарыңның арасында АҚТҚ-ның алдын алу туралы тренинг өткізгің келе ме? \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_

**Лидер-оқушының өз жұмысына өзінің баға беру үлгісі**

Лидердің аты-жөні \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_

Сабақ қай сыныпта өтті \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_

Сабақтағы оқушылар саны \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_

1. Тренингтің қандай бөлігі барынша табысты болды және неге? \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_

2. Тренингтің қай бөлігін жетілдіруге болатын еді және қалай? \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_

3. Сен сабақты өткізу кезінде қандай қиындықтарға кездестің және оны қалай жеңдің? \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_

4. Өз дағдыларыңды және тренингтің өзін жетілдіруге саған не қажет болады? \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_

5. Семинарға қатысушылар тренингті қалай бағалады? \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_



# АТА-АНАЛАРМЕН ЖҰМЫС





## АТА-АНАЛАРМЕН ЖҰМЫС

Соңғы уақыттарда АҚТҚ-ның таралуы үрейлендіріп тұрғаны шындық.

Бұқаралық ақпарат құралдарында да бұл мәселе төңірегінде жазылып келеді. Тұрғындардың бұл дерт туралы белгілі бір түсініктері қалыптасқан. Білім ордаларында да АҚТҚ-ның алдын алуға байланысты әр түрлі шаралар өткізіледі.

Жасөспірімдерді АҚТҚ-дан сақтандыруда ата-ананың рөлі ерекше. АҚТҚ-ның алдын алу жұмысы мұғалімдер, мектептің ғана емес, осы мәселе бойынша «үйдегі мұғалімі» болуы тиіс ата-аналардың да міндеті. Әйтсе де, әр отбасында өз баласын осы дерттен сақтандыру жөнінде ашық тақырыпта әңгіме қозғауға ата-аналардың дайын еместігін білеміз. Себебі еліміздегі қай ұлттың өкілі болмасын, жанұя жағдайында жыныстық тәрбие тақырыбында әңгіме жүргізуді әбестік санайды. Халықта “Білмеген у ішеді “деген сөз бар. Егер өз баласының болашағына жанашырлық көрсетіп, батыл әңгіме айта алмаған ата-ана баласының өз өмірін дұрыс құра алмауына себепші болмай ма? Халқымыздың озық ойлы ағарту-шыларының бірі А.Байтұрсынов:”Балам деген жұрты болмаса, жұртым деген бала қайдан шығады?” демеп пе еді?

Олай болса, ұрпақ, ұлт, халық алдындағы жауапкершілік мәселесін ата-аналармен жұмыстын өзегі етіп алғанымыз жөн.

*Мектепте ата-анамен жұмыс жүргізгенде төмендегіше ұстанымдарды басшылыққа алу керек:*

- ✓ жас ерекшеліктерін ескеру;
- ✓ аймақтық ерекшелікті ескеру;
- ✓ ұлттық ерекшеліктерге көңіл бөлу.

### **Ата-аналармен жұмыстың мақсаты:**

олардың АҚТҚ және ЖҚТБ туралы білімдерін кеңейту және оларды балалармен жүргізілетін алдын алу жұмыстарына тарту.

### **АҚТҚ-ның алдын алу бойынша жұмыстарды ұйымдастыру жолдары:**

#### **1.Ата-аналар жиналыстарында:**

– Ата-аналарды АҚТҚ-ның алдын алу бойынша мектеп бағдарламасымен таныстыру;

АҚТҚ-ның алдын алу мәселелері туралы үнемі ақпараттандыру.

#### **Ата - аналар жиналыстары тақырыптарының үлгісі:**

1. АҚТҚ-ның алдын алудағы ата-аналардың рөлі.
2. Қазақстандағы АҚТҚ жағдайы.
3. АҚТҚ дертінің таралу және таралмау жолдары.
4. АҚТҚ және есірткілер.
5. Жауапты мінез - құлық - АҚТҚ-дан қорғанудың жолы.
6. АҚТҚ, ЖҚТБ және қоғам

#### **2. Мектеп кеңесі, ата-аналар комитеті отырыстарында:**

– АҚТҚ-ның алдын алу мақсатында ата-аналарға жалпыға бірдей білім беруді ұйымдастыру;

– ата-аналар ішінен бастамашылар топтарын (дәрігерлер, психологтар, заңгерлер және т.б. құрып, мүмкіншіліктеріне қарай оларды әңгімелер, пікір-таластар өткізуге қатыстыру.

#### **3. Оқушылардың ата – аналарымен жеке жұмыс:**

Мұндай жұмысты қажет етуші ата-аналармен жеке әңгіме, психологиялық тренингтер, ақыл-кеңестер жүргізген дұрыс.

Ата-аналар оқуын жүргізген кезде төмендегілерге назар аудару қажет:

**1** Алғашқы жұмысты ата-аналар жиналысқа және АҚТҚ-ның алдын алу сабақтарына өз еркімен қатысу керектігінен бастау керек. Ол үшін шақыру билеттерін дайындап және тарату, оқушылардың шығармашылық көрмесін ұйымдастыру, ата-аналарға жиналысқа шақырылған мамандар туралы ақпарат беру керек.



**2** Жалпы немесе сыныптық ата-аналар жиналысында АҚТҚ-ның алдын алу мәселесі жөніндегі ақпараттар берілгенде оқытудың барлық түрлері мен формаларын аудиторияның құрамына, мақсатына, қажеттілігі мен дайындық деңгейіне байланысты тиімді пайдалану.

**3** Әрекетке деген мотивтері, ұстанымдары мен қатынасының қалыптасуы, қабілеттерінің артуы, білімді меңгеру мүмкіндіктері ақпараттың қаншалықты тиімді жолдармен беріліп, бұл үрдіске тыңдаушылардың белсенді араласуына байланысты.

**4** Бұл мәселе төнірегінде ашық айту керектігін желеу етіп, ата-аналарда түрлі көзқарас туындайтындай (наразылық, қарсы шығушылық) жағдайға жеткізбеу керек. Жиналған ата-аналарға да, жастарға да естігенде ыңғайсыздық туғызбайтындай әңгіме өрбіткен дұрыс.

#### Ата-аналармен жұмыстың түрлері мен әдістері:

- дәріс,
- әңгіме,
- дөңгелек үстел,
- сұхбаттар,
- пікірталастар,
- тренингтер,
- семинарлар
- сауалнама,
- тестер алу,
- мамандармен кездесулер,
- өз білімін жетілдіру,

- «Ата-ана – Ата-анаға» қағида-сымен оқыту,
- бейне және дидактикалық материалдарды пайдалану.

Әдіс-тәсілдерді түрлендіру ата-аналармен жұмыстың тиімділігін арттырады.

## АТА-АНАЛАР ЖИНАЛЫСЫНЫҢ ҮЛГІ ЖОСПАРЫ

### ТАҚЫРЫП:

### "ЖҚТБ - ҒАСЫР МӘСЕЛЕСІ "

#### Жиналыстың жоспары:

1. Қазақстандағы індеттік жағдаяттармен таныстыру.
2. «Ата-аналарға үндеумен» таныстыру және талқылау.
3. Ата-аналарды АҚТҚ-ның алдын алу туралы мектеп бағдарламасымен таныстыру.
4. Бағдарламаның көкейтестілігін негіздеу.
5. «Аквариум» жаттығуы.
6. Тест таратып, пікір анықтау.
7. Ата-аналарды жадынамалармен таныстыру
8. Қорытындылау.

**Оқытушы:** Адам өмірі ұрпағымен маңызды. Ұрпақ тәрбиесі сан мыңдаған жылдардан бері жалғасын табуда.

Осыдан соң "Ата - аналарға үндеу" оқылады.





## ҚҰРМЕТТІ ӘРІПТЕСТЕР!

Әке немесе шеше болу - өмірдің ең басты ісі. Осы үндеуімізбен біздің барлығымыздың ұлтымызға, әлеуметтік жағдайымызға, біліміміз бен дінімізге қарамастан бәрімізде ата-ана екенімізді көрсеткіміз келеді. Бізді біріктіретін де осы жағдай. Бұл бәріміздің өзіндік өмірге аттанып бара жатқан балалардың рухани жүгіне бірдей жауаптымыз деген сөз. Біз оларды шешім қабылдауға, қиыншылықты табандылықпен қарсы алуға, қажетті жол таңдай білуге үйретуіміз керек. Ондай дағдылар оларға бүгін есірткінің, ішімдіктің тәуелділігіне, бөтеннің еркіне түспеуі үшін ауадай қажет. Сонымен қатар өздерін емделмейтін аурулардан әсіресе АҚТҚ мен ЖҚТБ-дан сақтау үшін маңызы зор.

Жаңа буын өмірге өздеріне дейін шешілмеген жаңа мәселелерді шешуге келеді. Үлкендердің кемеңгерлігі жастардың әкелген жаңалығын қабылдауда. Өмірдің келеңкесін көрмеген жас ұрпақ өзгерістерді бірінші болып “ұстайды” бірақ оны талдай білмейді және түсіндіре алмайды. Әсіресе бұл міндет әжелер мен аталардікі, өйткені еңбектен демалып, өмір тәжірибесі мен уақыты кең үлкен буынның немерелерінің, іс - қимылдарына бақылау жасап, олардың күнделікті әкелген ақпаратын бөлісіп, талдау жасауға мүмкіндігі мол. Осындай ақпараттар арқылы үлкен буын алдағы 10-15 жылға орта буынның рухани саулығына болжам жасай алады. Осындай жолдармен қоғам ұрпақтан-ұрпаққа рухани байлығын жалғастыра алады.

Әрине, бұл үлкендер бір орында тоқтап қалмай, жастармен бірге өсуді жалғастырғанда ғана орындалады. Еуропа халықтарының дәстүрінде егер жанұяда бала оқыса, бәрі сонымен бірге оқуының себебі де сондықтан болар. Бұлай болмаса, әке мен баланың арасы алшақтап “ әр тілде” сөйлеуге әкеліп соғады. Бұған кінәлі “жағдай”, “кездейсоқтық” т.с.с. емес, біздің жалқаулығымыз, жанұя тәрбиесіне немқұрайлы қарауымыз, кұқықтық білімнің таяздығы және әлеуметтік енжарлығымыз. Мектеп, мемлекет және қоғам бізді алмастырмайды, бізге көмек көрсетеді.

“Бала – жүрегіміздің жұбатушысы” - деген Абай.

“Дүние жастан басқарылады” — немістің діни шолушысы Толук.

“Дүние жастан құрылып ғана қоймайды, содан бастап кұлайды” — орыс ойшылы И.Ильин.

Табиғатта қуыс болмайды. Егер біз балаларымыздың рухани негізін жасамасақ, оны біз үшін біреулер жасайды... Сіз соны қалайсыз ба?

*Уайсов М.З., екі қыздың әкесі, екі немеренің атасы,  
Қазақстан Халықтары Ассамблеясының мүшесі, «Халықтар достығы  
педагогикасы» жобасының жетекшісі.*

*Иқамбаева Ф.К., «Балалар құқығын қорғау» Қауымдастығының  
орындаушы директоры, ана және әже.*

*Попова Я.А., 12 жасар баланың анасы, «Ашық мектеп» журналының  
редакторы, «Халықтар достығы педагогикасы»  
жобасының үйлестірушісі.*



Оқытушы берілген үндеуді талқылап, өз пікірлерін айтуды ұсынады.

Сонан соң оқытушы, адам өмірінің әр кезеңінде көптеген «жаулар» тұрады, солардың қатарына емделмейтін жұқпалардың да жататынын айтады. Бүгінгі таңда емделмейтін жұқпаның бірі — АҚТҚ.

Қазақстандағы індеттік жағдаятпен танысу. (1 модульді қара)

Сонан соң жүргізуші қатысушылармен төмендегі сұрақтарды талқылайды:

- АҚТҚ дегеніміз не?
- ЖҚТБ дегеніміз не?
- ЖҚТБ қайдан пайда болды?
- АҚТҚ қалай беріледі? (3 модульді қараңыз)

Ата-аналармен жұмыста интерактивті әдістердің әр түрін қолдануға болады. АҚТҚ-ның алдын алу бойынша негізгі ақпаратты алған соң келесі жаттығуды пайдалануға болады.

### "Аквариум" жаттығуы

Залдағы ата-аналарды интерактивті әдіспен жұмыс істеуге жұмылдыру.

Ата-аналар ортаға екі шеңбер құра жайғасады. Ішкі шеңберге 6 адам отырады (қалғандары сыртқы шеңберде). Оларға “Сіздердің ортақ таныстарыңыз АҚТҚ дертіне шалдыққаны анықталды, Не істейсіздер?” деген тақырып беріледі. Осы тақырып бойынша 2 ата-анадан бірігіп, 3 тапсырманы қорғап шығады.

А). 2 ата-ана «Оған ауру емес, адам ретінде қарап, байланысты үзбеймін» деген ұстанымды қорғайды.

Б). 2 ата-ана «Мен үшін ол адам жоқ. Байланысты мүлдем үземін» деген ұстанымды қорғайды.

В). 2 ата-ана «Мен жақындап кетпесем де, балаларымды, ағайын туыстарымды сақтандыруға мысал ретінде арақатынасымды үзбес едім» деген ұстанымды қорғап шығуы тиіс.

6 ата-ана бұл мәселені 5-7 минут талқылап болған соң, сыртқы шеңбердегі ата-аналарға арнап ойларын ортаға салады. “Аквариумды” бақылап отырған сырттағы ата-аналар тақырыпты талқылай бастайды, өздерінің ескертулері мен ұсыныстарын айтады. Жүргізуші қорытындылайды.

Тақырып талқыланып болған соң, ата-аналарға тест парағы ұсынылады.

### Ата-аналарға арналған тест «Сіз қалай ойлайсыз?»

Пікірлер	Келісемін	Келіспеймін	Жауап беруге қиналамын
1. АҚТҚ, ЖҚТБ және нашақорлық біздің еліміз үшін мәселе болып табылады.			
2. Есірткі қабылдайтын адам АҚТҚ жұқтыру қаупіне көп ұшырайды			
3. Мен мектептерде жүргізілетін АҚТҚ-ның алдын алу бағдарламасын қолдаймын.			
4. Ата-аналар өз балалары өмірінің қауіпсіздігі үшін жауапты.			
5. Оқытушылардың менің баламның жеке өміріне қол сұғуына құқықтары жоқ.			

АТА-АНАЛАРМЕН ЖҰМЫС



6. Менің өз баламды тәрбиелеуге күшім жетеді. Егер қажет болса, қысым көрсетіп, өктемдікпен тәрбиелеймін.			
7. Егер менің баламның эмоционалды, тәндік немесе психикалық жағдайына қатысты мінез-құлқы мені ойландыратын болса, мен мамандардың көмегіне сүйенемін.			

Ата-аналар сұрақ парақтарын толтырады (сұрақтардың нәтижелері келесі жиналыста қаралады).

Енді оқытушы ата-аналарға жадынама таратады және онын мазмұны талқылынады.

Жиналыстың аяғында оқытушы қорытынды жасайды, сонан соң келесі жиналыстың тақырыбын хабарлайды.



# ОҚЫТУ БАҒДАРЛАМАЛАРЫНЫҢ МОНИТОРИНГІ ЖӘНЕ БАҒАЛАУ





## ОҚЫТУ БАҒДАРЛАМАЛАРЫНЫҢ МОНИТОРИНГІ ЖӘНЕ БАҒАЛАУ

Білім бағдарламасының тиімділігін төмендегі критерийлер арқылы бағалауға болады:

- Оқушылардың АҚТҚ мен ЖҚТБ мәселесі бойынша білім деңгейін арттыру.
- Оқушылардың ЖЖБЖ және АҚТҚ індетін жұқтыруға ықпал ететін құлық-әрекетін өзгертуге деген ұмтылысының қалыптасу деңгейі.

**МОНИТОРИНГ дегеніміз** — бағалау әдістері мен құралдарынан тұратын ақпаратты жинақтау және өңдеу жүйесі.

Бағалау құралдары деп - оқушылардың жеткен жетістіктері мен алған білімдерін көрсетуінің түрлі жолдарын айтамыз. Олардың қатарына тексеру тестері, рейтинг жүйесі сауалнама жүргізу және т.б. жатады.

**ӘДІС** - белгілі бір мәселелерді шешуге бағытталған тәсілдер жиынтығы. АҚТҚ-ның алдын алуға бағытталған бағдарламаларда бағалау оқушылардың менгерген білім деңгейімен және таным аясымен шектеліп қана қоймай, оқушылардың қарым-қатынас орнату дағдылары мен өмірлік құндылықтарын ескеруі қажет. Сондықтан да, топтың ерекшеліктерін ескере отырып, тиімді бағалау әдісін қолданған жөн болады.

Мектепте білім беру бағдарламаларының тиімділігін бағалаудың негізгі көрсеткіштері (индикаторлары):

- Алдын алу оқуымен қамтылған оқушылардың саны
- Алдын алу мәселелері бойынша психологиялық, жас ерекшеліктерін есепке алғанда оқушылардың ақпараттану деңгейі
- Алдын алу бойынша оқушылар бі-

лімдерінің ғылымилығы мен сенімділігі, олардың жалпы білім беретін пәндермен өзара байланысы

- Оқушыларда жауапты мінез-құлық өмірлік дағдыларының болуы
- Оқушыларда қарым-қатынас пен өмірлік құндылықтардың қалыптасуы

### Қарым - қатынасты бағалауда қолданылатын кейбір әдістер:

АҚТҚ мен ЖҚТБ-ның алдын алуға байланысты жүргізілетін сабақтар мен оқуларда оқушылардың ұстанымдары мен көзқарастарын бағалаудың маңызы зор. Бұл адамдардың бір-біріне, жергілікті жерлерге, заттарға немесе идеяларға деген көзқарасын, сезімін білдіреді. Ұстанымдарға құндылықтар жатады, оларды тестердің көмегімен объективті бағалау қиын.

Тұлғаның ұстанымдарын бағалаудың нәтижесі бойынша, олардың көзқарастарының оқулардан кейін қалай өзгергенін анықтауға болады.

Оқушылардың оқуға деген көзқарастарын «не ұнайды немесе ұнамайды» деген сызба бойынша алу арқылы білуге болады.

Қарым-қатынасты бағалаудың басқа түрлеріне: қатынас өлшемі, бақылау, салыстыру сауалнамасы, сұрақ-сауал және сұхбат жатады.

Қатынас өлшемі оқушылардан ұсынылған баламалардың бірін таңдауды талап етеді. Мысал ретінде "иә/жоқ" немесе "келісемін/келіспеймін" деген екі жауабы бар өлшемдерді келтіруге болады. Бұндай шектеулер қойылған сұраққа тек қана екі түрлі жауаптың болуын қарастырады.

Ал біз сіздердің назарларыңызға бірнеше жауаптар қарастырылған қатынас өлшемін ұсынамыз.

### Мысалы:

	Мүлдем келіспеймін	Келіспеймін	Білмеймін	Келісемін	Міндетті түрде келісемін
ЖҚТБ індетімен ауыратын адамның туысқандары оны күтіп, қарауы керек					





Әр адам АҚТҚ жұқтырып алуы мүмкін					
Болашақта АҚТҚ індетін жұқтырып алудан қорқамын					
Әр адам өзін АҚТҚ-дан қорғай алады					

Бұл жерде бағалау сөйлемдердің қалай (қандай астармен) құрастырылғанына байланысты жүргізіледі. Жауаптарды баллдық жүйемен (1-5) бағалауға да болады.

*Бақылау әдісін* бағалау өлшеміне қосымша ретінде қолдануға да болады. Бақылау оқушылардың іс-әрекеттері мен мінез - құлқын талқылау үшін қолданылатын тиімді әдіс. Және де бұл әдіс қатынастар мен көзқарастарды анықтау үшін маңызды ақпараттар бере алады.

*Эпизодтарды* жазу бақылаумен қатар қолданылады. Бақылау әдісі тәрізді эпизодтарды жазу әдісі де субъективті әдістер қатарына жатады.

*Салыстыру сауалнамасы* білім беру барысы мен оқушылардың тәртіп, құлық әрекетін бағалауда қолданылады. Салыстыру сауалнамасы оқытушыға оқушының белгілі бір ерекшелігі мен өзіндік ұстанымдарының бар, не жоғын, тиімді де жылдам жолмен анықтауға мүмкіндік береді.

Белгілі бір модульдің немесе өткізілетін сабақтардың басында және соңында алынатын сауалнама нәтижелі болып табылады. Алынатын сауалнамалардың сұрақтары бірдей болуы мүмкін. Сауалнама алынып болған соң, оқытушы екі сауалнаманың жауаптарын салыстыра отырып, тұжырымдар жасай алады.

Сонымен қатар, мониторингтің тиімді түрлеріне бірқатар *эсселер* мен *«әлеуметтік жобалар»* жатады. Оларды оқушылар жыл бойы орындайды. Жобалар бойынша жасалған қорытындылар мен тұжырымдар оқушылардың мәселеге және оны шешуге деген көзқарасы мен қарым-қатынасының қалай өзгергендігін бағалауға көмектеседі.

### **Эсселер мен «әлеуметтік жобалар» тақырыптарының үлгілері:**

- Болашақ бүгіннен басталады
- Менін қабылдаған шешіміме кім және не әсер етеді?
- Әр адамға қауіпсіз және салауатты өмір сүру үшін қандай ақпарат қажет?
- «Менің денсаулығым – менің ғана шаруам» — адам баласының денсаулығы және оның басқалар алдындағы жауапкершілігі: екеуінің арасында байланыс бар ма?
- АҚТҚ мен ЖҚТБ мәселелерін біздің қоғамымыз қалай қабылдайды?
- Біздің қалада ЖЖБЖ мен АҚТҚ-ның өсуін қалай төмендетуге болады? (Егер мен әкім болсам...)

### **Материалды меңгеру деңгейін бағалағанда неге назар аудару керек:**

*Тиімді өткізген сабақтар оқушылардың интеллектуалдық дағдыларын барынша қолдануға мүмкіндік туғызады. Интеллектуалдық дағдыларға мыналар жатады:*

- а) қайта жаңғырту;
- ә) түсіну;
- б) білімдерін жаңа жағдаяттар барысында қолдану;
- в) анализ (ұғымдарды бірнеше бөлшектерге бөлеміз)
- г) синтез (белгілі — бір нәрсе құрастыру үшін идеяларды жинаймыз)
- д) бағалау (бір нәрсенің сапасы жайлы сөз қозғау)

Ақпаратты жаңғырту, түсіну мен бағалауға қарағанда көп күш салуды қажет етпейді. Міне, сондықтан да, жауаптарды құрастыруға бағытталған тапсырмалардың алатын орны ерекше.

Ақпаратты жаңғырту, түсіну мен бағалауға қарағанда көп күш салуды



қажет етпейді. Міне, сондықтан да, жауаптарды құрастыруға бағытталған тапсырмалардың алатын орны ерекше.

Әр модульдің соңында келтірілген тестер мен тапсырмалар белгілі бір тақырыпты өткенде берілген білім мен қалыптасқан, не дамыған дағдылар деңгейін анықтауға мүмкіндік береді.

**Оқытушыларға арналған құралдың мазмұнына байланысты мұғалімдердің пікірі**

Ұсынылып отырған сұрақтарға жауап берулеріңізді сұраймыз. Сіздің жауаптарыңыз келешекте бұл құралдың мазмұнына өзгертулер енгізуге, сіздерге оны тиімді пайдалануға көмектеседі. Әр сұрақ бойынша өз пікіріңізді ашық жазыңыз.

**1. Әдістердің сипаттамасы:**

Ұсынылған әдістердің сипаттамасының осы жүйеде берілгені сіз үшін ыңғайлы ма?

Иә \_\_\_\_\_ Жоқ \_\_\_\_\_

Мазмұны қойылған мақсатына сәйкес келе ме?

Иә \_\_\_\_\_ Жоқ \_\_\_\_\_

Қандай жерлері сіздің көңіліңізден шықты?



\_\_\_\_\_

Тағы қандай ұсыныстарыңыз бен толықтыруларыңыз бар?

\_\_\_\_\_

**2. Тараулар мен модульдердің сипаттамасы:**

Ұсынылған тараулардың сипаттамасының осы жүйеде берілгені сіз үшін ыңғайлы ма?

Иә \_\_\_\_\_ Жоқ \_\_\_\_\_

Сипаттамалар құралдың мақсатына сәйкес келе ме?

Иә \_\_\_\_\_ Жоқ \_\_\_\_\_

Қандай жерлері сіздің көңіліңізден шықты?

Тағы қандай ұсыныстарыңыз бен толықтыруларыңыз бар?

\_\_\_\_\_

**Рахмет!**



БҮКІЛӘЛЕМДІК  
ЖҚТБ-МЕМОРИАЛ





## БҮКІЛӘЛЕМДІК ЖҚТБ-МЕМОРИАЛ

**«Біз әркімді ЖҚТБ дағдарысы әлі бітпегенін, бұл артта қалған бірнеше елдердің мәселесі емес екенін сезінуге көндіруіміз керек. Бұл біздің бүкіл өркениетке қауіп...»**

**Кофи Аннан,  
БҰҰ бұрынғы Бас хатшысы**

ЖҚТБ-дан қайтыс болғандарды еске алу күні алғаш рет 1983 жылы Сан-Францискода өтті. Жиырма бес жыл бұрынғыдай, қазір де бүкіл дүние жүзінде мыңдаған адамдар мамырдың үшінші жексенбісінде:

- ЖҚТБ-ға байланысты қайтыс болғандарды еске алу;
- АҚТҚ-мен өмір сүруші адамдарға өзіміздің қолдауымызды білдіру;
- Қоғамға АҚТҚ мен ЖҚТБ барын еске салу;
- Жер бетіндегі адамдарды АҚТҚ мен ЖҚТБ індеттерінің зардаптарын өздерінің туған жерінде азайту мақсатында жұмылдыру үшін шырақтар жағады.

*Еске алу күні әркімгі:*

- індет біздің өмірімізге қалай әсер ететіні жайлы ойлануға;
- болашақта ЖҚТБ-ның түрі қандай болуы мүмкін екенін көз алдына елестетуге;
- індетке ұшырағандарды еске алу және оларға қолдау көрсету үшін кездесуге;
- біздің қоғам АҚТҚ-ның алдын алуға, білім алуға, күтім жасауға қажет не істей алатынын талқылауға;
- біздің әрқайсымыз жағдайды өзгерту үшін не істей алатынымызды шешуге шақырады.

Өртүрлі қалалар мен елдерде Еске алу күнінде өздері үшін қасиетті жерлерде шағын топтардың кездесулері өтіп, Өртүрлі қалалар мен елдерде Еске алу күнінде өздері үшін қасиетті жерлерде шағын топтардың кездесулері өтіп, шырақтар жағылады. Адамдар өз өмірлерін еске түсіреді. Көптеген елдерде бұл күні қайтыс болғандарды еске түсіреді. Соборлар мен шіркеулерде шырақтар жағылады.

Мысалы, Мәскеу және Алматы қалаларында “Еске алу ағашын отырғыз” акциясы кезінде үкіметтік емес ұйымдардың көмегімен ағаш отырғызу ұйымдастырылды. Акция таңбалық мәнде болды — ағаш өмір мен үміт символы ретінде қоғамның АҚТҚ мен ЖҚТБ індеттеріне қарсы тұруына және ұлттың болашағының саулығы үшін жағдайлар туғызуға шақырады.

Алматы қаласында екі православ және бір католик шіркеулерінде ЖҚТБ-дан қайтыс болғандарды еске алу өткізілді.

1991 жылдың сәуірінде ЖҚТБ мәсле-сіне қоғам назарын аудару мақсатында суретші Франк Мур таңбаны қызыл бау түрінде жасап ұсынды. Қызыл бау ЖҚТБ мәселесін түсіну қажеттігін көтерген адамдардың дауысын біріктірген үміт сим-



**ӨЛГЕНДЕРДІ ЕСТЕ  
САҚТАУ – ТІРІЛЕРДІҢ  
КЕЛЕШЕГІ ҮШІН**



волы бола бастады. Бастапқы кезде оны адамдардың аз ғана тобы тағып жүрді. Шамалы уақыттан соң қызыл таспа қоғамның қалың көпшілігінде танымал, ЖҚТБ-мен күрестің символына айналды.

1992 жылы Голливудта “Оскар” сыйлығын тапсыру салтанатында, қатысушылардың үштен екісінің кеудесінде қызыл бау болды.

Бұл күндері қызыл бау бүкіл дүние жүзінде АҚТҚ мен ЖҚТБ мәселесі әсер еткен адамдардың ынтымақтастық символы болып табылады. ЖҚТБ-ға қарсы күреске қатысуының белгісі ретінде, қызыл бауды адамдар Америкада, Еуропада, Ресейде, Қазақстанда және бүкіл дүние жүзінде тағады.

## БҮКІЛӘЛЕМДІК ЖҚТБ - "КВИЛТ" МЕМОРИАЛЫ

Мемориалдың тууы 1987 жылы Сан-Франциско тұрғыны Клиф Джонс ЖҚТБ-дан қаза тапқан досына ескерткіш ретінде сурет салғанынан басталды. Ол мұнымен өзінің досына деген ықыласын ғана емес, сонымен қатар Америка үкіметінің енжарлығына наразылығын білдірді. Бірнеше жылдан соң бұл қозғалыс әлемнің 40 елінде қолдау тапты.

КВИЛТ - АҚТҚ-мен өмір сүріп жатқан адамдарға қатынасты өзгертуге, оларға қатысты кемсітушілікті жеңуге көмектесетін қуатты ағарту құралы.

КВИЛТ экспозициясын көпшілікке көрсету — бұл еске алу суреттерінің өзіндік көрмесі. Экспозиция әртүрлі ауқымда-қалалықтан халықаралық деңгейге дейін болуы және үш күнге дейін созылуы мүмкін. Ірі экспозициялар әдетте белгіленген рәсімдерді сақтай отырып жүргізіледі. Бас кезінде еденге немесе жерге мата жолақтары бар тор төселінеді. Қатысушылар осы жолақтардың үстімен жүреді. Түзілген шаршылардың ортасында конверт түрінде

бүктелген КВИЛТ секциясы жатады. Бір шетте сахна және микрофон. Ашылу рәсімі басталады. Баяу музыканың ырғағымен ақ киімді еріктілер КВИЛТ-терді жая бастайды, ал сахнада бұл уақытта КВИЛТ-терде жазылған адамдардың аттарын оқиды.

Ресейде алғашқы еске алу суреттері 1993 жылы жасалынды. 1993,1994,1996 және 1998 жылдары Ресей КВИЛТ-і әртүрлі халықаралық экспозицияларға қатысты. 1999 жылы Санкт-Петербургте Қазан соборының алдындағы алаңда "Еуро-КВИЛТ-99" экспозициясы өтті. Еуропаның 14 елінің және Ресейдің еске алу полотнолары ұсынылды. Барселонада 2002 жылы өткен ЖҚТБ жөніндегі ХІҮ-халықаралық конференцияда Ресей 2 КВИЛТ ұсынды.

Қазақстанда әзірше КВИЛТ көрме экспозициясы өткізілген жоқ.

## 1 ЖЕЛТОҚСАН - ЖҚТБ-МЕН КҮРЕСТІҢ БҮКІЛӘЛЕМДІК КҮНІ

ЖҚТБ-мен күрестің Бүкіләлемдік күнін Бүкіләлемдік денсаулық сақтау ұйымы (БДСҰ) ең алғаш 1988 жылы жариялады. Ол жыл сайын әртүрлі ұранмен өткізіліп келеді. Мысалы, ЖҚТБ-мен күрестің Бүкіләлемдік күні мынандай ұрандармен: 1990 жылы - "Әйелдер және ЖҚТБ", 1994 жылы - "ЖҚТБ және отбасы", 2000 жылы - "ЖҚТБ және ерлерге көп нәрсе байланысты", 2002 мен 2003 жылдары - "Өмір сүр және өзгеге өмір сүруге көмектес", 2004 жылы – «Әйелдер, қыздар және АҚТҚ мен ЖҚТБ», 2005-2006 жылдары – «ЖҚТБ-ны тоқтат. Уәденді орында» деген атаулармен өтсе, 2007-2008 жылдары негізгі тақырып жетекшілік болды .



### ЖҚТБ-мен күрес компаниясының шеңберінде не істеуге болады?

- баспасөз конференцияларын өткізу;
- мектептер мен басқа оқу орындарында стендтер жасау;
- халықтың әртүрлі топтарына арналған семинарлар өткізу;
- үнпарақтар шығару және тарату;
- халықаралық үкіметтік емес ұйымдармен дөңгелек үстелдер ұйымдастыру және өткізу;
- ғылыми - өндірістік орталықтармен, қоғамдық бірлестіктермен, үкіметтік емес ұйымдармен және мемлекеттік қызметтермен қаладағы, елдегі жағдай бойынша конференциялар өткізу;
- плакаттар, суреттер байқауларын ұйымдастыру;
- біздің республикамызда алғашқы КВИЛТ жасауды бастау;
- жасөспірімдер мен жастар, сотталғандар, емханалардың қызметкерлері, АҚТҚ-жұқпалыларымен жұмыс істейтіндер және басқалар үшін театрландырылған қойылымдар әзірлеу және өткізу, т.с.с.

Театрландырылған қойылымдар жасөспірімдерге, жастарға және жалпы халыққа әсер етудің қуатты құралы болуы мүмкін. Оларды әртүрлі сахналарда көрермендердің үлкен тобына көрсетуге болады. Жастарға әсер етудің керемет тәсілі қойылымдарға қатысушылардың шығармашылық, мүмкіндіктерінің жүзеге асырылуы. Қатысушылар Кампания тақырыбын ескере отырып, көрермендерге қандай идеяны жеткізе алатындарын нақты білуге тиіс. Драмалық образдар адамдардың АҚТҚ мен ЖҚТБ мәселелерін қалай қабылдайтынын түсінуге көмектеседі. Сонымен қатар, театрландырылған қойылымдар АҚТҚ мен ЖҚТБ әсер

еткен адамдардың жай-күйін сыйлау және бағалау шеберлігін жетілдіреді.

Алматыда 1995 жылдан бастап мектеп, колледж оқушыларының театрландырылған қойылымдарының байқауы өткізіліп келеді. Ең үздіктері қалалық байқауларға қатысады. 2003 жылы мектеп оқушыларының театрландырылған қойылымдарымен балалар колониясына, мектеп-интернаттарына, бейімдеу орталықтарына, балалар үйірмелеріне барып-қайтулары ұйымдастырылды. Сонымен қатар, қала бойынша есірткіге қарсы постылар арасында “Жастар – есірткіге қарсы” марафоны өткізілді. Айлық шеңберінде АҚТҚ мен ЖҚТБ мәселелері бойынша Республикалық сурет байқаулары өткізіліп келеді.

ЖҚТБ-мен күрестің Бүкіләлемдік күніне арналған кампания шеңберінде Республиканың барлық қалаларында АҚТҚ мен ЖҚТБ мәселелері бойынша акциялар, театрландырылған қойылымдар, дөңгелек столдар, баспасөз конференциялары, плакаттар, суреттер, шығармалар байқаулары өткізіліп келеді.

Соңғы уақыттарда АҚТҚ-мен өмір сүруші адамдар алдын алу шараларына, оның ішінде Бүкіләлемдік ЖҚТБ-ға қарсы күрес күніне арналған кампанияларға белсенді араласып келеді. АҚТҚ-мен өмір сүруші адамдардың Қазақстандық Одағы да халықаралық ұйымдар мен ЮНЕЙДС-тің қолдауымен Алматыда 2007-2008 жылдары осындай ішаралар өткізді.

Аталған шаралардың ұйымдастырушылары мен қатысушылары АҚТҚ-ның алдын алуда баға жетпес үлес қосты.

СОЗДІК



## СӨЗДІК

**АНТИГЕН** (антигендер) – жоғары молекулярлық қоспа, қорғаныш торларының қорғанысын ынталандырып, организмнің қорғаныстық жауабын қамтамасыз етеді

**АЛЬТРУИЗМ** – басқаға көмектесуге ұмтылу. Бұл қасиет көп адамдарға тән, жетекшілерді тартуға көмектеседі.

**АНТИТӘН** – адамның және малдың қан құрамындағы белоктар, организмге әртүрлі антигендердің түсуінен және организмді осы антигендермен ерекше қарым-қатынасқа түскеннен сақтайды.

**АҚТҚ-ҒА АНТИТӘН** – арнайы зертханалық тестердің көмегімен анықталатын адам қанында АҚТҚ-ға қарсы жасалатын қорғаушы зат.

**ҚАУІПСІЗ МІНЕЗ-ҚҰЛЫҚ** – АҚТҚ мен ЖЖБЖ тұрғысында АҚТҚ зақымына төменгі тәуекелдегі адамдардың мінез-құлқы. Мұндай мінез-құлқыққа қорғалған жыныстық қатынас пен қауіпсіз инъекциялық әрекет жатады.

**ҚАУІПСІЗ ЖЫНЫСТЫҚ ҚАТЫНАС** – серіктесінің омырау сүті, қынап ылғалы, шауқат сияқты жолдарда қан араласпаған кез келген жыныстық қатынас. Бұл терминді латексті және полиуретанды мүшеқапты қолданған жыныстық қатынастарға да қолдануға болады

**ҚОЗДЫРҒЫШ** (вирус) – өмірдің қарапайым түрі. Адамның және жануардың ішкі торларында көбейе алады.

**АҚТҚ (HIV)** – адамның қорғаныш тапшылығы қоздырғышы, ретро қоздырғыштар тобына жатады. Ол бірнеше ферменттер қабатымен, өмір сүру қызметі және қоздырғыштың көбеюі, сонымен қатар тұқым қуалау-шылық қоздырғыш жадығаты РНК, адам ДНК-сы мен салыстыруға болады. ДНК адам клеткасының тұқым қуалаушылық сапасы туралы ақпарат, РНК қоздырғыш туралы ақпарат береді.

**АҚТҚ** – жағымды адам – қорғаныш тапшылығымен жұқпаланған адам.

**ЖАСТЫҚ МІНДЕТТЕР** – баланың жас ерекшеліктеріне қарай қалыптасатын әр даму кезеңінің алдында тұратын белгілі бір дағдылар. «Жастық міндеттер» ұғымы әр жас кезеңіне қажетті дағдылар мен біліктерге қатысты дәстүрлі көзқарасқа сәйкес болмауы мүмкін.

**ГЕНДЕР** – әйел мен еркектің әлеуметтік мінез-құлқын, сондай-ақ олардың өзара қарым-қатынасын анықтайтын сипаттамалар комплексі. Қазіргі ғылымда ерлер мен әйелдердің теңсіздігін түсіндіретін «гендер-әлеуметтік жыныс» деген ұғым енгізілген. Әлеуметтік жыныс – қоғам қалыптастырған әйелдер мен ерлердің мінез-құлқының, нәзіктік пен батылдықтың моделі. Жыныс биологиялық және генетикалық сұрақтарға қатысты, ал гендер – қоғамда әйелдер мен ерлер рөлінен күтілетін әлеуметтік және мәдени идеяларға жатады, сондықтан гендер болып саналатында мәдениет пен қоғамға сәйкес өзгеріп отырады.

**ГЕНЕТИКАЛЫҚ АҚПАРАТ** - тұқым қуалаушылық ақпараты, гендердің жиынтығын құрайтын организмнің құрылысы мен атқаратын қызметі туралы ақпарат.

**ҒАЛАМДЫҚ ПРОБЛЕМАЛАР** – адамзат өмірі мүддесінің қозғаушысы және өзінің шешімін халықаралық келісімді қимылдарды әлемдік ауқымда талап ететін жалпы қоғамдық мәселе.

**ДЕКЛАРАЦИЯ** – бұл (қағидалар) міндеттемейтін халықаралық құжат. Декларацияға қол қою арқылы, мемлекет құжатта көрсетілген қағидаларға





келісетінін көрсетеді. Декларация оның көмегімен орындалуын қадағалайтын механизмдерді қарастырмайды.

**ДЕЗАДАПТАЦИЯ** - жаңа әлеуметтік жағдайдың талаптарына баланың әлеуметтік - психологиялық немесе психофизиологиялық статусының сәйкес келмеуінен туындайтын психикалық көңіл-күй, жағдай

**ДЕПРИВАЦИЯ** – (от лат. deprivatio - жоғалту) – эмоционалдық және интеллектуалдық дамудың айқын ауытқушылығынан, әлеуметтік байланыстардың бұзылуынан көрінетін, адамның негізгі психикалық қажеттіліктерінен ұзақ уақыт шектеудің нәтижесінде туындайтын психикалық жағдай, күй.

**КЕМСІТУШІЛІК (ДИСКРИМИНАЦИЯ)** – құқығын қысу, рөлін төмендету, теңдігінен айыру.

**ДНК** – (дезоксирибонуклеиндік қышқыл) – ядролық торларда болады және адамның, малдың, кейбір микромүшелердің тектік ақпаратын тасушы.

**ҚОРҒАНЫШ** – организмнің жұқпалы аурулар қоздырғыштарын қабылдамаушылық жағдайы. Организмнің бөтен тектік денеден қорғану, құтылу қабілеті.

**ҚОРҒАНЫШ ТАПШЫЛЫҒЫ** – организмнің жұқпадан қорғану қабілетінің жоғалуы.

**ИНТЕРНАТТЫҚ ҰЙЫМДАР** – белгілі бір категориядағы адамдарға тұрғын жайымен бірге білім алу құқығына мемлекеттік кепілдікті қамтамасыз ететін білім беру ұйымдары

**КВИЛТ (құрақ)** – бұрынғы уақытта көрпелердің, жамылғыштардың ұсақ бөлшектерін осылай атаған. Салт бойынша көрші - қолаңдар өз бөлшектерін қосып тіге берген, содан ауылды айналып шыққанда үлкен түсті көрпе пайда болған. ЖҚТБ індеті бұл көне салтқа жаңа ат берді – КВИЛТ-ті туған-туыстары, жолдастары өлген адамды еске алу мақсатында тігеді.

**КОНВЕНЦИЯ** – бұл міндеттейтін құжат (заң). Құжатқа қол қою арқылы мемлекет өзіне оны мүлтіксіз орындауды міндетке алады.

**ҚҰПИЯЛЫЛЫҚ** – жеке ақпаратты құпия сақтау, таратпау.

**КОММУНИКАЦИЯЛЫҚ ДАҒДЫЛАР** – қарым-қатынас дағдылары

**ЛИМФОЦИТ** – ақ қан торлары. Олар көкбауырда, без түйіндерінде, жілік майында өндіріледі. Лимфоциттер қорғаныштық жауап қайтаруларында қатысады.

**ЛИМФОИДТІК ОРҒАҢДАР** – лимфа түйіндері, өт.

**МАКРОФАГТАР (ФАГОЦИТТЕР)** - организмнің ерекше қорғаушысы. Олардың белсенді рөлі антигендерді лимфоциттерге табыстыруынан көрінеді.

**КІШІ ТОПТАР** – саны көп емес, (3-тен 15-ке дейін) болатын, ортақ іс-қимылға, мінез-құлық нормаларына біріккен, тікелей эмоционалдық қарым-қатынаста болатын адамдар тобы.

**ӘДІС** (грек тілінен Methods аударғанда зерттеу немесе тану жолы) – нақты міндеттерді шешуге бағынатын, салыстырмалы біржақты тәсілдердің жиынтығы.

**НАШАҚОР** – дәрігерлік тұжырым-мен нашақор деген ат қойылған ауру.

**НАШАҚОРЛЫҚ** – есірткіге қатты тәуелділікті сипаттайтын аурулар тобы

**КЕРІ ТРАНСКРИПТАЗ** – АҚТҚ-да болатын фермент, оның көмегімен қорғаныш ДНК-ға өзінің генетикалық ақпаратын «түзеді».



**ОППОРТУНИСТИК ЖҰҚПАЛАР** – қорғаныш тапшылығы болғанда қауіпті аурулар шақыруы мүмкін жұқпалар.

**ЖАУАПКЕРШІЛІК** – жеке тұлғаның өзінің іс-әрекетін қоғамда қабылданған адамгершілік және құқықтық нормалар мен ережелерге сәйкес, борыш сезімімен бақылауға алу қабілеті.

**ПИРСИНГ** – сәндік үшін дененің әрбір бөлігін тесу

**МҮМКІНДІГІ ШЕКТЕУЛІ БАЛА** (балалар) – туғаннан, тұқым қуалаушылықпен, кейіннен пайда болған аурулардың немесе жарақат алудың зардабынан өмір іс-әрекетінде шектеулігі бар, бекітілген тәртіппен расталған, дене немесе психикалық ауытқушылыққа ұшыраған он сегізге толмаған бала (балалар).

**ҚАУІПТІ МІНЕЗ-ҚҰЛЫҚ** – ауру жұқтыру қаупін жоғарылататын мінез-құлық әдеттері мен таптаурын түсініктер. Мұндай мінез-құлық қорғалмаған жыныстық қатынастар, шприцтер мен инелерді ортақ қолдануда көрінеді.

**ҚАУІПТІ ТӨМЕНДЕТУ** – АҚТҚ жұқтырудың қаупін төмендететіндей мінез-құлықты өзгерту.

**ӘЛЕУМЕТТІК ҚҰЗЫРЛЫҚ** (лат. *competentia* - адамның жақсы хабары бар, танымдық және тәжірибесі бар, кейбір іс-әрекеттерді орындайтын мәселелер шеңбері) – жеке тұлға мен әлеуметтің өзара қарым-қатынас деңгейін анықтайтын және әр түрлі өмір жағдайларында оған жалғыз дұрыс шешім қабылдауға жол ашатын мінез-құлық, білім, дағды, білік және әлеуметтік-психологиялық сипаттамалардың жеке сапалық кешені.

**ӘЛЕУМЕТТІК НОРМА** – біздің мемлекетімізде көпшілігі қабылдаған мінез-құлықтың жазылмаған ережелері.

**СПЕРМА** (ұрық сұйықтығы) – ұрық көпіршіктері мен простата және сперматозоидтардан тұратын сұйықтық.

**АРНАЙЫ БІЛІМ БЕРУ ҰЙЫМДАРЫ** – мүмкіндігі шектеулі балаларды диагностикалау мен кеңес беру, оқыту мен тәрбиелеу үшін құрылған ұйымдар.

**АРНАЙЫ КОРРЕКЦИЯЛЫҚ БІЛІМ БЕРУ ҰЙЫМДАРЫ** – дамуында мүмкіндігі шектеулі балалар үшін ұйымдар:

Есту қабілеті бұзылғандар (естімейтіндер, нашар еститіндер, кейіннен естімей қалғандар);

Көруі бұзылғандар (көрмейтіндер, аз көретіндер, кейіннен көрмей қалғандар);

Тірек-қимыл қызметі бұзылғандар;

Сөйлеуі бұзылғандар;

Ақыл-ойы жағынан артта қалғандар;

Психикалық дамуы жағынан артта қалғандар;

Эмоциялық-ерік саласы мен мінез құлқында ауытқушылығы барлар;

Күрделі бұзылыстармен, оның ішінде соқыр-кереңдігі барлар;

**ЖҚТБ** – (жұқтырылған қорғаныш тапшылығының белгісі) – аурудың клиникалық белгісінің ауыр және соңғы АҚТҚ –мен байланысты сатысы.

**СТИГМА** – грек тілінен аударғанда «таңба» дегенді білдіреді

**ТРЕНИНГ** – интерактивті оқытуды қолданатын сабақтар

**ТРИГГЕРЛІ СУРЕТТЕР** – интерактивті сабақтарды өткізгенде қолданылатын әр түрлі өмірлік жағдайларды бейнелейтін суреттер



## ҚЫСҚАРТУЛАР ТІЗІМІ

**АҚТҚ** – адамның қорғаныш тапшылығы қоздырғышы

**ДАСҰ** – Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы

**ДМШБ** – дамуында мүмкіндігі шектеулі балалар

**АҚҚБ** – ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған балалар

**СӨС** – салауатты өмір салты

**ҚЖ** – адамның қорғаныш жүйесі, организмді бөтен АГ қорғау жүйесі. Қорғау, «жөндеу» және жаңарту қызметін атқарады. Қорғаныш жүйесінің құрылымдық бөлшектері органдар, тіндер, торлар болып табылады.

**ЖЖБЖ** – жыныс жолдарымен берілетін жұқпалар

**ЖҚТБ** – жұқтырылған қорғаныш тапшылығының белгісі

**БҰҰ** – Біріккен Ұлттар Ұйымы

**ИЕТ** – инъекциялық есірткі тұтынушылар


**АББҰ** – арнайы (коррекциялық) білім беру ұйымдары

**ЮНЕСКО** – БҰҰ-ның білім, ғылым және мәдениет мәселелері жөніндегі ұйымы

**ЮВАОМП ТРОПМЕД** – Аймақтық тропикалық медицина бойынша ағарту Министрлігі және қоғамлық денсаулық сақтау жүйесінің Оңтүстік – Шығыс Азиялық ұйымы.

**ЮНЕЙДС** – БҰҰ-ның АҚТҚ мен ЖҚТБ бойынша бағдарламасы

**ЮНИСЕФ** – БҰҰ-ның балалар қоры





## ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

1. Мектеп жағдайындағы ЖҚТБ/АҚТҚ-ның алдын алу бойынша оқытушыларға арналған басшылық. Алматы. 2004.
2. АҚШ-тың Қазақстандағы бейбітшілік корпусы «Пособие по приобретению жизненных навыков «Нет СПИДу!». Алматы, 2002г.
3. М.Плотникова, Г. Рязанова және т.б. «Руководство для преподавателей по проблеме СПИДа и его профилактике». Алматы, 2002.
4. Яшина, Д.Камалдинов и др. «Я хочу провести тренинг». Новосибирск, 2000.
5. Р.Жуманова. Наркотики в школах. Предупреждение злоупотребления наркотическими средствами. Алматы 2001
6. А.Надирбеков, А.Наумов Пособие для тренеров-волонтеров. Жизненно важные навыки. Общественный фонд «Жусан». Алматы. 2002.
7. И.Пчелкин. Журнал «Шаги». Москва, 2002, 2003.
8. И.Пчелкин, В.Лазарев. Журнал «Круглый стол» Москва, 2000.
9. НЦПФЗОЖ, ЮНЕСКО «Здоровый образ жизни», методическое пособие Алматы, 2002
10. ЮНЭЙДС «Доклад о глобальной эпидемии ВИЧ/СПИДа», 2002г.
11. ЮНЭЙДС «ВИЧ/СПИД и права человека». 2002г.
12. Всемирная организация здравоохранения, ООН «Медико-санитарное просвещение в школе в целях профилактики СПИДа и ЗППП». 1996г
13. Чакликов Т.Е., Бекжанова Т.А. және т.б. Проблемы СПИДа и его профилактика – Алматы: Республиканский издательский кабинет Казахской академии образования им. Ы.Алтынсарина, 1999г., 69б.
14. О.Патрушева. Классный руководитель и семья – Воспитание школьников. 1988г.,№3, 23-25 бет
15. Е. Виноградова, К. Толендиева и др. Занятия с подростками по профилактике наркомании и ВИЧ/СПИДа. Алматы: ОФ «XXI век»- ОО ЦОР «Аккорд», 2003.-88с.
16. Санитарное просвещение в школе в отношении профилактики СПИДа и БППП. Занятия для учащихся. Всемирная организация здравоохранения, 1994.- 79с.
17. Стратегическая программа по противодействию эпидемии ВИЧ/СПИДа в системе Министерства образования и науки Республики Казахстан на 2002-2005гг. Приложение 1 к приказу Министерства образования науки Республики Казахстан от 29 июля 2002 года № 588. Астана, 2002 год.
18. Санитарное просвещение в школе в отношении профилактики СПИДа и БППП. Занятия для учащихся. Всемирная организация здравоохранения, 1994.- 79с.
19. Стратегическая программа по противодействию эпидемии ВИЧ/СПИДа в системе Министерства образования и науки Республики Казахстан на 2002-2005гг. Приложение 1 к приказу Министерства образования науки Республики Казахстан от 29 июля 2002 года № 588. Астана, 2002 год.
20. Основы знаний по проблеме ВИЧ/СПИД. Спецкурс. Минск, Тесей, 2002.



21. Л.П.Николаева, Д.В.Колесов. Уроки профилактики наркомании в школе. Москва-Воронеж, 2003г.
22. В.Ли, К.Ли. Профилактика химических аддикций, Бишкек, 2000.
23. Н.В.Колесникова. Наркотики и ВИЧ/СПИД// Валеология, физвоспитание и спорт №12,2002.
24. С.К.Кауашев. Профилактика ВИЧ/СПИДа// Валеология, физвоспитание и спорт № 6,2003.
25. Под редакцией Дорожкиной Л.А. Информационный сборник для работников организаций управления образованием «ВИЧ/СПИД и образование». Алматы, 2004 г.
26. Под редакцией Мукамбетовой Р.Д. Гендер и ВИЧ/СПИД. Руководство по обучению. Бишкек,2007.
27. Выбери жизнь: Методическое пособие по профилактике ВИЧ/СПИД среди молодежи/ О.А.Кисель – Мн: 2007. – 49 с.
28. Иванов Л.М., Конева Е.В. Применение нидерландской модели повышения социальной компетенции подростков // Вестник психосоциальной и коррекционной реабилитационной работы. 2001. №2, с.30-59.
29. Основные показатели в сфере охраны прав детей РК за 2007 год.- Астана.2007.
30. Шульга Т.И., Слот В., Спаниард Х. Методика работы с детьми «группы риска». М., Издательство УРАО, 2001.
31. ЮНИФЕМ. Гендер и ВИЧ/СПИД. Руководство по обучению. Бишкек, 2007.



# ОҚЫТУ МОДУЛЬДЕРІНЕ ҚОСЫМШАЛАР





# 1 ҚОСЫМША ИНТЕРАКТИВТІК ОҚЫТУ ӘДІСІ БӨЛІМІНЕ

## ТОПТА ЖҰМЫС ІСТЕУДІҢ ЕРЕЖЕСІ

Сөйлеушінің құқығы



Баға бермеу



Көтерілген қолдың құқығы



Жүргізушінің құқығы



Құпиялылық



Ұқыптылық






## 2 ҚОСЫМША ИНТЕРАКТИВТІК ОҚЫТУ ӘДІСІ БӨЛІМІНЕ

Қатысушыларды 4 адамдық топқа бөлген кезде суреттерді үлестіру материалы ретінде қолдануға болады.







ОҚЫТУ МОДУЛЬДЕРІНЕ ҚОСЫМШАЛАР



### 3 модульге 1 ҚОСЫМША

#### ҚОРҒАНЫШ ЖҮЙЕСІНІҢ ҚИМЫЛЫ


ОҚЫТУ МОДУЛЬДЕРІНЕ ҚОСЫМШАЛАР






3 модульге  
2 ҚОСЫМША

АҚТҚ ЕНГЕН КЕЗДЕГІ ҚОРҒАНЫШ ЖҮЙЕСІНІҢ ҚИМЫЛЫ




3 МОДУЛЬГЕ  
ҚОСЫМША

<p><b>АГ</b></p> <p>АНТИГЕН</p>	<p><b>АТ</b></p> <p>АНТИТӘН</p>	 <p><b>АҚТҚ</b></p>	
---------------------------------	---------------------------------	---	--




## АҚТҚ ЖҰҚПАСЫНЫҢ ДАМУ ДИАГРАММАСЫ



4 модульге  
ҚОСЫМША

АПИЫН ЕСІРТКІЛЕРІН ҚАБЫЛДАУДАҒЫ ТӘУЕЛДІЛІКТІҢ ҚАЛЫПТАСУЫ





## 5 модульге 1 ҚОСЫМША

### Өзіндік жұмыс

Оқытушыға ұсыныстар:

Бұл жаттығуды сабақтың соңынан «Жауапты мінез-құлық -АҚТҚ-дан қорғаудың жолы» тақырыбында өткізу керек.


**Жыныстық қатынасты бастау шешімі өте жауапты қадам екендігіне оқушылар назар аудартыңыз. Шешім қабылдай отырып, «келісемін» және «қарсымын» тұжырымдарын таразылау қажет.**

### Тапсырма

**ОҚУШЫЛАРДЫҢ ӨЗ ОЙЛАРЫН  
ТӨМЕНГІ КЕСТЕГЕ ЖАЗУДЫ СҰРАҢИЗ.**

Ойлануға арналған сұрақтар	жауаптар
1. Жыныстық қатынас алдында өзіңе қандай сұрақ қою керек?	
2. Өріптесіңмен қандай тақырыпта сөйлесу керек?	
3. Қорғалмаған жыныстық қатынастардың зардабы қандай болуы мүмкін?	
4. Жыныстық қатынаста қалай «жоқ» деуге болады?	
5. Жыныстық қатынас мәселелеріне қатысты кімнен ақыл-кеңес алуға болады?	

### Сызба







## 5 МОДУЛЬГЕ 2 ҚОСЫМША

### МІНЕЗ-ҚҰЛЫҚТЫҢ ӨЗГЕРУ ДӘРЕЖЕСІ

*Оқытушыға ұсыныстар:*

Қатысушыларға қазір олардың қандай дәрежеде екенін анықтауды ұсыныңыз:

#### **I. Мен АҚТҚ-мен жұқпаланудың мүмкіндігін ойламаймын. Неге?**

##### **Себептері:**

Менде бұл туралы ақпараттар аз  
Мен АҚТҚ-ның зардабын білмеймін

Мен жұқпаланудың қаупі барын бағамдай алмаймын

Мен мінез-құлқымды өзгерту қиын деп ойлаймын.

Мен проблемалық мінез-құлықтың өзгеруі туралы ойлағым келмейді.

#### **II. Мен ойланып, толғана бастадым**

Мен АҚТҚ-мен жұқпаланудың қаупі бар екенін түсінемін.

Барлығын «келісемін» және «қарсымын» деп таразылаймын.

#### **III. Мен мінез-құлқымды өзгертуге даярланамын.**

Менің бүгінгі мінез-құлқым қауіптілікпен байланысты екеніне сенімдімін, өз мінез-құлқымды өзгертуді жоспарлаудамын.

#### **IV. Қимыл-әрекет**


Мен мінез - құлықтың жаңа үлгісіне сәйкес жасауды бастаймын

#### **V. Қолдау**

Мен АҚТҚ-мен жұқпаланбауға тырысып жүрмін



5 МОДУЛЬГЕ  
3 ҚОСЫМША





## 6 МОДУЛЬГЕ 1 ҚОСЫМША

### АҚТҚ МЕН ЖҚТБ: ПІКІРЛЕР МЕН ҚАТЫНАСТАР

Пікірлер мен қатынастар	Келісемін	Келіспеймін
1. Әрбір адам өзінің АҚТҚ статусы туралы білу керек.		
2. Маған АҚТҚ жұғуы мүмкін емес		
3. АҚТҚ-мен жұқпаланған адамдар өз ауруынан дәрігерлерді хабардар етуі керек (хирург, тіс дәрігері, гинеколог т.б.)		
4. Барлық адамдар АҚТҚ-дан тестен өтуі керек		
5. АҚТҚ-мен өмір сүруші адамдар оқуын немесе жұмысын жалғастыруына болады		
6. АҚТҚ-мен өмір сүруші әйел балалы болмағаны дұрыс		
7. АҚТҚ-мен жұқпаланған адамдар жыныстық қатынастан бас тартуы керек		
8. АҚТҚ-мен жұқпаланған адам көп жағдайда бұл іске өзі жауапты		
9. АҚТҚ мен ЖҚТБ тек инъекциялық нашақорлардың мәселесі		

## 6 МОДУЛЬГЕ 2 ҚОСЫМША

### Адамның негізгі құқықтары:

- Кемсітпеушілік
- Денсаулық құқығы
- Ерлер мен әйелдер арасындағы теңдік құқығы
- Жеке өмірге қол сұғылмаушылық құқығы
- Ақпарат және білім алуға деген құқық
- Еңбек ету құқығы
- Некеге тұру мен отбасын құру құқығы
- Өлеуметтік қамтамасыздық құқығы
- Бостандық және еркін өмір сүру құқығы



## 6 МОДУЛЬГЕ 3 ҚОСЫМША

Адам құқықтары	АҚТҚ мен ЖҚТБ-ға қатысты қимылдар	Адам құқығы туралы құжаттар
<p>Жоғары дәрежедегі денелік және психикалық денсаулыққа құқығы</p> <p>Денсаулық сақтау және әлеуметтік қамсыздандыру қызметіне құқықтар</p> <p>Баланың денсаулық сақтау жүйесінің барынша жетілген қызметтерін және ауруларды емдеу құралдары мен денсаулықты қалпына келтіру қызметтерін пайдалану құқығы</p> <p>24 бап</p>	<p>АҚТҚ-ның алдын алу қызметін және оған қажеті құралдармен қамтамасыз ету (жыныс жолдарымен берілетін жұқпаларды емдеу, әйел және ерлер мүшеқаптарымен қамтамасыз ету, ерікті түрде кеңес алу, тестен өту) оппортунистік жұқпаларды емдеудегі, ауырғанда және күйзеліске түскендегі дәрілер, сонымен қатар антиретроқоздырғыш препараттар. Денсаулық сақтау жүйесінің қызметкерлері және қажетті инфрақұрылымдарын қамтамасыз ету.</p>	<ul style="list-style-type: none"> <li>Адам құқығының Жалпыға ортақ декларациясының 25 бабы</li> <li>Экономикалық, әлеуметтік және мәдени құқықтар туралы Халықаралық Пактінің 12 бабы</li> <li>Әйелдерге қатысты кемсітушіліктің барлық түрін жою туралы Конвенцияның 12 бабы</li> <li>Бала құқықтары туралы Конвенцияның 24,25 баптары</li> </ul>
<p>Ақпарат және білім алу құқығы</p>	<p>Жыныстық денсаулық және АҚТҚ-ның алдын алу мәселелері бойынша ақпарат алу мен білім беруді қамтамасыз ету</p>	<ul style="list-style-type: none"> <li>Адам құқығының Жалпыға ортақ декларациясының 19 бабы</li> <li>Азаматтық және саяси құқық туралы Халықаралық Пакт 17 бап</li> <li>Бала құқығы туралы Конвенция 37 бап</li> </ul>
<p>Жеке өмірге қол сұғылмаушылық құқығы</p>	<p>Кеңес беруде және тестілеуде еріктілікті, сонымен қатар АҚТҚ тестерінің қорытындыларының құпиялылығын қамтамасыз ету, ақпаратты үшінші жаққа таратпаудың құқығын кепілдеу</p>	<ul style="list-style-type: none"> <li>Адам құқығының Жалпыға ортақ декларациясының 12 бабы</li> <li>Азаматтық және саяси құқық туралы Халықаралық Пакт 17 бап</li> <li>Бала құқығы туралы Конвенция 37 бап</li> </ul>
<p>Ғылыми прогреске қатысу және оның игілігін пайдалану құқығы</p>	<p>АҚТҚ-мен байланысты жағдайды, жыныс жолдарымен берілетін жұқпаларды емдеу үшін, ауруды басатын негізгі құралдарға және антибиотиктерге еркін қол жеткізуді, сонымен қатар АҚТҚ мен ЖҚТБ-ны терапевтік жолмен емдеуді қамтамасыз ету</p>	<ul style="list-style-type: none"> <li>Адам құқығының Жалпыға ортақ декларациясы 27 бап</li> <li>Экономикалық, әлеуметтік және мәдени құқықтар туралы Халықаралық Пакт 15 бап.</li> </ul>



## 7 модульге ҚОСЫМША

### Бала құқығының Конвенциясына сәйкес

1 бап	Сен 18 жасқа толмасаң , бала болып саналасың
2 бап	Сенің кемсітушіліктен қорғалуға құқың бар. Барлық балалар тең құқықты.
3 бап	Сен үлкендер тарапынан қорғалуға және қамқорлыққа құқығың бар
4 бап	Сенің құқығың сақталуы тиіс
13 бап	Сенің ақпарат алуға және беруге құқығың бар
16 бап	Сен жеке өміріңе қол сұғушылықтан қорғалуға құқың бар
17 бап	Сенің жеткілікті ақпарат алуға құқығың бар және үлкендер оны сен үшін түсінікті түрде жасауы тиіс
24 бап	Сен сапалы дәрігерлік қызмет алуға құқығың бар
33бап	Сенің есірткіден қорғануға құқығың бар
42 бап	Сен өз құқығыңды білуге құқың бар, үлкендер де оны білуі және сыйлауы керек





## ҚОСЫМША 1 «МОНИТОРИНГ ЖӘНЕ БАҒАЛАУ» БӨЛІМІНЕ

Тест: Сіз АҚТҚ мен ЖҚТБ туралы не білесіз?

Иә (И) – Жоқ (Ж)

Сұрақтар	Иә	Жоқ
1. АҚТҚ адамды құшақтағанда жұқпайды		
2. Қоғамдық дәретхананы пайдаланғанда АҚТҚ берілмейді		
3. АҚТҚ ортақ шприцтер мен инелер пайдаланғанда жұғады		
4. Тамақ ішуге ортақ ыдыс қолданудан АҚТҚ берілмейді		
5. Мүшеқап қолданбай бір рет жыныстық қатынаста болудан да АҚТҚ жұқтыруға болады		
6. АҚТҚ түшкіргенде немесе жөтелгенде жұғады		
7. АҚТҚ жәндік шаққанда жұғады		
8. АҚТҚ адам сүйіскенде жұғады		
9. АҚТҚ тек үш жолмен ғана беріледі: -қан арқылы (мысалы, шприцтер мен инелерді ортақ олданғанда); -жыныстық жолмен; -анадан балаға жатырда даму кезінде, туғанда, омырау сүтін емізгенде		
10. АҚТҚ дегеніміз ЖҚТБ-ның өзі		
11. Сапалы мүшеқапты үнемі және дұрыс қолдану АҚТҚ-ның жыныстық жолмен берілуінен сақтайды		
12. АҚТҚ жұқпасы ұзақ уақыт ешқандай белгі бермей дамиды		
13. АҚТҚ-мен өмір сүруші адамдардың кейбіреулері мұны өздері де білмеуі мүмкін		



## ТЕСТІҢ КІЛТІ

1. **Иә.** АҚТҚ-мен өмір сүруші адамды құшақтағаннан, қарапайым қарымқатынастан АҚТҚ жұқтыру мүмкін емес.
2. **Иә.** Жалпыға арналған дәретханаларды пайдалану АҚТҚ жұқтыруы мүмкін емес.
3. **Иә.** АҚТҚ таралуына инъекциялық сұйықтағы, инедегі және шприцтегі зақымданған қанның көзге көрінбейтін ұсақ тамшысы жеткілікті. Адамдар ортақ шприцтер мен инелер қолданбауы керек.
4. **Иә.** Осындай жағдайда АҚТҚ жұқпаланған адам кездескен бірде-бір жағдай болған жоқ.
5. **Иә.** АҚТҚ-мен жұқпалану үшін адам мүшеқап қолданбай бір рет жыныстық қатынасқа түскені жеткілікті.
6. **Жоқ.** АҚТҚ ауа арқылы берілмейді.
7. **Жоқ.** АҚТҚ жәндік шаққанда жұқпайды.
8. **Жоқ.** АҚТҚ сүйіскенде жұқпайды.
9. **Иә.** АҚТҚ –ның берілу жолдары жақсы зерттелген, басқа ешқандай жолдары анықталмаған.
10. **Жоқ.** АҚТҚ - ЖҚТБ –ны туындататын қоздырғыш. ЖҚТБ – адамның қорғаныш жүйесінің зақымдануы нәтижесінде көрінетін белгілер жиынтығы.
11. **Иә.** Сапалы мүшеқаптарды үнемі және дұрыс пайдалану АҚТҚ жұқтыру қаупін барынша төмендетеді.
12. **Иә.** Адам АҚТҚ-мен жұқтырған уақыттан ЖҚТБ-ның даму кезеңіне дейін 10-жылдан аса уақыт өтуі мүмкін. АҚТҚ жұқтырған адам ұзақ уақыт өзін дені сау сияқты сезінетіндіктен және солай көрінетіндіктен, АҚТҚ-ға тексерілуден өтпейді. Нақты осы жағдай АҚТҚ-ның таралуының алдын алуда кедергілердің бірі болып табылады.
13. **Иә.** АҚТҚ жұқпасының белгілері ұзақ уақыт көрінбейтін болғандықтан, адам өзі білмей АҚТҚ-ны басқа адамдарға жұқтыруы мүмкін.





## 2 ҚОСЫМША

# „ИНТЕРНАТ ҰЙЫМДАРЫНДА АҚТҚ-НЫҢ АЛДЫН АЛУДЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ“ БӨЛІМІНЕ.

### «АҚТҚ-ның берілу жолдары» жаттығуы

Жүргізуші: Қазір еститін оқиғаның кейіпкері сіздердің жасыңыздағы қызығушылықтары бар, сіздер сияқты жас адам. Оған біздің барлығымызға сияқты, әр күн шешім таңдауы қажет. Дегенмен шындығында белгілі бір жағдайда өзін қалай ұстауды білмегендіктен немесе қажетті дағдысы болмағандықтан дұрыс шешім қабылдау жиі қиынға соғады. Зейін қойып, мұқият тыңдаңыздар. Егер сіздердің ойыңызша, осы өмірлік жағдайда басты кейіпкерге АҚТҚ-мен жұқпалану қаупі туындаса, сіз алақаныңызды шапалақтау арқылы белгі бересіз.

Жүргізуші «Петя Петровтың өмірінің бір күні» деген әңгімені оқиды. Балаларға қауіпті жағдайларды (АҚТҚ-ның алдын алу мәнмәтінінде) атау ұсынылады. Қауіпті жағдайларды жүргізуші тақтаға жазады. Олармен топ келесі ойын барысында, тақтадағы жазуларды талқылағанда жұмыс істейтін болады. Оның үстіне кейін жазылған сөздерді қатысушылардың өздері түзетеді.

Жүргізуші АҚТҚ жұқпасының берілу жолдары туралы ақпарат береді. Қатысушылар «АҚТҚ-ның берілу жолдары» тақырыбында үлестірмелі құралдар алады. Ақпаратты беріп болған соң жүргізуші Петя Петров туралы оқиғаға оралады. Қатысушылармен бірге таңдалған жағдайды талқылайды.

### Петя Петровтың өмірінің бір күні

Петя Петров училищеде оқиды және жатақханада екі жас жігітпен бір бөлмеде тұрады. Таңертең Петя душ қабылдайды, қырынады. Уақыт жетпейтіндіктен, Петя үнемі май жаққан нанды асығыс жүре жейді. Петр жануарларды жақсы көреді және қаңғырған иттермен көп уақыт өткізеді. Жақында Петяның танысы

үй жағдайында оған және оның бірнеше достарына денесіне әшекей суреттер (татуировка) салып берді. Петя өз құрдастарымен бассейнге барады. Өз достарымен қол алысып амандасады (оның достары да солай). Петр техникумға қоғамдық көлікпен барады. Петрге қатар топтағы Маша көптен ұнайды. Маша ер балалармен кездеседі және жеңіл жүрісті қыз екені жұртқа белгілі. Петя оған ең алдымен өзі жақындауға шешім қабылдап, қызды киноға шақырды. Машаның көршілері үйлеріне кеткен, Маша Петрді «көңіл көтеруге», бір жағынан кино көруге өз бөлмесіне шақырды. Оңашада ол Петрге жыныстық қатынаста болуды ұсынады. Қобалжығаннан және асыққаннан Петя уақытында мүшеқап (презерватив) киіп үлгермейді. Маша мен Петяның кездескені туралы Машаның «достары» біледі. Олар жігітті жатақхана маңында қарауылдап жүріп, қатты соққыға жығады. Петр ауруханаға түскенде, оған тез арада қан құю қажет болды.

### «Мен кімін?» жаттығуы

**Мақсаты:** өз тұлғасының қырларын талдауға жағдай жасау.

Әрбір қатысушыға қағаз беріледі. Жүргізуші олардан: «Мен кімін?» деген сұраққа 10 түрлі жауап беруді өтінеді. Ойына келген жауаптарды дәл сол қалпында тез жазып беруді сұрайды.

Балалар көп жағдайда мұндай сұрақты өздеріне бірінші рет қойып тұрғандықтан, оның мәнін түсінбейді, сондықтан жүргізуші «Мен» деген ұғымға не кіретінін, өзі үлгі көрсете отырып, мұқият түсіндіреді. Сондықтан сабақ басталғанға дейін осы сұраққа өзі жауап беруге тырысу керек. Мысалы:

Мен – қайырымдымын, спортты жақсы көремін, көңілді жүремін,





жалқаумын, көріктімін, алаңғасармын, жақсы доспын және т.с.с.

### «10 өсиет» жаттығуы

**Мақсаты:** тәрбиеленушілердің құндылықтарды ретімен түзуді меңгеруіне көмектесу.

Қатысушыларға – әр адам сақтауға міндетті жалпыадамзаттық 10 өсиетті ойлап табу ұсынылады. Жүргізуші осы кезде әр айтылған ұсынысты жазып отырады. 10 өсиет жиналған соң, оларды ретімен түзуге тапсырма беріледі: алдымен онның ішінен ең маңызы аздауын, одан соң тоғызының ішінен таңдау т.с.с. қажет болады. Барлық өсиеттерді жүргізуші тақтада немесе флипчартта жазып отырады.

Бұл жаттығуды топты бірнеше командаға бөліп, жалпы өсиеттерден ең құнды оның көрсетіп жүргізуге де болады.

Балалардың назарын аталған өсиеттердің барлығын сақтау мүмкіндігі олардың әр қайсысына байланысты екендігіне аударады.

Оқытушы үшін келесі диагностикалық сауалнаманы жүргізген пайдалы: «нөмірлерді (1-ден 10 дейін) өз құндылықтардың тұсына өміріңдегі маңыздылығына қарай белгіле»:

- Отан
- Оқу
- Отбасы
- Бос уақыт
- Денсаулық
- Достар
- Білім
- Мамандық
- Тұрғын үй
- Басқа болса, атап жазыңыз \_\_\_\_\_

### Есірткіге «жабысып қалу».

**Мақсаты:** есірткіге тәуелділіктің не екенін балалардың түсінуіне көмектесу.

Балаларға қағаз бен желім алу ұсынылады. Қағаз екі бүктеліп, ішінен жапсырылады. Барлығы шеңберге отырып, өз қағаздарын жапсы-

рады. Жүргізуші психикалық активті заттарды қолданушы адам «жапсырылады», басқаларға «жабысады», осы жағдай неғұрлым ұзақ болған сайын (қағаз көбірек жабысқан сайын), адамның одан «құтылуы» соғұрлым қиын болатынына назар аудартады. Қағазды жырту немесе желімдеу қиынға соғады. Қандай жағдайда да қағазда өшпейтін із қалады. Дәл осындай жағдай адамда да болады: есірткіге тәуелділік оған өшпес із қалдырады.

### «Әр түрлі отбасылары» жаттығуы

**Мақсаты:** әрбір жасөспірімге отбасы әр түрлі болуы мүмкін екені туралы ойлануға мүмкіндік беру.

Қатысушылар 3-4 адамнан бірнеше командаларға бөлінеді. Балалар газет, журналдардан адамдар бейнеленген көп суреттерді қиып алады. Осы суреттерді пайдаланып, олар әр түрлі отбасыларының топтамасын жасауы қажет. Содан кейін әр топ өз жұмысының тұсаукесерін жасайды. Талқылау кезінде келесі сұрақтарды қоюға болады:

- Осы суреттерде сен тұрғын келетін отбасы бейнеленген бе?
- Бұл суреттерде көрсетілмеген отбасы түрлері бар ма?
- Сен өзіңді осы отбасылардың қайсысына «кіргізгің» келмейді?

Жүргізуші қорытындысын шығара отырып, флипчартты екіге бөліп, балалардың отбасы туралы ойларын жазады. Бір жағына отбасын біріктіруге көмектесетін жағдайлар, екінші жағына оған не кедергі болатынын, оны бұзатын жағдайларды жазады:

1. Сіздер қалай ойлайсыздар, болашақта отбасының жағдайы сіздерге қатысты болуы мүмкін бе?

2. Сіздер қазір де, болашақта да өз отбасыларың үшін не істеулерің керек және не істей аласыңдар?



## ЖҚТБ ТУРАЛЫ „Ю ҚАҒИДА“

1. ЖҚТБ бүкіл әлемге таралған жаңа індет
2. АҚТҚ қоздырғышының таралу тәсілі бәріне белгілі
3. АҚТҚ қоздырғышының таралу тәсілін білу–алдын алу тәсілін білу
4. АҚТҚ-ның жыныстық қатынаспен таралуының алдын алуға болады
5. Аталған індеттің қан арқылы жұғуының алдын алатын сенімді әр түрлі тәсілдер бар.
6. АҚТҚ қоздырғышының қалай таралмайтындығын білу өте маңызды
7. АҚТҚ-мен өмір сүруші адамдармен қатынас жасаудан қауіптенбеу керек. Олар көмек пен қолдауға зәру.
8. АҚТҚ-ға қарсы екпелердің және тиісті дәрілердің жоқтығынан, оның алдын алуда білімдік бағдарламалар маңызды роль атқарады.
9. Бүгінгі таңда ЖҚТБ-мен күреске бүкіл дүние жүзінің мемлекеттері қосылуда.
10. Біз бәріміз жұмылып, ЖҚТБ-ның таралуын тоқтата аламыз.

### МҰНЫ ӘРБІР АТА-АНА БІЛУІ ҚАЖЕТ





## АҚТҚ-НЫҢ АЛДЫН АЛУ БОҰЫНША АТА-АНАЛАРҒА АРНАЛҒАН ЖАДЫНАМА

Өз отбасыңыз үшін АҚТҚ мен ЖҚТБ індеттері, есірткінің зияндығы туралы ақпарат жинаңыз

Барлық материалдар мен кітаптар бала қолы жететіндей оңай жерде тұруы қажет

Балаңыздың жыныстық жетілу кезеңіндегі психологиялық өзгерістеріне сақ болыңыз және оған уақытында кеңес беріп, қолдау көрсетіңіз

Егер сіздің үйіңізде эротикалық бейнефильмдердің таспалары пайда болса, одан тез арада құтылуды қарастырыңыз.

Егер сіздің балаңыз жасырын бейне таспаларды көріп жүргенін байқасаңыз, оны назардан тыс қалдырмаңыз

Егер сіз балаңыздың есірткіге, жыныстық қатынасқа шектен тыс қызығушылығын байқасаңыз, оны тереңірек зерттеп, мамандармен кеңескеніңіз жөн.

Балаңызбен әңгімелескен кезде ашуға берілмей, ұстамды болғаныңыз жөн. Жанашырлықпен сөйлегеніңіз жөн. Оның мінез-құлқын талқылай келе нақтылы дәлелдерге сүйену қажет.

Әңгіме біржақты ақыл айтумен ғана шектелмей, керісінше ашық пікір алмасу тұрғысында болуы қажет. Балаңыз орындай алатын талаптар қойыңыз.

Егер сіздің балаңыздың тарапынан қойылған талаптың орындалуы бойынша ешқандай нәтиже болмаса, мамандарға барып, тиісті көмек алғаныңыз дұрыс

Сіз және сіздің балаңыз қоғамның бөлінбейтін бөлшегісіз, сондықтан да қоғамдағы қиыншылықтар әр адамның басында болатынын еске сақтаған жөн.

# Мектеп жағдайында АҚТҚ-ның алдын алу

Оқытушыларға арналған құрал

ЖШС "Гридан-Полиграф" баспаханасында басылған  
050000, Алматы қаласы, Райымбек даңғылы, 193-үй,  
тел./факс: +7 (727) 233 33 99, тел.: +7 (727) 233 33 76

Тапсырыс № 169. Таралымы 200 дана.